

**АҚЫШ МАҚСҰТХАН ТИРМИЗИҰЛЫ**  
**АҚҚУ-ҚАЗДАР ҚАЙТҚАНДА**



**Аққу қаздардың қайтқаны,  
Керемет сұлулықтың кеткені,  
Аққу – қаздардың айтқаны,  
Кісіге өлім өксігінің жеткені**

**Қарағанды  
2020**



### **Мақсұтхан Тирмизиұлы АҚЫШТЕГІ**

Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданындағы Семізбұғы кентінде 1948 жылдың 19 ақпанында жарық дүние есігін ашқан. Осы жердің мектебін 1967 жылы тәмәмдап, сол жылы Қарағанды педагогикалық институтына түсіп, аталмыш оқу орнын 1971 жылы бітіріп шыққан. Керней ауылындағы мектептерде 50 жыл шамасында ұстаздық қызыметте. Өлекетанушы-қаламгер. Діни-ислами ілім-білімге ден қойған. Мәскеу, Астана, Алматы, Түркістан қалаларынан білім-іліми тәжірибе алмасып қайтқан. Көне жәдігерлерді зердесіне тоқып, оларды зерттеп білуге құштар. Жер аралау, тауға шығу, төл тарихты түгендеу оның сүйікті іс-әрекеті. Жергілікті «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы, аудандық Бұқар жырауға арналған «Заман-ай» этно-фальклорлық, поэтика-саздық ансамблінің көркемдік жетекшісі болған. Музей құндылықтарын құру мәселесінде қыруар күш-жігерін, ғылым-білімін жұмсаған Бүкіл Одақтық Педагогикалық Ғылым Академиясының өткізген «Физика сабақтары – 88» ғылыми – әдістемелік Фестивалына қатынасқан. Республикалық «Мастер – класс» журналының 2009 жылғы №8(44), №9(45), 2011 жылғы №1(61), №2(62), №4(64)... сандарында және басқа да түрлі деңгейдегі басылымдарда статьялары жарық көрген.

«Бейіндік оқыту-әдістемелік, психолого-педагогикалық проблеманың бірі» (облыстық ғылыми-практикалық конференция, Қарағанды 2006), «12 жылдық білім беру жүйесінің құрылымдық және мазмұндық ерекшеліктерінің жүзеге асырылуы» (облыстық ғылыми-практикалық конференция, Қарағанды 2007), «Аймақтық білім беру сапасын арттырудың қазіргі білім беру технологиялары» (республикалық ғылыми-практикалық конференция, Қарағанды 2008) кітаптарында ұстаз еңбектері жарық көрген. «Физика в школе» (6. 87), «Воспитание школьников» (3. 89) атты Одақтық журналдарда, «Учитель Казахстана», «Орталық Қазақстан», «Сарыарқа» газеттеріне статьялары шыққан.

Сабақ үрдісінде заманауи технологиялық-техникалық құралдарды, көрнекілік материалдарды қолдану, зертханалық жұмыстарды жүргізудегі тәжірибесі, шеберлік-шыңдалу сабақтары аудан, облыс, республика физика мұғалімдерінің семинарларында, конференцияларында, педагогикалық оқуларында таратылған. Ұстаздың оқушылары физика пәнінен аудандық, облыстық олимпиаданың жүлдегерлері. Көптеген шәкірттері физика пәні мұғалімі мамандығын сәтті игерген.

«Жырлап өтем өлкемді өзім туған» атты халық ақыны Ахметбек Байсалбайұлы атында өткен жыр мүшәйраның Доскей Әлімбайұлы атындағы жүлде иегері (17.05.2007). Журналист, сатирик ақын Матай Айнабеков атындағы қаламгерлер байқауына қатысып (19.11.2010), поэзия жанырындағы ерекше қабілеті мен ой мазмұндылығы үшін I орын алған. «Алтын қалам – 2016» Республикалық әдеби байқауына қатысып, поэзия жанры бойынша III-і нәтижеге қол жеткізген. «Құс жолы», «Бақыт құсы», «Кернейдің әулие бұлағы», «Аққу қаздар қайтқанда», «Аққу әкеркем – аққу әуенім», «Ақындар – ақ періштелер аспандағы», «Аймағанбет қажы және оның заманы» т.б. шығармалардың авторы.

Көркем өлеңнің тууы да жаратылыс құбылыстарына тән. Сондай бір ғажап миятты мезет, шабыттың шалқары шалқыған таңғы шақта, ғайыптан түйсік түрткен сәулелі сезімдердің әдемі кескін түзіп, ой-кербезге айналуы – ақын шеберлігінің айғағы. Ә дегеннен-ақ әрбір өлеңі көңілдің күйінде қабылданғанмен арғы түпкірінде ықылымдық сырлармен, тылсым дүниемен астарласып жататынын аңғарасың. Таразының бір басына нәзік лирика, екіншісіне өмірдің дүрмегі мен пәлсапалық қисыны тең тартылғандай, жүрек тебіренісіне әсемдік әлемін әкеледі.

Қорта айтқанда, автордың кітаптары ел, жер, тарлан тарих, айтулы адамдар мәселелерін қамтиды. Елін, жерін сүйеге, патриот болуға, салауатты өмір сүруге, қазақы асқақ болмысқа, биік адамгершілік қасиеттерге оқырмандарын тәлімдейді, тәрбиелейді. Сондай-ақ, шығармалары таудай талапқа жүгініп, бармақтай баққа ұмтылуға, асыл арманға жету жолдарын келешек ұрпаққа аманаттайды.

Жылдарға созылған педагогтық, шығармашылық, қажырлы еңбегі ескеріліп, Білім және Ғылым министрілігінің, облыстық білім беру департаментінің, аудандық-ауылдық оқу бөлімдерінің мақтау қағаздарымен марапатталған. Солардың біреуін ғана мысал ретінде келтіріп кетейін: ««Почетная грамота» – Оргкомитет XXV областных педагогических чтений награждает Акишева М.Т. за педагогическое творчество и новаторские подходы к организации учебно – воспитательного процесса. В. Каменский. Караганда 1991.» «Аудан ардақтылары» (2008 жыл), «Қарағанды облысының ұлағатты ұстаздары» кітаптарында М.Т.Ақыштегінің есімі ұлықталған (2017 жыл). «Бұқардан бүгінге дейін» атты антологиялық жинақтан М.Т.Ақыштегінің өлеңдер топтамасы өз орнын тапқан (2018 жыл).

Қазақстан журналистер Одағының, республикалық Педагогикалық қоғамның, Қарағанды облысының оқу бөлімінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. «Аға мұғалім» атағының иегері (1989 ж.)

Кітап мынандай үш тараудан тұрады: ислам; тер төккен, от кешкен қан майдан; қазақ елім-ай, қайран жерім-ай. Бұл үш тарау өзара тығыз байланыста өрілген, сонымен қатар, бұл шығарма автордың бұрындары жарық көрген «Құс жолы», «Бақыт құсы», «Аққу арман» кітаптарының заңды жалғасы, яғни, аталмыш еңбектер бірін-бірі толықтыра дамытады.

Кітаптағы басты мәселе – адами құндылықтар төңірегінде өрбиді: туған жерді қадірлеу, өскен ортаны құрметтеу, исламдық қағидаларды қастерлеу.

Қолыңызға алған «Аққу-қаздар қайтқанда» атты кітап жан жылуын, тән тазалығын, рух рауанын сақтауға сіздерді үндейді, адамдықтың асқақты экологиясын, табиғаттың таңғажайып экологиясын көздің қарашығындай сақтауға үлкен-кішіні шақырады.

## Кіріспе

Ақыш Мақсұтхан Термизиұлының «Аққу-қаздар қайтқанда» атты бесінші кітабында оның өмір турасындағы, туған жер мен келер ұрпақ туралы әңгіме, дастан, өлеңдері енген. Қарапайым мектеп мұғалімі өзінің жүрек тебіренісін тебіреністі әңгімелерімен, жүрекжарды жыр-шумақтарымен өрнектеп, жан иелерін шыншыл да әділ болуына, мұсылмандық қағидаларды жатсынбай, ұлттық болмыс-бітімімізді қаперлерінде ұстап, ислами ақ жолдан ауытқымауды үндейді. Айтар ойлары көңілге қонымды, тілі шұрайлы, зерде-санаға сіңімді. Қиналған кездегі жан күйзелісі, жүрек сыздап, бауыр езіліп, бас зіл тартып жатқан уақытта да уайымға салынбай, өзін-өзі сергек ұстап, ой тұлпарын аласұртып, жоғары адами көзқарасынан жаңылмай, жанына серік еткен жыр дестесін қымыздай сапырып, ішкі толғанысы мен көңіл толқынын өлеңмен өре білген.

Өлең-сөздері терең мәнді де терең мағыналы, оқырман қауымға сан-салалы ой тастап, рухани нәр беріп, намысты оятып, ақ пен қараны ажыратып, қазақы ділден мақұрым қалмай, көзді бадырайта ашып қарап, оның мен солыңды дұрыс бағамдауға шақырады. Ұлтжандылық пен патриоттық сезімді оятып, өз ұлтының қадір-қасиетін ұғынып, ұлттық бояудан, үрдісіміз бен ата-бабадан ұрпаққа ғасырлар тізбегінен мирас болып келе жатқан ізгі қасиеттерімізді һәм қастерлеуге үлкен-кішіні шақырады.

Туған жер, Отан ана, сұлу табиғат туралы... жазған өлеңдері көкірекке ән әуенін ұялатқандай, қанды қайнатады, қазақы намысты шыңдай түскендей. Әсерлі де әсем, табиғаты сұлу, тарихтың тар жол тайғақ кешуін есінде сақтап жатқан тау шыңдары, көлеңкелі орманы мен жанға жылу беріп, көңілді сергітер сазды бояуға малынған, көз жауын алардай келбетті туып-өскен аймағын асқан шабыт, аса бір терең тебіреніспен толғайды.

«Өмір жоқ қой, өмір жоқ қой мәңгілік, өте шығар өзегінді талдырып», - деп ақын Сырбай Мәуленов жырлағандай, адам баласы мынау жарық дүниенің аз күндік қонағы екені шындық. Қамшының сабындай қысқа ғұмыр жөніндегі әңгіме-дастандары түсінікті де көркем суреттелген.

Осынау еңбекті жазу үшін жазушы Семізбұғы тауынан бастап Қу, Қарқаралы, Шет, Алатау, Қаратау, Қазығұрт, Балқантау, Баянтау, Қызылтау, Сарытау, Далба тауларын аралап, өр Алтайдан ару Атырауға дейін зерделеп, жолшыбай кезескен қариялармен сұқбаттасып, біледі-ау деген үлкен-кішіден тарихи мінге ие деректер жинастырған. Жер-су, ел-жұрт, ғылым-білім, өнер-өнеге, иман-парасат мәтінді кітаптар топтамаларын байыппен оқи отырып, өзі тұратын аймақты айырықша зерттеп, Керней төңірегіндегі ескілікті жер-су, елді-мекен атауларын көне және орта ғасыр тарихына үніле саралап жаңғыртқан.

Алдына қойған тілек-мақсатын жүзеге асыру үшін Мақсұтхан Термизиұлы Семізбұғыдан 100 жасаған Ақылбектің Қамидасы, сексенге аяқ басқан мына көнекөз ақсақалдарды сөзге тартқан, ақыл-кеңес алған: Семізбұғыдан - Таяқбай Шәкірұлы, Ақжардан - Ахмедия (Ақтай), Алғабастан - Екпінтай Әкішұлы, Сәби Бақшиұлы, Айтқожа Шәйкенұлы, Тәшімбек келіні, Кернейден - Жылгелді Жаманбайұлы, Нұрғайша Саманбек келіні, Бақи Жұмажанұлы, Ботақарадан - Серік Кәрібайұлы, Құрмет Бұқпанұлы, Қарағандыдан Бәтім Аймағанбет қажы келіні, Болат Кәкенұлы...

Жазушы шығармаларында қазақтың әсем табиғаты мен ел азаматтырын өзара тығыз байланыста қарастыра суреттей отырып, олардың ұлттық, бірегей болмыстарын баяндауға ынта-жігерін сарп еткен. Қазақы болмысты, қазақ елін бұлақтай мөлдір, қайындай сымбатты, аққудай пәк, бұлбұлдай үнді, жылқы мінезді, қазақтың қазақтың кең даладай дархан етіп көрсетуге барынша тырысқан.

Қорыта айтқанда, ақын жүректі азаматтың күндіз тыным таппай, түнгі ұйқысы шала болып, жан-тәнін салып жазған бұл кітабы өзіне ғана тән үнімен, өзіндік өрілімімен, жүректі сыздатып, көңілді толқытарлық әуезімен, жастарға тағылымдылығымен, тілінің қарапайымдылығымен құнды деп мен есептеймін.

# I

## ИСЛАМ

### Исламның бесінші парызы

**Ислам, яғни мұсылманшылық жария қағидат, ал иман – ділінде**

Хадистен

«Ислам» сөзі арабшада «бейбітшілік», «бағыну», «мойынұсыну» деген мағыналарды білдіреді.

Жаратушыны жалғыз, дара деп қабылдаумен Ислам монотеистік дін болып табылады. Негізгі ұстанатындары Құран кітап пен Мұхаммед пағамбардың өнеге етіп қалдырған іс-амалдары, сүннеті.

Мұсылман болған адамның бойында қырық парыз бар. Қырық парыздың бесеуі исламда, жетеуі иманда, он екісі намазда, үшеуі – ғұсылда, төртеуі – дәретте, төртеуі – тайамда, екеуі Әмір Мағруп пен Наһи Мүңкірде, екеуі – хайыз, бен ныфаста, біреуі – ғылым іздеуде. Исламның бес парызы: иман, намаз, ораза, зекет, **қажылық**.

Мұсылмандарда адам Құдайдың құлы, ең алғашқы пайғамбар Адам (а.с.), ал ең соңғы пайғамбар хазіреті Мұхаммед («*салаллаһу галейһи уа-с-салам*»-«*оган Алланың игілігі мен сәлемі жаусын*» деген сөз тіркестерін міндетті түрде қосып айтылатындықтан, бұдан былай біз бұл сөзді қысқаша түрде (с.ғ.с.) қолданамыз. Бұл-пайғамбарымызға деген құрмет пен сүйіспеншіліктің белгісі) болып есептелінеді. Екеуінің арасында жіберілген пайғамбарлардың баршасына иман етіледі.

Адам ата Хауа ана шайтанның азғыруымен өздеріне тыйым салынған жемісті жеуімен Жұмақтан жерге түскен. Алайда бұл христиандықтағыдай адам баласы о бастан күнәһар деген ұғымды білдірмейді. Исламда адамның ең үлкен жауы шайтан мен нәпсі болып табылады. Хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) бұрынғы пайғамбарлар сияқты белгілі бір қауымдарға ғана емес, күллі адамзатқа жіберілген Алла тағаланың елшісі ретінде ерекшеленеді.

Осыдан тура бір ғасыр бұрында қыпшақтың қайсар да палуан перзенті Қажымұқан Парижге барып, әлемді таңқалдыған еді. Қазақтың қандай намысты да рухты халық екендігін сол жолы қара күш иесі дүние жүзіне танытты. Одан кейін көптеген қазақ спортшылары жеңістің ең биік шыңды тұғырына көтеріліп, көк байрағымызды көкте желбіретті, әнұранымызды әуелете шырқатты. Қажымұқан тәрізді ақыл мен күш иесі, алып тұлғалы, асыл азамат, ардақты бауырымыз, Шаризат!

Шаризат Қазтаев Бұқар жырау ауданы, Төрткөл ауылының тумасы. Жасынан спортқа бейімділігін, білімге құштарлығын аңғарған әкесі оны Қарағандыдағы Әлия Молдағұлова атындағы спорт-интернатына оқуға берген. Бұл күндері Шаризат білім және спортпен қатар имандылық қағидаттарын сеніммен алып келе жатқан, еліне елеулі, халқына қалаулы, төрт құбыласы сай жігіт ағасы.

Қажылық-қасиетті жерді зиярат ету дегенді білдіреді. Мұсылмандар қажылық айлары деп аталатын арнайы уақытта Мекке қаласына сапар шегеді. Қажылық құлшылығын орындау барысында Арафат тауына шығу, Қағыбаны тауап ету секілді бірқатар діни амалдар орындалады. Қажылар «ихрам» деп аталатын арнайы киім киеді. Мұсылмандар шын ниетімен қажылық жасаған адам бүкіл күнәларынан арылады деп сенеді. Қажылыққа бару қаражатын көтеретін, бай-дәулетті адамдарға ғана міндеттеледі.

Қағба-Ислам дінінің қасиетті мекендерінің бірі. Дүние жүзіндегі барлық мешіттердің михрабтары осы жаққа бағытталған. Қағба-тас мәрмәрлардан жасалған 15 метрлік биіктіктегі куб пішіндес құрылым. Қағба тасы «кисуа» деп аталатын қара матамен қапталған. Кисуаның шеттеріне алтын жіптермен Құран сөздері жазылған. Қағбаның есігі қажылық кезінде ғана ашылады. Қағба-мұсылман әлемінің орталығы. Бұл михрабы жоқ жалғыз ғана мұсылман мешіті. Оның қабырғалары тек қана Құран сөздерімен әшекейленген.

Әйгілі қара тас Қағбаның оңтүстік шығыс бұрышында бір метірлік биіктікте орналасқан. «Қағбаның қара тасы» (мұсылмандар оны-«әл-хажарул-әсуәд» деп айтады.) Қағбаның шығыс бұрышында, күмістелген тағанмен орналасқан. Мәліметтер бойынша, алғашқы кезде тас ақ болған, тек уақыт өте келе күнәхарлардың қол тигізуінің нәтижесінде қарайып кеткен. Қажылықтың шарттары бойынша қажылық жасаушылар Қаратасты сүйгендері абзал. Ондай мүмкіндік болмаған жағдайда қол ұшын тигізумен шектеледі. Меккеге бару, Қағбағаны тауап ету әр мұсылманның аңсайтын арманы. Ақ жүректен ниеттене тілеген адамды «арман құсы» баратын жерлеріне жеткізеді. Шарифаттың даңғыл жолынан тайқымаған, кең пейілді, ақ ниетті, арман-тілектері орындалып жүрген тұлға - Шаризат Қазтаев.

Қоғамның түзелуі жеке адамдардың түзелуіне байланыстырған Ислам діні жеке адамның міндеттерін бекіткен. Ол «шарифат заңдары» деп аталған. Араб тілінде «шарифат тура жол» деген мағынаны білдіреді. Қазтаевтің Шаризат есімі ақ ниетпен арабтың «шарифат» сөзінен алынған. Адамның есімі белгілі бір дәрежеде оның тұлға ретінде қалыптасуына оң ықпалын тигізеді деп, ғылыми негізге сүйене отырып, топшылауға болатын тәрізді. Режим, қадағалау және күзет бөлімінің жедел уәкілінің ақ жарқын мінезі мені қайран қалдырды. Әдетте заң орындарында қызымет атқаратындар салмақты, каталдау болып келеді. Әйтеке, Қазбек, Төле билердің қара қылды қақ жарар әділдігін өмірлік басты ұстанымы тұтты. Шаризат білікті заңгер. Шаризат Германияға жалғыз барып, ардагерлер арасында әлем кубогын ұтып алуының өзі үлкен ерлік. Шеризат белгілі спортшы. Ертеде Қажымұқан батпаққа батқан тракторды сүйреп шығарып: «Мен әлі де бір трактордан әлді екенмін!» депті масаттана. Шаризаттың да жүзінен осындай риясыз күлкі мен ризалықтың белгісін байқап қалдым. Ол дәлелдеді. Бүкіл дүниежүзі алдында қайыспас қайсарлық көрсетіп, әлем чемпионы атанды. Шаризаттың Еуропаны елеңдеткен Қажымұқан атасымен тағы да бір ортақ ұқсастығы бар. Құбылаға бет бұрып, маңдайы сәждеге тигеннен кейін Меккеге барып қайтқан. Қажы. Шаризат қажы атанды. Шаризаттың иманы кәміл.

Еңбек майданында алғы шепте болу, үлкен спортты жансерік ету, шарифаттың тура жолынан ауытқымау қазақы болмыстың үш дінгегі деп дәріптеймін. Дәріптей отырып, осындай үш жолағы жарасқан, өмір-өрістің, өмір-ағынның даңғыл жолына түсуге жас-жарандарды шақырамын. Адал еңбекгіңмен наныңды табасың. Наның болса өлмейсің. Сүйікті спортыңмен денсаулығыңды сақтайсың. Денсаулығың болса мықтысың. Иmandылығыңмен адами асыл қаситтердің шыңына өрмелеуден еш уақытта да жалықпайсың, қазақы болмысың зорайған сайын, күш-қуат сені өзі іздеп табады. Исламға айрандай ұйысаң, ұлықсың. Өлмегенің, мықтылығың және ұлықтығың тұлымды тұлға болғандығың, ақылды адам болғандығың. Ілімсіздік, әлсіздік және дінсіздік судан қаталап, кепкенің. Адами қасттерді іштен тепкенің, жанбай жатып сөгенің, адам болмай жапан-жүзде қараусыз,

қалтырап жалғыз қалғаның. Кәусар бұлақтың байсалды ағысыменен, қиналмай, аққу-қазша қалықтайық, патша көңілді, жайдары мінезді оқырман қауым. Сөздерімді ұғыңыз, жамандықты өз күшіңізбен жығыңыз!

## **Жігіттің төресі – Ермек Хасенұлы!**

Алды-артына қарамай, зымыраған уақыт-ай, қайда асығып барасың? Таң атса, көзді ашып-жұмғанша күн батады. Кешегі балауса жастық шақ сен қайда қалып қойдың? Ата-бабаларым, туған-туыстарым, жора-жолдастарым, кешегі өзімнің ұстаздарым қара жер қойнында. Қара жер қойның тойсаңшы. Бабалар өлмесе, олар қайда? Күннен-күнге замандастарымның қатары сиреп барады. Қырық екі жыл еңбек өтілімімде үзеңгілес болған азаматтардың көбі арамыздан шетінеп кетті. Олар: Матвиенко П.С., Саметов М.М., Рахимов Е.Х. т.б. Дүние шіркін осы, бүгін барсың, ертең жоқсың. Осы жалған дүниеге кім келіп, кіп кетпеді дейсіз? Бұл ұзын тізімде бәрі де бар – қарапайым адам да, ғұлама данышпан да. Менің әңгімелейін деп отырғаным «Керней» мектебінің бұрығы ұстазы Рахимов Ермек Хасенұлы. Ермек Қаракесек руы ішінде Майлық тармағына жатады.

Алланың жазуымен бала болып ата-анадан тудық. Бесікте жаттық. Құйрық бастық. Тыпырлай еңбектедік. Қаз тұрдық. Тәй-тәйлап жүрдік. Ойынға тоймадық. Таяқты ат қылып мініп, олай-бұлай жүгірдік. Жеті жасқа жеткенше бір құлап, бір сүрініп, қара жерден талай мәрте таяқты да жедік. Былдырлап-шүлдірлеп, жанымызға ең жақын, сондай тәтті сөзді бірінші рет айттық. Ана! Дана! Жұмыр жер бетінде анадан асқан дана барма? Айтыңызшы! Әрине жоқ! Қара торғайдың балапаны тәрізді, жанұядан қалықтай ұшып, қанатымызды қатайттық. Орындалмас қиялдарға, жеткізбес армандарға тырбана талпындық, жігерлене ұмтылдық, өмірдің базарлы қызығына тоймадық. Осылайша, қылыққа толы балалық бал-дәурен шақты басымыздан өткердік. Кейін еңкейіп қалатынымызды ескемедік. Қара жер қойны тойымсыз екендігін сезбедік. Түн ұйқысында дөңбекши мазасызданып, ертегі іспетті, өзге әлемге түскендей боп, шымшытырық түстерді көрдік. Түсімізде де отырдық та, жүрдік те, жүгірдік те, шексіз кеңістікте ұштық та, бір тұста омақаса құладық та. Бір уақ түнгі елестерден арылып, өз-өзімізге де келдік, дегенмен де, сол түстердің көбі өңімізде жалғасын тауып, көбіне өзара сабақтастыққа да ие болды. Тандана төңірекке шола-барлай қарадық та, тағыдыр тәлкегіне түсіп, өзіміздің сара жолымызда жорға жылқымен желе жорттық та, тарпаң тұлпармен тұра шаптық та, қанатты пырақпен биіктен биікке самғадық та. Жер көрдік. Елмен етене араластық. Ер жеттік. Ата-ана тәрбиесін ата-әже тәлімімен, бабалардың тағылымымен, әулиелердің әпсаналарымен, ислам діні ілімімен жүйелі түрде жалғастыруға күш-жігерімізді жұмсап, өзіміздің шама-шарқымыз жеткенше талпына тырысып бақтық. Ойландық, толғандық. Ойға ой, толғанысқа шабыт қостық, тең-құрбыларымыздан білімімізбен оздай кейіпке келдік. Ой тоқтаттық, есейдік. Адам баласының арманы таусылар ма? Тілектен мақсатқа қарай жылжып алпыс бес жасқа қалай келіп қалғанымызды өзіміз де бйқамай қалыппыз-ау. Айтар әңгімеме иланасыз ба, жоқ па? Оны өзереңіз білесіздер, бірақ мен жалған айта алмаймын. Не айтсам да имандай шындықты сөйлеймін, шынайы тарихты толғаймын. Нені толғасам да ақиқатқа тоқталамын, бұл дегенім, құлағыммен естігенім, көзіммен көргенім, ғылыми-танымдық әдебиеттерден деректенгенім, дуалы ауыз ақсақалдардың тағылымға толы әңгіме-дастандарынан нәрленгенім, сонан соң ел-жұртқа қажетті



дүниелерді сүзгіден өткізе екшелеп, ислами ілімге иман келтіріп, өмір өзен өрнегінен ой-санама дестелей қондырып, танымдық тұңғиығыма түйдектей тығыздап, ізгіліктің асылын, қазақы салт-сананың інжу-маржанын зерде сандығыма ұялата қондырғаным. Осылайша суреттеуге лайық, менің замандас әріптесім болған, адал дос, халқына қадірлі, елі үшін еміренген, марғасқа жігіт ағасы Ермек Хасенұлы Рахимов еді.

Ермек Хасенұлы білімдар, ізденімпаз тарихшы, орысша-қазақшасы тең дәрежеде, сезімталдығы ерекеше жан болатұғын. Жазу-сызу коллеграфиясы және сурет салу мүмкіндігі таңқаларлықтай, қыздың баласындай таң-тамаша, бірде-бір грамматика-орфаграфиялық қате, артық сызық таба алмайтындай, сұрыптаудан өткендей, әріп тізбектері көктегі тәртіппен ұшқан аққу-қаздардай әсем көріністе, тайға таңба басқандай түзілетігүн. Сурет салуын былай қойғанда, кей сәттерінде қоңыр даусымен халық әндерін шырқап, домбырасымен күй төгілтіп те қоятын.

Ерекең Кеңестік заманда білімді орыс тілінде алды, соған қарамастан ана тіліне мығым, қазақы болмысы айырықша әспетті, ұлттық үрдіс-қарымы үстем жан-тын. Сөзі мен ісінде алшақтық және қарама-қайшылық байқалмайтын, айтты бітті, аузынан шыққаны қайткенде де іске асатын. Мұндай адамда бастыққа немесе бір ықпалды адамға деген жағымпаздану бола ма? Әрине, жоқ! Ауыл-аймақ, жер-су атауларын тарихи қалпына келтіруде Ерекең айтарлықтай еңбек сіңіріп, табандылық көрсетті. Керней аулының тарихи «Керней» аталуын қайыруға күш-жігерін жұмсап, ғылыми тұрғыда зерттеп, дәйекті деректермен, тұшымды ой-пікірлермен дәлелдеп бақты. Керней қорымының орны мен оның су ішкен бұлағын көне көз қариялардың көмегімен анықтады. Жағымпаздар мен орыс текті ұлтшылдарға дес бермеді, қасқая тұрып қара ниеттілеге қарсылық көрсетті. 2012 жылы сол байырғы қыстақ орны мен бұлақ басына Кернейдің ұрпақтары құлыптас қойды.

Денсаулығының мүшкілдігіне қарамай, «Керней» мектебінде қазақ сыныбын ашуға да менімен бірлесе жүріп білімі мен біліктілігін сарп етіп, қазақ тілінің болашағына, қазақ елінің болашағына алаңдады, қазақы тіл мен діл мүшкілдігін бүтін болмысымен сезініп, жаралы жүрегі қанжылды. Бұл күндері «Керней» орта мектебінде он бір қазақ тілді, он бір орыс тілді сыныптарда балалар білім алуда.

Ерекең мектеп директоры, мен оның оқу-тәрбие ісі жөнінен орынбасары болып тұрған кез. Мені ол кабинетіне шақыртты. Кабинетке кіре байқағаным: Ерекеңнің түсі солғын, көңілі түсіңкі екен. Орындықты нұсқап, зілді дауыспен: «Отыр!»,- деді.

-Менің мына жалған дүниедегі күндерім санаулы ғана. Сен басқарып мені ақтық сапарыма мұсылмандық жол-жоралғымен шығарып саласың. Мен шеше алмаған мәселелерді сен шешесің, мен тындыра алмаған шаруаларды сен аяқтайсың, мен жетпеген амағандарға сен жетесің. Менің аққу-қаз армандарым келмес жағаға жылжыды. Алланың жазуына шара бар ма? Әрине жоқ! Артымда жұбайым, бала – шағам, туған-туыстарым, шәкірттерім, достарым, ел-жұртым қалып барады. Жан дегенде жалғыз ұлым, Арманым артымда қалып барады. Бұған да Жаппар Аллаға шүкіршілік деймін.

-Ереке, мұның қалай!? Не болды? Бұлай деуге болмайды ғой. Жаратқаным бір өзі сақтасын.

-Айттым. Бітті...

Айтқандарыма бір Хаш Тағала куә. Бір жетіден сәл асқан соң, Ермек үйі мен мектептің қақ орта тұсындағы соқпақ жолда дүниеден өтіп кетіп кете барды. Маған айтқандары айна-қатесіз, дәлме-дәл келді.

Болашағынан зор үміт күттірген көрнекті азаматтан, ұлағатты ұстаздан ел-жұрт қапияда айырылып қалды. Ерекеңнің артында жұбайы Рымтай мен бес баласы зар илеп қала берді. Шерлі жанұя ауыртпалығы да, ауыр қайғы-қасіреттің уыты да, Рымтайдың қыл мойнына жүк түсті.

Ерекеңнің жақсы қасиеттері балаларына, оның ішінде Арманға дарыды. Балалары ер жетті. Білгір маманыдық иесілері атанды. Тәрбие көрген тұлғаларға айналды.

«Екі аяқтыда бажа тату, төрт аяқтыда бота тату» дейді қазақта. Қалай дәл айтылған? Бұрындары Харьков Университетін жақсы тәмәмдаған, кезінде экономист қызыметін аброймен атқарған, осы уақытта еңбегінің зейнетін көріп отырған, Ермектің сүйкімді бажасы, Серікбай Бекқожановтың мынандай өлең шумақтары ақ қағазға дестеленіп қалған (2007):

*Өзіңмен бірге өткізген өмір елес,  
Сағынсақ та ол еш қайтып келмес.  
Жабырқаумен бәріміз еске аламыз,  
Өтіпті екен жселдей жылдар он бес.*

*Айтсақ та өткініші зой дүние жалған,  
Сен тірісің тұрғанда ұлың Арман.  
Аруағың риза болсын жеткіземін,  
Жалғасын өміріңнің артта қалған.*

*Сыйлы едің ортамызда, қадірлі едің,  
Әсем ән, тәтті күймен тербеп едің.  
Өміріңнің жазында ойда жоқта,  
Өкінішпен дүниеден ерте кеттің.*

*Сол қалпы бірге жүрген есімде әлі,  
Жиналып жолдас-жора танымалы.  
Марқаны өрістегі сойып тастап,  
Дем алатын жеріміз «Керней» көлі.*

*Он бес жыл өтті, сенсіз көңіл алаң,  
Кімге айтамын сырымды, кімге барам?  
Құдай қосқан бажа едің ерте солдың,  
Сақталады жүректе жарқын бейнең.*

Тобықтай түйін: Рахимов Ермек Хасенұлы жігіттің төресі еді. Жерін, елін сүйген, арманда кеткен азамат-тын. Өттең, қысқа ғұмыр-ай! Көрік десең көркі, өнер десең өнері, білім десең білімі, адамгершілік десе зор адамгершілігі бар болатын. Аққу-қаздары тым ерте қайтты-ау, шіркін дүние-ай! Мына жыр шумақтарды Ермек Хасенұлы Рахимовтың рухына тағызым ретінде жолдаймын:

*Сынбайтұғын шөлмек жоқ,  
Өлгеннің артынан өлмек жоқ.  
Жазымыштан озымыш жоқ,  
Қайғы мен қасірет кімде жоқ?*

*Қалайша мен тыныш жатамын?*

Қазалы үйге келіп, тіл қатамын.  
О дүниеделік досыма аза тұтып,  
Көңіл айтпасам күнаға батамын!

Айдын-шалқар көлім бар қоғалы,  
Жиналды аққу-қаздар қайтқалы.  
Айырылып қалдым зой әп-сәтте,  
Ағам еді-ау алтыннан да бағалы.

Аққу-қаздарың өткенде,  
Төбеден бұлт төнген де,  
Денең мұздап кеткенде,  
Ақ жұлдызым сөнген де.

Аққу-қаздар қайтқанда,  
Ақырғы сөзін айтқанда,  
Ішің өртеніп жанғанда,  
Пәктік болсын бойыңда.

Аққу-қаздар қайтқанда,  
Алысқа ұшып кеткенде,  
Иманың тұрсын ойыңда,  
Хаһтан хабар жеткенде.

Аққу-қаздар қайтқанда,  
Соңғы демің шыққанда,  
Көр қазады жұртыңда,  
Дүниең қалады артыңда.

Аққу-қаздар қайтқанда,  
Күнің арайлап атсын де,  
Моллаң құран оқығанда,  
Тән рахатқа батсын де.

Аққу-қаздарың қайтқанда,  
Жас мұз болып қатқанда,  
Жоқтау айтып жатқанда,  
Сауап болар жұбатқанда.

Аққу-қаздарың қайтқанда,  
Астыңнан тұғыр тайғанда,  
Жаңғыз қаласың қорғанда,  
Басыңа құлыптас қойғанда.

Аққу-қаздарың қайтқанда,  
Зиратқа бөгелемін аз гана.  
Жаратқанға жалбарынып,  
Дұғамды оқимын, толғана!

Аққу-қаздарым қайтқанда,  
Жетемін зой туған жеріме.  
Қимай дүниенің бар қызығын,  
Өсиет қалдырамын нар еліме!

## II

### Тер төккен, от кешкен қан майдан

*Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,  
Жетпесе біріңдікін бірің жеткіз!  
Күншілдіксіз тату бол шын көңілмен,  
Қиянатшыл болмақты естен шығар.*

Абай

**Өтіріктің балын жалап тірі жүргенше-шындықтың уын ішіп өлген артық.**

Бауыржан Момышұлы

**Ер-елінде, гүл-жерінде**

Ұлттық Ділдің асыл-маржандары әуенмен әрленеді, бимен бейнеленеді, көзбен көркемделеді, тілмен тектіленеді, өрелі өркенменен өркендейді, күреспен күшейеді, парасатпен пайымдалады, мәдениетпен мәнделеді, даналықпен дараланады, уақытпен уағыздалады, исламдықпен имандалады да ата-бабаларымыздың сандаған гасырлар илеуінде шыңдалған салт-дәстүрлерімізбен тереңінен тамырлана отырып, тәлім-тәрбие және білім-ғылым заңдылықтары негізінде екішеленіп, ақыл-ойдың сүзгісінен өтіп барып сұрыпталған соң ғана, нағыз қазақтықтың мызғымас тұғырына айналып, тәлімдік ілім, сонымен қатар, қызыл қанның түйірлері арқылы ұрпақтан ұрпаққа үздіксіз беріле беретін, бір нәзік гүл тәрізді, адами сипатқа ие, сегіз қырлы бір сырлы қасиет.

**Отанды жан-тәнімен сүюден ерлік туындайды, ал одан келіп жау жүрек батыр шығады!**

*Патриотизм-Отанға деген сүйіспеншілік, өзінің қажырлы еңбегін, ынта-жігерін және күш-қуатын туған жері мен елін көркейтуге жұмсау деген сөз. Патриоттық сезімнің нысаны Отан десек, оның негізі туған жер, ұлттық тіл, діл, дәстүр, олардың адамға жылылық беріп, ізгі ерлік істер қайнар көзіне айналуы патриотизмге тәрбиелеудің негізгі арқауы болып табылады.*

**Түрік баласы ата-бабасын танып білген сайын ұлы істер жасау жолында тек өз бойынан ғана күш-қуат табады**

Кемал Ататүрік

*Генетика-бүкіл тірі құрылымдарға тән тұқым қуалаушылық пен өзгергіштікті зерттейтін биология ғылымының бір саласы. Генетика ғылымы қарастыратын тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің заңдылықтары адамға да тән. Адамның генетикалық коды шешілген. Генетика-биологиялық белгілердің ұрпаққа берілу заңдылықтары туралы ғылым.*

Г.Мендель заңдары:

1. гаметалар тазалығын болжау заңы-ата-ене гендері ұрпаққа гаметалар арқылы араласпай, тап-таза күйінде өтеді;
2. бірінші ұрпақ буындарының біркелкілік заңы-бірінші ұрпақта, сонымен қатар, ұрпақтардың барлығындағы басым генотип, басылыңқы тек болады, яғни гетерозиготалы болып келеді;

3. ажырау заңы-будандардың екінші ұрпағында 3:1 қатынасында ажырау жүреді;
4. тәуелсіз тұқым қуалау заңы-сәйкес хромосомалардың әр алуан жұбында болатын гендер біріне-бірі тәуелсіз екінші ұрпақта 9:3:3:1 қатынаста ажырайды.

*Ген инженериясы-генетика мен молекулалық биологияның табыстары негізінде қалыптасқан биология ғылымының жаңа бір саласы. Мылалы, ДНК (деоксирибонуклеин қышқылы-төрт нуклеотид өзара байланысқан, қос тізбекте генетикалық ақпарат сақтаған, жоғары молекулалық полимер) молекуласының құрылымын өзгерту арқылы оның жаңа рекомбинациялық түрлерін алып, оларды өзге ағзаның геномына кіргізіп, рухани жоғарырақ деңгейлі қызымет атқаруына жағдай жасауға болады деп ойлаймын.*

*Т.Морган ережелері:*

1. тіркес тұқым қуалау заңы-бір хромосомадағы гендер, егер айқасу болмаса, тіркес немесе бірге тұқым қуалайды;
2. тұқым қуалаудың хромосомалық қағидасы.
3. *Қан плазмасы* мөлдір, түссіз сұйықтық. Қан плазмасының нәруыздары мынандай қызыметтерді атқарады: глобулиндер ағзаны бактериялардан қорғайды; альбуминдер плазмадағы су мөлшерін реттейді; фибриноген қан ұюында маңызды іс атқарады. *Қанымыз таза қызыл болып, еш кез қараймасын!*

**Өзіңнің тамырыңды біл, бұл туысқандарыңмен қарым-қатынас жасау үшін қажет**

**Хазіреті Мұхаммед Мұстафа**

**Қан құрамы:**

1. *Эритроцит*-қанға қызыл түс беретін гемоглобины бар ерекше нәруызды жасуша, ағзаларға оттегі пен көмірқышқыл газдарын тасымалдайды.

2. *Лейкоцит*-ядросы бар, белсенді қозғалатын ақ қан жасушасы. Лейкоцит ағзаны дерт тудыратын бактериялардан, бөгде денелерден қорғайды.

3. *Тромбоцит* (қан пластинкасы)-ең ұсақ, түссіз, ядросы жоқ қан жасушасы, ол қанды ұйытады.

Өзіңнің ата-тегіңді танып алмасаң, сен басқа жұрттың да кімі екенін еш уақытта біле алмайсың

**Қанатты қағида**

*Қозғалыстағы түйіршік қан жасушасы айналасында электромагниттік толқындар толқиды. Осынау электромагниттік толқындарда «ата тектік, рухани қасиеттер» өшпестей болып тұғырланған. Бұл асыл қасиеттер араға өлшемді уақыт салып, мысалы үшінші әліде жетінші немесе өзге атада 97% қайталаанады. Оң қасиеттерді дамыта-бекіте түсіп, теріс өлшемдерді өшіру жанұядағы ата-әже, әкесінің тәлімі және оқу орындарындағы ділнамалық тәрбие жүйесінің тағылымдық жемісі болмақ. Тектілік деген ұғым осыдан келіп туындайтын фәлсапалық категория. Текті-арғы тегі атақты, әлеуметтік-экономикалық-саяси болмысы ерекше қарымды тұлға. Тектілік-жеке тұлғаның тегіне тартып парасаттылықтың үлгісін көрсетуі. Текті тұлға өзінің тал бойында бұрынғы ата тегінің, ұлтының ұлық қасиеттерін сақтайды және де оны келер ұрпаққа қызыл қан түйіршіктері арқылы сәті түскенде бабадан балаға бағдарлайды. Жер бетін топан суы басқан дәуірге дейінгі*

ғаламшарымыздың атмосферасындағы озондық қабат деңгейі қазіргі уақытпен салыстырғанда жеті еседей артық болған. Сол кездердегі өсімдіктер мен жануарлардың да дене бітімдері бүгінгіден жеті есеге жуық ірірек еді. Ал ертедегі қазақтың һас батырларының археологиялық қазба қаңқаларын көз алдымызға келтіріп қарасақ, олардың дене бітімдері аса ірілігімен ерекшеленеді. Нағыз батырдың соңғы тұяқтарының бірі, күш атасы атанған Қажымұқан бабамыз. Бұл тектілік қасиеттің бір ғана көрінісі, ал осынау шығарманың ұзын ырғасында тектілік сипатты, портретті нұсқалары жеткілікті негізде мәтінделген. Тектілік асыл қасиеттерден айырылып қалмайық, арда қазақ! Жетелі болайық, қазақтың атақ-даңқы арта берсін!

Ұрпақтардың тарихын, яғни, қазақ шежіресін зерттеуден шығарған негізгі қортындым осындай.

## **Жерім-ай, елім-ай, ұрандатқан көк байрақты ерім-ай!**

### **Жер тарихы-сол жердегі халықтың төл тарихы**

Қазақ Сақтар мен Ғұндардың араласынан шыққан. Сақтар біздің заманымыздан бұрынғы VII-IV ғасырларда Орталық Азияны мекен еткен, аса күшті тайпалық одақтар құрған. Қазіргі қазақ рулары шыққан ұлы мемлекеттер жерге, билікке жеке хандардың, түрлі қолбасшылардың бүлігінен әлсіреп, сыртқы жаулардың жемтігіне айналған заманда, сол тайпалардың бірі Алтайдан шыққан көк түріктер бас көтеріп, бытыраған, шаруасы шайқалған, *бірліктен, ынтымақтан* айырылған ұлыстардың *басын қайрадан біріктірді*. «Қасог» деген атау VII ғасырдағы Византия жылнамаларынан кездеседі. Кезінде ұлы империя болған еуропалық бұл елдің Кавказдың, Қара теңіздің солтүстік жағалауынан Дунайға дейін көшіп жүрген, гректер-скиф, орыстар-половцы, кейбіреулері «печенеги», «хазары», «киргизы» деп атап кеткен біздің арғы бабаларымызбен саудасаттық қатынас жасағанын археологиялық қазбалар дәлелдейді. Қазақ халқы XV ғасырдың орта шенінде біртұтас мемлекет болып құрылды. Славяндар көп ғасырлар бойы «далалықтар», яғни «половцы» деп, өзгелер «кипчакские степи» атаған болса, сол замандарда басқа ру-тайпаларға қыпшақтардың үстемдік жүргізуінің айқын дәлелі. Орыстың көне заманнан қалған бірден-бір даңқты жазба туындысы «Слово о полку Игореве» дастанында Киев кнәзі «половцыларға» соқтығып, ақырында жеңіліп, тұтқынға түседі.

**Білім-бір құрал. Білімі көп адам құралы сай ұста сықылды, не істесе де келістіріп істейді.**

Ахмет Байтұрсынұлы

## **Мен қазақпын!**

*Ассалаумағаликум, арда қазақ,  
Дұғай сәлем бердім сізге қарап!  
Ағып тұрған сөзім бар, өзі ұзақ,  
Ойдан шығады, әр саққа тарап!*

*Бабаларым қазақ, аталарым қазақ,  
Әке-шешем де қазақ, мен де қазақ.  
Тәлім-тәрбиесін ой-санаға құйып,  
Мені білімге баулыттын да қазақ.*

*Мен қазақыын, мен қазақыын,  
Қазақ боп жүргеніме қуанамын.  
Көңілім қан жылап тұрғанда,  
Қазақтығымды айтса уанамын.*

*Еркіндікті аңсап келген, тұр елім,  
Менің де бар-ау еліме де берерім.  
Ел боламыз ынтымақты, бірлікті,  
Бақыт құсы болашақтан ұстарым.*

*Жеріміз жатыр-ау, кеңінен көсіліп,  
Қалай қарасаң да, көзіңіз жетпейді.  
Қазағымыз жүр, дүниеге танылып,  
Ой-өрісі терең, күн сәулесі өтпейді.*

*Қара жеріме мен сыймадым,  
Күңірендім, қарап тұрмадым.  
Әр жаңбырлы күні күркіреп,  
Өзәзілге басымды бұрмадым.*

*Тұлпарға мініп, даланы шарлайын,  
Қобызды қолға алып бір сарнайын.  
Үш заманың үш сардарын саралап,  
Айтар сөзімді батырларға арнайын.*

*\*\*\**

*Жоңғарлар тигенде сол қапталдан,  
Елім-ай әні бар қазақта жатталған.  
Халықтың мұң-қасіретін көрсетіп,  
Өлеңнің мәтіні тарихта хатталған.*

*Айғайға басып, жоңғарлар құтырды,  
Жекпе-жекке бас батырды шақырды.  
«Ей! бар болсаң бері, ортаға шық» деп-  
Бажырайып өктем дауыспен ақырды.*

*Біздің батыр алған беттен қайтпады,  
Жауға ұмтылып, артық сөзін айтпады.  
Тұрса дағы қылдай мойыны тұзақта,  
Дұшпандарға достарын қиып сатпады.*

*Кіші пейіл салмақты,  
Мейірбанды керемет.  
Жауын шыдатпаған,  
Асқан алып, құдірет.*

*Кереметі соншалық,  
Күшіне таң қаларлық.  
Семсерді семегенде,  
Сілейтіп мың аларлық.*

*Қыл арқанды білегіне жеті орап,  
Жауды өзіне жақын алды тартып.  
Жоңғардың батырын қос бүктеп,  
Тұлпарға тақымдап, салды артып.*

*Азаттық алты алаштың арманы,  
Жарағаны зой жауды жеңіп алғаны.  
Шешуші шайқаста ол жоңғардың,  
Байрағы құлап, жанишылып қалғаны.*

\*\*\*

*Фашистер жүрген еді зой сайрап,  
Әне ол жендеттер жатыр жайрап.  
Отан соғысының ері келеді міне,  
Жеңістің жігер алдаспанын қайрап.*

*Жауынгерің жаудан тайсалмайтын,  
Батырлардың ерлігіне елі қанық.  
Есімдері еш қашан ұмытылмайтын,  
Тарихта батыр боп қалары анық.*

*Соғыс жалмап аға, іні, бауырды,  
Туыстың жүрегі сыздап ауырды.  
Қаһарманыма мың мәрте алғыс,  
Күйреткен тойымсыз жауызды.*

\*\*\*

*Желтоқсанның ызғарына байланып,  
Ауа шарындай басым кетті айналып.  
Қазағымның барлық батыр жастары,  
Жазықсыздан кетті жау деп айдалып.*

*Ұстауға тәуелсіздіктің туын мықтап,  
Қырандарым, қан-жоса боп тарқадың.  
Желтосанның шымыр аязына шыдап,  
«Менің Қазақстаным» әнін шырқадың.*

*Жақсының әр кез кең болған ауласы,  
Ерлік мінездің қазақта бар ақ арнасы.  
Қан-терін төгіп, ел-жерін қорғаған,  
Бауыржан-Мәнишүктің – сен жалғасы.*

*Арыстандайын айбатты,  
Сұңқардайын өр санатты.  
Мен жастарыма сенемін,  
Тұлпардайын ер қанатты.*

\*\*\*

*Жармасын ешкім бомбасын,  
Болмасыншы соғыс болмасын!  
Оқ боп жауған қорғасыннан,  
Тіршіліктің еш гүлі солмасын!*

\*\*\*

## **Елдің көркі ерімен, жердің көркі гүлімен**

Қазақ ғалымдары М.Жолдасбеков, Ғ.Айдаров, Қ.Өмірәлиев тағы басқалар тастағы сонау жазуларды ешбір аудармасыз еркін оқып, қазіргі қазақ тіліне келтіріп кітаптарға бастырды. Шыңғысхан және оның ұрпақтары жүргізген ұлы жорықтарға байланысты түркі тайпалары түгел



дерлік қазіргі Монғолия жерін тастап, осы күнгі Қазақстан жерінде, Орта Азияға, Алтын Орда аймағына қоныс аударған.

«Қазақстан: летопись трех тысячелетий» деген кітабында Петербургта тұратын көрнекті ғалымдар С.Г.Кляшторный мен Т.И.Сұлтанов түркі, моңғол тідерінде сөйлеген тайпалар жапсарлас, кейде аралас-құралас өмір сүргенін, монғол тілінде сөйлеушілер негізінен Солтүстік Маньчжурия мен қазіргі Солтүстік-шығыс Моңғолияда, ал *түрік тілінде* сөйлейтіндер Орталық және ішкі Монғолияны, Байкалдан Ордосқа дейінгі аймақты мекен еткенін айтып көрсеткен. Сол аймақтағы көшпенділердің алғашқы империясын құрған көне түркі тілінде сөйлегені де айтылған. Түркі тілін Орта Азияға әкелгендер де сол *ғұндар* деп есептейді. Тіпті Еділ бойындағы, Ресей мен қазіргі Украинаның оңтүстігіндегі тайпаларға да түркі тілін таратқан сол *ғұн бабаларымыз* екен.

## **Қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы Отан СОҒЫСЫ (XV-XVIII)**

***Құран Кәрімде «Алла (Т) хикметті (терең білімді) қалаған құлына береді. Ал кімге білім берілсе, оған көптеген игілік берілген болады. Бұны ақыл иелері ғана түсіне алады» (2-С. 269-А.).***

Атақты «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасынан кейін азат етілген жерлерге Сырдың бойынан, әр жерден қайта серпіліп келіп жиналған елді басқаруға деп Қаздауысты Қазыбек би мен шекшек Нұралы би Самарқанды билеуші Барақ ханның 14 жасар баласы Бөкейді 1748 жылы алып келіп, Орта жүзге хан сайлаған. Содан бері 262 жыл өтті. Осы 262 жыл Бөкей хан мен одан тараған, ел басқарған сұлтандардың тарихы-Орталық Қазақстанның, Қарқаралы мен Бұқар жырау аудандарының да тарихы. Бөкей хан Орта жүзге 71 жыл хан болған. Бөкей хан өлген соң, орнына оның баласы Шыңғыс хан болды. 1820-1824 жылдары Шыңғыстың үлкен ұлы Тұрсын (Жамантай) Орта жүз ханы атанды.

Осы өңір халқының құрамы жөнінде Әлихан Бөкейханов былай дейді: «Почти все население Каркаралинского уезда принадлежит различнымъ родамъ того тюркского племени, которое носить названіе казакъ. В массе ихъ вкраплены небольшыми группами представители другихъ племень. Так, въ Каркаралинскомъ уезде после казаковъ самый многочисленной являются кыргызы. ... За нимъ следуютъ султаны съ ихъ толенгутами... . Наконецъ, ... выходцы изъ Средней Азии, т.н. Кожа, которые считаютъ себя потомками IV-халифа Али» (Әлихан Бөкейхан, Ибранное, 89 с., Алматы, 1995).

Қаздауысты Қазыбек би мен шекшек Нұралы бидің Бөкейді осы өңірге хан етуі-бұл билердің кемеңгерлігінің айғағы, соншама қашық жерге осы мәселе үшін ерінбей сапар шегуі-олардың қажыр-қайраттылығының дәлелі, ең бастысы, халқы үшін ерекше шешімге барғандықтарын көрсетеді. Бұл билер өздері хан сайланайын десе-ел арасында беделдері жеткілікті, Алла берген ақылдылықтарының да, шешендіктерінің де дәрежесі жоғары болатын. Алайда қарапайым қаншылдыққа, руластыққа, ауылдастыққа, аталастыққа бой алдырса-өз ортасынан хандыққа ұсынатын адамдар табылар еді. Бірақ бұл даналар халықтың қамын, елдің егемендігін, мемлекеттің тәуелсіздігін ойлап, қазақ хандығын 5-6 ғасыр бойы басқарып келе жатқан «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дегендей, бала күнінен ел басқарудың, ханның балаларына қолқа салуды жөн санаған

Бөкей ханнан өрбіген төрелер мен сұлтандар да Қаздауысты Қазыбек би мен шекшек Нұралы бидің үміттерін толығымен ақтады...

## **Тарбағатай тауындағы Балқыбек баба**

Тарбағатай тауының тұлғасы атанған Бақтыбек баба жөнінде бір-ер сөз айтып кетейін. Найманның төртуылына жататын Тоқтағазы ұлы Балқыбек 86 жас жасаған тарбағатай тауы төңірегіне аты мәшһүр азамат. Осы уақыттағы, Аягөз ауданындағы Тарбағатай тауының етегінде шағын ғана «Тарбағатай» ауылы бар. Қазақ ауылынан көптеген ақын-жазушылар, ғалымдар шыққан. Кез келген қазақты алсаңыз, ол ең болмады бір өнердің иесісі болып келеді. Бақтыбек атаның кезінде шырқаған әндері қырық жыл өтсе де жұрттың жадында әуендеп, әуелеп тұрғандай, ұмытылмаған. Кеңестер Одағы тұсында Балқыбек Коммунистік партия қатарында болса да, имандылықтың ақ жолынан адасып көрмеген екен. Кеңес үкіметі дін мәселелеріне оң қабақ танытпадығы баршаға белгілі. Діни жоралғыларды өткізуге тыйым салды, оның ішінде, ислами сауатты адамдарды қудалады. Төніп тұрған қауіп-қатерге қарамай, Балқыбек бірде-бір намазын қаза қылмады. Намазды елден жасырын түрде оқыды. Намаз оқыр алдында үй есігін жапқызып, «күзет» қоятын. Бірде, аңдаусызда, Балқыбектің намаз оқитындығы жұртқа жария болып қалды. Кешікпей бұл хабар үкімет басындағыларға да жетеді. Ақсақалды ашық партия жиналысына алдыртып, жерден алып, жерге салады, оны қаралады. «Имансыз адам, адам емес. Иман бірінші, ал басқалары одан кейін», -деп ақсақал партбилетін тастап жүре берді. Кейін Балқыбек атадан үлгі алып, көптеген адамдар партбилеттерін лақтырып тастады.

Қыз бала жат жұрттық қой. Жастардың сөздері келісіп, жұптары жарасып, шаңырақ көтереді, ұрпақтарды жалғастырады. Құдандалық жалғаса беретін қазақы заңдылық. Наймандар Қаржастарға құда болып келеді. Қай румен құда болсаң да, ұрпақтың нағашысы неше қайтара ауысса да, ауыспайтын бір ғана-тек айналып келіп түбіміз түрік-қыпшақ болып шығатындығы. Өйткені қай рудың болса да бастауы - түрік-қыпшақ.

Алланың Құран Кәрім Кітабында адамзатты бауырмалдыққа баулу, бағыттау мәселесі ерекше орын алады. Бұл мәселе 2-ші сүреден басталып 60-шы сүреге дейін, ал 8-сүреде нақты айтылады және Құранның өн бойында басқа сүрелерде де жанамалай айтылып, адам баласын бір-біріне мейірімді, қайырымды болуға мегзейді. Құранда адамдарды түр-түріне, тіліне. Бай, кедейлігіне қарай бөлмей, алаламай адам баласын тең тұтып, қадірлеуді уағыздайды. Адамдардың айырмашылығы иманға, тақуалыққа, жақсы мінезге, әділеттілігіне байланысты дегенді аңғартады.

Намаз-Алланың Өзі жаратқан адамдарға күні бұрын ойластырып, үлкен шеберлікпен жасап отырған қамқорлығы, мейірімділігі. Намаз арқылы пенделерін мол сауапқа бөлеуді және алдын ала даусын беріп, дерттерден қорғауды қарастырған. Намазға кірісерде дененің, киімнің, тұратын орынның таза болуы-үлкен сауап. Өйткені намаз оқығанда адам өзін Алланың алдында тұрғандай сезінеді. Құранның сүрелерін айтып Аллаға ғибадат құлшылық жасап, ниетін білдіреді, тілек тілейді.

Балқыбек баба ел-жұртына ерекше силы адам болды. Бір ғасырға татыр салиқалы ғұмыр кешті. Балқыбек бабаның сөйлеген сөздерін, істеген істерін жоғары адамгершіліктің үлгісі дерсің. Жүріс-тұрысы, сөйлеген сөздері, ақалдылығы, өнерге жақындығы, діни білімпаздығы ғұлама

оқымысты адамның бейнесінде болатын. Балқыбек баба-аузынан тәубесі түспеген, шүкіршілігі мол, пәк жан еді.

## Жүнісбек батыр

Болатын ел бірін-бірі батыр дейді, болмайтын ел бірін-бірі қатын дейді  
Хадық сөзі

*Өтті ғасыр, өтті жылдар қарамай,  
Солды терек, солды емен, қарағай.  
Азаматтың парыз-жүгі ақталмас,  
Көтермесек өткендерді даралай.*

Ж.Т. Аскартегі

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демей ме қазақ? Жақсылардың ел-жұртына жасаған жақсылықтарын айтайын, олардың жүздері жарқырап, нұрлары тасысын!

Батыр батырлығын жасайды, жаужүрек болғандықтан. Қорқақ қорқақтығын жасайды, сужүрек болғандықтан. Батыр-халықтың қорғаны, адамның нары. Қорқақ-елдің соры, адамның қоры. Ел-жұрты үшін туған батырларымызды барынша бағалайық, құрмет тұтайық, еш уақытта ұмытпайық. Қорқақ болып туғандардан Алла сақтасын. Тарлан тарихты алдай алмайсың, әр кезде де ақиқат жеңіп шығады. Мұны білетін сәт боларма ма екен? Қазақта қысыр қызғаныш, аяқтан шалу, артқа тарту тәрізді жағымсыз қасиеттер оқтын-оқтын бой көрсетіп қалады. Қазақтың бірін-бірі көре алмаушылығы тыйылатын күн барма? Ата-бабаларымыз үш жүздің басын қалай қосып ұстаған? Татулыққа, білікке жеткізу де, жету де өз алдына бір адамның ерлігі іспетті. Бұл күндері екі қазақты татуластырып, бастарын біріктіре алмайтын жағдай, өкінішке орай, байқалып қалады. Қырық ру бір қазақпыз, татулықта, бірлікте өмір кешейік, ағайын! Өмір біреу, өкініш төртеу. Бес күндік мына дүниеде игі істерді ғана атқарайық. Батырды батыр дейік, қорқақты қорқақ дейік. Жікке, руға бөлінбейік. Қалай десек те, бұл жарық дүниеде жақсы адамдар да, жаман адамдар да бар. Жақсы адам ел мен елді жарастырады. Бұл елдерге бақыт құсы келіп қонады. Жаман адам ел мен елді араздастырады. Бұл елдер қайғы-қасіретке душар болады. Рушылдықтан да, қазақшылдықтан биігірек көтеріліп, адамзаттық жоғарғы деңгейге ұмтылайық. Бүкіл әлем алдында бір қазақ, нар қазақ, дана қазақ болайық, құрметті қандастар! Қара жерге көмілген асыл тас түсін де, нарқын да еш уақытта жоғалпайды, жайнаған үстіне жайнай түседі, жарқыраған үстіне жарқырай береді. Асылды қара күйемен бояп татасаң да, ол қайрадан нұрынып көзге көрінеді. Батырдан айбындық желі еседі, ал ақыннан жүрек сәулесі төгіледі. Асылды қара жер астына мың жылға көміп тастасаң да, түбінде жарыққа шығады. Қазақстанның жер асты кенге қандай бай болса, жер үстіндегі адамдары да адамгершіліктің асыл қасиеттерінен кенде емес. Сондай асыл қасиеттердің бірі жерімізде, елімізде ерте дәуірлерде болып өткен, тарихи оқиғаларды, еш ұмытпай жадында ұстау, есінде сақтау. Бұл асыл қасиет иесінің бірі, Керней ауылының байырғы тұрғыны, Егеубай Бек ұлы. Егеубай Бек ұлы атадан атаға жалғасып келе жатқан сәлем хатты зерде қоймасына нығыздап дестелеген, білімдар азаматтардың бірі. Астарлап сөйлеудің де, мақтамен союдың да сәйгүлігі, тарихи нақтың тұлпары.

2011 жыл. 24 мамыр. Керней ауылы. Сағат 12. Егеубай Бек ұлының үйі. Егеубай Бек ұлы қазақ тарихын өте жақсы біледі. Қазақы нақты, сындарлы әңгіменің хас шебері. Атадан атаға, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан ауызша тарихты тарқатуға мәтіби, тасқа таңба қойғандай қылып қатырады. Кернейлердің Кернейтауда тұрғанын, Көкбөрі Кернейдің уланған жебеден қалай өлгенін Жүнісбек әкесінен естіген. Аталардан бүгінгі күнге жеткен дастан: «Қалмақтармен болған шайқаста Көкбөрі Кернейге уланған жау жебесі тиеді. Көкбөрі Керней денесіне қадалған жебенің шыбығын қиратып, лақтырып жібереді де, әрі қарай соғыса береді. Жау жеңілгеннен кейін ғана жантәсілім етеді.» Егеубай Көкбөрі Керней жөнінде ешбір әдебиетті оқыған емес, құлағы да естімейді, ал оның маған кернейлер туралы айтып берген әңгімелері, кеше ғана менің қолыма тиген Дау ұрпағы Садық Смағұловтың кітабында келтірілген деректермен дәлмедәл. Егеубайдың айтқан сөз иірімдеріне, ой түйіндеріне таңырқай қарап, бар ынта-жігеріммен тыңдап отырдым.

Осы уақытқа дейін ел-жұрттың аузынан түспей жүрген батырлардың бірі Жүнісбек. Алынтөрі руынан былай тарайтын Жүнісбектің төрт атасы мына кісілер: Айту, Шындәулет, Кемел, Байділда. Жүнісбек пен Бек бір ата-анадан туған, ағалы інілі. Жүнісбек батыр 1888 жылы туып, 1990 жылы 102 жасында Алғабас ауылында қайтыс болған. Жүнісбектің кіндігінен ұрпақ жоқ. Бектен екі ұл: Данышпан, Егеубай. Данышпаннан Дастан. Егеубайдан Рүстем. Егеубай Жүнісбек батырдың бауырында өскен, оның баласы есебінде.

Керней ауылына таяу жердегі кіші Топайда Жүнісбек Байділда ұлы дүниеге келген. Үш мың шамасында қойлары, ондаған сиырлары, үйір-үйір жылқылары бар Байділда өз заманының ауқатты адамдарының бірі болған. Байділда Жүнісбектің бетінен қақпай, ерке ұл қылып өсірген, ол ойын баласы болып ер жеткен. Жүнісбектің бойының ұзындығы 2 метр шамасында, кең иықты, қақпақтай жауырынды, білек еттері балғадай жұмыр болған.

Жүнісбек қазақы жыр-дастандарды тыңдағанды ұнатқан. Той-томалақтарда, астарда, Қоянды жәрмеңкесінде балуан түскен, көкпар тартқан, ат бәйгілеріне қатынасқан. Ат деген батырдың қанаты ғой! Атты сонау жерден таныған, оның алар белесін білген. Жүнісбектің айырықша айтуға тұрарлық үш аты болған:

1. Кіші торы-алдыңғы аяқтары аяңдаса артқы аяқтары жорғалайды, ал алдыңғы аяқтары жорғаласа, артқы аяқтары аяңдайды, үстіндегі кісіні олай-бұлай теңселтпейді. Аттың үстінде келе жатып толық тостаған қымызды еш алаңсыз іше беруге әбден болады.
2. Үлкен торы-дұшпанды көрсе оқырынған, досты көрсе жуасыған, өте сезімтал жылқы. Бос, байлаусыз, еркін жүрген. Жүнісбектен өзге адамды жанына жуытпаған. Жауды өңгерерде аяқтарын бүгіп, Жүнісбектің ыңғайына қарай келе берген. Алыс жолға арындамаған.
3. Шегір көз шұбар, тас бүйрек тұлпар. Тас бүйрегі қатыңқы болғанда-шабан жүрісті, тас бүйрегі босағанда-пырақ тынысты. Бабында болғанда бәйгі алдын босатпаған. Бұйра бүйректері қызып, толығымен тынысы ашылғанда, созыла, көсіле шапқанда құйысқанын үзіп жіберетін болған. Шапқан сайын жылдамдығын үдете түскен. Мәре сызығынан соң ол атты тежеп тоқтату қиынға соққан.

1932 жылы аталарымыз Омбыға көшіп барған. Омбы қаласында «Қаржас ауылы» бар. Не шықса да өзіміздің қазақтан шығады. Сондай бір қазақ ел-жұртқа қокан-лоқы көрсетіп, кәдүмгі, өзі білетін қазақтарға маза бермейді. Бірде Омбыға Қажымұқан келіп, халыққа өнер көрсетеді. Қажымұқанға ел жаңағы бұзақы қазақты көрсетеді. Қажымұқан дайын арбаны нұсқап: «Мынаған он адам мініңдер, ал сен сотқар, мықты болсаң менің мойыныма мін» дейді. Арбаға отыз шақты адам мінеді. Жетектегі Қажымұқанның мойынына әлгі еңгезердей адам отырады. Қажымұқан мойнындағы малғұнның екі балтырының үстімен асыра, қос жетекке қыл шылбырды байлатып, арбаны сүйрей жөнеледі. Сотқардың балтырларына қыл шылбыр батып, ойбайға басып, жан даусын шығарады, қан-қақсап бақырады. Балуан мойнындағы малғұнды екі қолымен көтеріп алып, анадай жерге лақтырып жіберіп: «Сенен де зор адамның барын біліп жүр. Көрінгенге күшңді көрсете берме. Олар да адам екенін ұмытпа. Күш емес, адамгершілік қасиет жоғары тұрсын», - деген екен.

Кейінірек әлгі бұзақы Жүнісбектің үйіне келіп, ағаш кесуге балта сұрайды. Бұл үйде ұстара жүзді қайралған 3-4 балта іргеге сүйеулі тұратын көрінеді. Жүнісбек сотқарға: «Ала ғой» дейді. Ай жоқ, қой жоқ, сотқар балтаның біреуін ала салып, Жүнісбекке ұмтылады. Оның екі қолын жаралап, иық етін шауып жіберіп, сотқар үй есігін сыртынан күршектеп, бекітіп кетеді. Әрең дегенде есікті ашып, тәлтіректеп далаға шығады да, Жүнісбек қансырап, құлап түседі. Кейін елден барғандар жиылып: «Сотқардан кек аламыз.» деп оның үйінің алдына жиналады. Сонда Жүнісбек: «Оған тиіспендер, ел мен ел арасы ашылады. Не шықса да қазақтың өз ішінен шығады. Өзіміз кейінірек есептесе жатамыз» дейді. Бұл 1932 жылы болған оқиға.

Біздің аталарымыз оншақты үй кернейлерді Шилі өзенінің бойына 1640 жылдары өзі бас болып, көшіріп әкелген. Сол Кернейлер егін салуға, онан мол өнім алуға машықтанған екен. Көшіп келген кернейлер Шилі өзені ағарының сол жақ беткейінде, Сандықтастың теріскей баурайында егін және мал шаруашылықтарымен айналысқан. Жергілікті адамдарға жер жыртуды, егін салуды үйреткен. 1900 жылы топографтар осы төңірекке келіп, бұл жер қалай аталады дегенде, орысша білмейтін кісілер «Керней» деп жауап берген. Яғни, керней деген жердің атауы орыстар бұл төңірекке келмей тұрып-ақ, анағұрлым бұрынырақ болған.

-Егеубай, Кернейдің өзі жөнінде не білесің?

-Үлкендердің айтуы бойынша: Керней-айбынды батыр. Көкбөрі Кернейге садақтың жылан уы жағылған жебесі бір үлкен қазақ-қалмақ шайқасында тиеді. Көкбөрі Керней жебенің шыбығын сындырып тастап, соғыс аяқталғанша қалмақтарды бірінен соң бірін аттарынан құлата береді.» Көкбөрі Керней батыр недеген төзімді, жанкешті адам болған десеңізші? Мұндай қасіретке төзу мүмкін емес тәрізді!

-Көкбөрі Керней тұсында Қаржастан шыққан қай батырлар соғысқан?

-Қойсары, Қалқаман, Қарағай т.б. батырлар. Тоқадан Қаратоқа батыр.

-Сол кездің айтыскерлерін білесің бе?

-Қаракесектен-Қараби, қаржастан-Айту.

Кемелден алты ағайынды тараған. Олардың егін салып жүрген құнарлы жерлерін орыстар күштеп тартып алған. Содан, амалсыздан қазақтар Ұялы, Қарақойтас ағаштарын паналаған. Ол жерлерден де аталарымыз қуғынға шұраған. Қорғанкөлден де Бабастарды орыстар Шідертіге дейін қуып тастаған. Одан кейін Бабастар Қызылтау төңірегінде тұрақтаған.

1903 жылы Керней ауылына белорус, украин, орыстар көшіп келе бастады. Олар негізінен Жоровтар, Степанюгалар, Левченколар, Черненколар т.б. Осы тұста Керней қарасуына Хорошовтар да орныққан. Патшалық Ресей Министрі Столыпинның, шалғайдағы жерлерді игеру саясаты негізінде, Керней төңірегіне екі жағдайдағы келімсектер жетті:

1. Патша жарлығымен 500 рубль ақшамен келген, ауқаттылар.
2. Жұмыс күші ретінде келген, кедей шаруалар.

1910 жылы казактар келіп, қазақтардың малдарын айдап әкеткен, құнарлы жерлерді орыстарға қарату мақсатында. Қазақтарға казактар құйтырқы қылықпенен: «Егін салуға жарамды, құнарлы жерді босатсаңдар, малдарыңды қайырып береміз» деген. Керней төңірегіндегі ағайындардың көбісі жуас болатын. Жүнісбек батырға еріп, орыс қыспағына қарсылық көрсетуге жұрт шыға қоймаған. Дегенмен де, батылдық көрсетіп, кернейліктердің малын Жүнісбек, Кәбіш, Қасым т.б. қайрадан айдай жөнелген. Қуғыншыларды Жүнісбек батыр сойылымен бір-ақ ұрып құлата берген. Бұдан кейін орыстар қарулы әскер шақыртқан. Келген 9 казакты Жүнісбек батыр ұрып жығып, оларды тырдай жалаңаш шешіндіріп, үлкен торы аттың бауырына алып, Кернейдің ең ұзын көшесімен мал сияқты, қамшысымен қақпалап, айдап өткен. Орыстарға Жүнісбек: «қазақтарға тисуді қойыңдар!» деген. Жасырын түрде орыстар Ақбелдегі дәу Полтаранинге: «Жүнісбекті өлтірсең біз саған екі ат, пар өгіз және соқа береміз» депті. Алып орыс қос саусағымен адамның маңдайынан бір шертіп жіберсе, ол кісі өліп қалады екен. Полтаранин уәделі күні Керней ауылындағы дүкенге келіп, Жүнісбекті орындықта күтіп отырады. Есікті ашып бір адам дүкенге кіреді. Дүкенші Полтаранинге ымдап, Жүнісбек батырды нұсқайды. «Мынауың Жүнісбек пе?» деп менсінбеген кейіп танытып, дөрекі дауыс көтереді. Дүкенші «Сол» деп ишрат білдіреді. Полтаранин Жүнісбекке: «Сен батырсың ғой? Сені саусағыммен емес жұдырығыммен маңдайыңнан ұрайын. Қазақ заңы бойынша бірінші кезекті маған бер. Шартқа келіссең мына орындыққа отыр.» дейді. Жүнісбек орындыққа отырғаннан кейін, Полтаранин теке басындай жұдырығымен оның маңдайынан ұрады. Соққының қатты болғаны сонша, Жүнісбек есеңгірегенін білдірмеуге тырысып, зорға дегенде орындықтан әуірімдеп тұрады. Дәу орыстың мықтылығында гәп жоқ, ерен қара күш иесі екен. Жүнісбек Полтаранинге: «Ал енді сен сол қолыңмен желкенді баса отыр. Мен оң қол жұдырығыммен жүрек тұсыңнан ұрамын.» дейді. Уәденің аты уәде. Полтараниде шара жоқ. Келіседі. Жүнісбек Полтараниннің жүрек тұсынан ұрады. Полтаранин орындық-морындығымен анадай жерге, ес-түссіз ұшып түседі. Сұлап жатқан Полтаранинді дүкендегілер далаға көтеріп шығарып, эзер дегенде жанын кіргізеді. Полтаранин жатқан жерінен тұрды деген соң Жүнісбек батыр сыртқа шығады.

Үлкен торы ат тізерлеп, төмендей қалады. Жүнісбек Полтаранинді үлкен торыға өңгеріп алып, Белағашқа қарай шаба жөнеледі. Мұның бәрін қызықтап көріп тұрған ел-жұрт аң-таң болысып, бір-біріне қарасты. Белағаш қырына Полтаранинді шығарып, құйрығын жалаңаштап, жеті өрім қамшысымен орыстың майлы жерінен үш тартып, «Алғабас қайдасың», деп үйіне қарай бірақ тартты. Полтараниннің жан айғайына байланысты, кейін бұл төбе «Ағай төбе» атанып кетті. Бұдан әрі Жүнісбек деген сөзді естіген орыстарды үрей билейтін болды. Жүнісбек Керней ауылының көшесінен тұлпарымен жүріп өткенде, далада тірі пенде болмайтын, қатын-бала, ер жеткендер, кемпір-шал, барлығы да, үйді-үйлеріне тығылатын. Қазақтарды мазалау осы оқиғадан кейін ғана тыйылды. Соңында Жүнісбек батыр мен

Полтаранин батыр үзеңгілес дос болып кетіпті, бірін-бірі қатты сыйлапты. Полтаранин батырдың ұрпақтары осы уақытта да бар. Батырдың шыбын жаны, үзеңгілес батырдың шыбын жанында.

Ақ қашып, қызыл қуған, немесе, қызыл қашып, ақ қуған заманда ақ-боз атты, атақты Қысқаш батыр Жүнісбектің үйіне түседі. Қысқаш батыр үнемі бес қаруын асынып жүретін көрінеді. Кіреберіс дәлізге қару-жарақтарын қалдырып, үйге сәлем беріп, төрге отыра кетіпті. Үйде отырғандар: «Батыр аға, үйге қару-жарақсыз кірдіңіз ғой. Мұныңыз қалай?» деп сұрайды. Сонда Қысқаш батыр: «Жүнісбектей ерен батырдың үйінде отырған адам қорқсын ба?», -деп қолыма-қол жауап қатыпты. Батыр батырды алыстан таниды. Нағыз батыр батырға сенеді.

Жүнісбек батыр Аймағамбет қажыны, Дос Қырбасұлын, Жыржыс қажыны, Мәнжі Күржікей ұлын, Жаяу Мұсаны, Мәшһүр Жүсіпті, Иманжүсіпті, Балуан Шолақты, Мәдиді, Қажымұқанды, Сәкен Сейфуллинді тағы да басқа толып жатқан адамдарды біліп қана қоймай дастархандас, дәмдес болған дейді, сағынышпен Жүнісбек батырдай әкесін сағыныш сезімімен есіне ала отырып, Егеубай. Қазақстанның қай түпкіріне барсам дағы, ата тегімді айтқанда, Жүнісбектің баласы екенімді айтқанда, «Жүнісбек батыр! Жүнісбек батырды білеміз. Жүнісбектей батырдан туған бала осал болмайды. Батырдың тұяғы, жоғарлат, төр сенікі, жата қонып, қонақ бол», деп мәйек болып, құшақ жая қарсы алып, қадірменді мейманы қылады. «Жақсы әке балаға қырық жыл азық» деген данылық сөз осы екен ғой!

**Қойсары-Қалқаман – бір соғыспай тарқаман!**

Халық сөзі

**Бәрі де есімде!**

*Атым желісті болды,  
Малым өрісті болды.  
Қиялым биік самғап,  
Істерім келісті болды.*

*Ата алдынан өтілдім,  
Азамат боп жетілдім.  
Қыз мұраты кету,  
Жол мұраты жету.*

*Тар жолдардан өткендеймін,  
Тарих тереңіне кеткендеймін.  
Сапарларым оңынан болып,  
Мұраттарыма жеткендеймін.*

*Бәрі де есімде, бәрі де есімде,  
Ұмытпаймын ата-баба ерлігін!  
Бәрі де есімде, бәрі де есімде,  
Ұмытпаймын ата-баба серілігін!*

2011 жыл. 27 мамыр. Құрмет Бұқпан ұлы менімен әңгімелескісі келіп, телефон арқылы, 42 шақырым қашықтықтағы, Ботақара тауы етегіндегі, Ботақар кентіндегі өзінің үйіне қонаққа шақырды. Ақ тұлпарымды ерттей салып, аудан орталығы қайдасың деп, сәске түс мезетінде, Құрекөңнің үйіне жетіп, ат тізгінін тежеп, еңселі шаңырақ қоңырауын қақтым. Оң аяғыммен киелі табалдырықты аттай беріп, «Ассалаумағалейкүм» сәлемімді беріп, бөлмеге кірдім. Үмітай жеңгей

өте жылы шырай танытып, құшақ жая, мені қуаныш сезімінде қарсы алды. Апай: «Төрлет, құлыным!» сөзімен өзімді майрқайтып тастағандай еді. Амандық-саулық сұрасқан соң: «Құрекең қайда кеткен?» деп, уақыт тапшылығын сездіргендей кейіпте, басты сауалымды апайға қойдым.

-Жайлаубайдың қайын ағасы қайтыс болған. Бүгін сол кісіні жерлейтін күн, намазға кетті.

-Иманды болсын, жарықтық!

-Әумин!

-Ағай қашан үйге келер екен?

-Келіп қалатын уақыты болды. Әне-міне дегенімізше үйге келіп те қалар.

-Апа, Құрекең үйге келгенше көшеге шығып, керекті кеңселерді аралап, шаруаларымды тындырып, олай-бұлай жүріп қайтайын.

-Жарайды, жаным. Шруаңды ыңғайлап, бір айналып келе ғой.

Жұмыстарымды жайлап, үйге қайрадан оралсам, Құрекең де намаздан келген екен. Жаңа ғана бабына келіп, қайнап піскен семіз жылқының сүр етінің исі мұрын жарғандай, өзіңізге тіл үйірткендей, тәттілік әсерін сыйлайды. Сәлемдесіп, аман-саулық сұрасып, түрлі-түрлі тағамдармен жайнап тұрған столды айнала біздер жайғасқан соң, атадан атаға жалғасып, өшпей, ұрпақтарға мирас болып келе жатқан сөзден сөз шығып, ойды ой қозғап, Құрекеңнің әсерге толы, мәні терең, қызықты әңгімелері Қорқыт атамның баяғыдағы желмаясындай желе-жортты: «Қазақтың Қаржасынан төрт рулы, еңселі ел тарайды. Біз, Бабастар, осы төрт руға кіреміз. Ел-жұрт арасында мынандай тұжырым кеңінен таралған: «Өкір Бабас!» Бұл ұғымның түсінігі-Бабастар өте ұйымшыл, бірі үшін бәрі тұрады, бәрі үшін әрқайсысы тұрады деген ұғымға келіп саяды. Басқаша айтқанда: ынтымағы жарасқан, бірлігі берік, бір-бірлеріне бауырмал ел түсінігінде.

Орта есеппен алғанда, менің әкем Бұқпан 1878 (1976) жылы, атам Танаш 1821 жылы, арғы атам Сүгірәлі 1759 (1856) жылы, бабам Байкүшік 1701 жылы, арғы бабам Үсен 1658 жылы, алтыншы атам Жанақ 1617 жылы, жетінші атам Бабас 1570 жылы дүниеге келген тәрізді. Әкем Бұқпанның айтқандарына қарап, Жанақ пен Керней (1619-1702) бабаларымыздың жастары қатарлас, замандары тұстас екенінде еш бір күмәнім жоқ, айдай анық дүние деп есептеймін.

Жоғарыда есімдері аталған ардақты аталарымызды жүз жасаған адамдардың қатарына қосқанымыз дұрыс. Бабастардың байырғы жері Бұқар жырау ауданындағы Қандыкөлден бастау алып, Молодежный ауданындағы Шідерті өзеніне дейінгі кең алқапты алып жатыр. Бұл үлкен өлкенің төңірегінде Ақшоқы, Борсықты, Қара және Ақ құдықтар, Қызыл Еспе, Шағалалы және Шыбынды көлдері, бұлардан да басқа тарихи, адамдарға берер тәлім-тағылымы мол географиялық атаулар аймақта жетіп артылады. Шорман Сүгірәліге «Белағаш бойын жайла» дейді. «Белағаш» Баянауыл тауларынан басталып, Қарқаралы тауларына дейінгі аралықты қамтитын, ойдым-ойдым орманды, бұталы және тобылғы-қарағанды, ұзынша келген жолақ тәрізді. Сүгірәлі құдығы мен жайлауы, Танаштың Ақшоқысы мен тұйығы, Бұқпанның белағашы мен бұлағы Керней тауының солтүстік-шығысына қарай 15-20 шақырымдай қашықтықта тұр. «Белағаш» сөзінің мәнісі: қисая-майыса, арбаның белдік ағашы сыяқты өсетін қайың ағаштарының көп шоғырлары. «Ақшоқының» биігіне шыққан адамға айналаның барлығы алқанға салғандай, ап-анық көрінеді. 1600-1700 жылдары, жаугершілік заманда қазақтың қарауыл адам қойятын көптеген шоқыларының бірі болған.

Керней тауының шығысна қарай мол сулы, көп көзді, «Кернейдің қара суы» бар. Бұрындары бұл қара судан керней ұрпақтары малдарын суарса, бүгіндері осы



төңіректегі елдің төрт түлігі шөлдерін қандыруда. Сөзден сөз шығады дегендейін, есіме мына оқиға түсіп отыр.

1700-1800 жылдары, қыс уақытында жылқышылар қамыс үстіне киіз үй тігіп, көл қопасында малдарын жайған. 1797 жылы Баянауыл-Қарқаралы аймақтарында жаз жайлау құрғақ-қуаңшылық, қыс қыстау қақаған-қаһарлы болып, төңіректегі көптеген көлдердің сулары ортайып, кейбірі тартылып та қалған. Сол жылы, ең даланы алып жататын, мыңдаған жалқының шөлін қандыру қиындаған. Осы кезде Шорман (1788-1837) мырзаның қалың жылқысы Қаракөл жайылымында екен. Ерементәу бағытында, солтүстік тұсқа қарай, қазіргі Молодежный кентінен 40 шақырымдай жерде Қаракөл көлі орналасқан. Қаракөлдің суының деңгейі күрт төмендегендіктен, жылқыларды Шыбындыкөлге түсірмек ниет туындаған. Жылқылар Шыбындыкөлге жақындатқан сайын, олардың алдынан бір дәуқара адам, ақбақай тұлпарын ойнақтата, ақыра кеп, айғайға басқанда, қыл құйрықтылар кейін серпіліп, суға қарай беттей алмай, қасқырлар қысқаннан да бетер үрке оскырынып, тарыдай шашылады екен. Жылқышылар жан ұшырып, айғайға басып, сойыл астына алып қуса дағы, жылқылар Шыбындыкөлге түспей қойыпты. Таңқаларлық жайыт Шорман мырзаның құлағына да жетеді. «Бұл, сірә, «Керней ұранды, дуалы дауыспен» жауына тиетін, жүз басы Сүгірәлі батыр. Жылқыларды Шыбындыкөлге беттетпес бұрын Сүгірәлі батырға барып сәлем беріңдер, үй белдеуіне ту биені байлаңдар, сөздің шырайын келтіріп, жылқыларды суғаруға рұқсаттарыңды сұраңдар. Сонда ғана Сүгірәлі батыр жылқылардың алдын кесіп, дауыл дауысқа баспас болар.», - деген екен Шорман мырза. «Жылқышылар Шорман мырзаның айтқан сөзіне құлақ асып, Сүгірәлі батырдың найзағай ойнағандай күркіреген даусынан арылып, қарасы қалың жылқыны Шыбындыкөл жайлауында емін-еркін жая берген екен», - дейді қариялар.

Қазіргі уақытта Керней тауының солтүстік беткейіндегі жер телімі Бабас ішіндегі Бапаққа жататын Сансызбай Саманбек ұлына (Жоғарыда әңгімеленген емші, Нұрғайша, Сансызбайдың жұбайы) қарайды. Қазақта Бапаққа байланысты мынандай пәлсафалық сөз бар: «Бай болсаң Бапақтай бол, Азнабай сапақтай бол!» Құдайға шүкір бүгіндері Бапақ ұрпақтары ата атағына сай келерлік дәрежеде, бай-дәулетті негізде өмір сүріп жатыр. Ата-баба аманаттарына адал, «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген қағиданы берік ұстанған. Біраз шегініс жасап, Бапақ бабадан тараған аталарымыз жөнінде бір қысқа естелік айтып өтейін.

Танаштың замандастары, Бапақтан шыққан Түлкібай, Қойлыбай және Рамазан, барлығы да, алып денелі, аса зерделі, аталар сөзінің қадірін білетін батырлар еді. Олардың да ата-баба қоныстары кернейлермен көршілес, Керней тауының теріскей тұсына таман 10-25 шақырымдай жерде орналасқан. Рамазан батыр жарық дүниеден өткенінше омырау-құйысқаны қайыспен таспаланып өрілген, күміспен өрнектелген ертоқымды, жеті өрім қыл шылбырлы, жезбен әшекейленген ноқта-жүгенді, желісі майда, жүріске шыдамды, жолбарыс жонды, арқалы «көкшағыр» атынан түскен емес. Зор тұпатты тұлпарына, сол жүзден асқан жасында да, өзі мініп, өзі түсетін, сүйегі асыл, еті тірі жан еді ғой. Көршілес ауылдардағы шаруасын тындыруға да, той-домалаққа да, намаз-дұғаға да, автокөлікті керек етпей, Көкшағырын ерттеп, шапанын киіп, бөгелмей желе-жортып баратын. Рамазан батырдай, көкшағыр аттай көненің жәдігері тәрізді алтынның сынығын байқамау, оны өз көзіңмен көріп, өнерлерін тамашалау осы заманда мүмкін болмай бара жатқан сияқты ма, қалай? Рамазан батыр 111 жасында, қарттық сый-сымбатын айбалтаның өткір жүзіндей жарқыратып, өр рухын асқақтатып, Алғабас ауылында бес күндік бұл жалған дүниеден, сөнбес жұлдызға ұқсап, нұр-сәулесін шашып өтті. Көкбөрі Керней-Қаракерей Қабанбай-

Иманның Амангелдісі сынды батырлар замандарындағыдай Сүгірәлі, Түлкібай, Қойлыбай, Рамазан, тағы да басқа ардақты аталарымыз тәрізді, сол кездердің қанқырғынды майдандарында ерліктің үлгісін көрсетіп, елі мен жерін жаулардан қорғауға бір кісідей қатынасып, халық абройына бөленіп, батыр атанған. Көкбөрі Керней келбетті ерлер мен батырлар жөнінде аталарымыздың әңгіме-дастандарын талай мәрте құлағыммен естіп, көзіммен көргендей әсерленіп, санасандығыма қастерлеп дестелеген жайым бар, Мақсұтхан.»

Ұлан-байтақ жерді баянды тұрғыда иемдену, оны жаулардан қызғыш құстай шырылдап жүріп қорғау, оңай дүние емес екендігі бес енеден белгілі. Мұндай ұшы-қиыры жоқ жерді өз бақылауында ұстау үшін, күш-қуатпен қатар, адамдарға ұшар құстың ұшқырлығы қажет. Қазақтардың қанаты пырақ тәрізді көлік. Жылқы атаулы шұрқырап туылған жеріне жусағанды аңсайды, өскен өлкесі түсіне кіреді, өзінің ат бегіне емренеді. Жылқы малы таза ауаға, мөлдір суға, қайратты шөпке тоқтайды, қом жинайды. Жылқы қазақ үшін мінерге көлік, ішерге сусын, ауқаттануға тамақ. Жылқы қазақ үшін сапарда жол серік, самғай ұшарға қанат, шығармашылыққа шалқарлы шабыт. Қазақ үшін жылқы малы ерекше әспеттелетін, нәзік сезімді, асыл тастай, ақіреттік достай жануар. Қазақ елінің еркіндігі-бабалар батылдығының ұтқырлығынан. Қазақ жерінің жалпақтығы-тұлпарлар тұяқтарының ұшқырлығынан. Халықтар арасында «қазақ жылқы мінезді» деген теңеу тегіннен тегін қазаққа телінбеген. Мұнда терең мән-мағына жатыр. Бұл сонау Көкбөрі Керней заманынан бері халық арасында айтылып келе жатқан қанатты да қайратты ұғым.

Қазы-қартаны бес саусағыммен алып, бал қымызды сүйсіне тартып, әңгімені рақаттана тыңдадым. Атадан атаға, ұрпақтан ұрпаққа, көк сандық есте сақтау қабілеттің арқасында, өтіп кеткен сонау ғасырлар шежіресі, қаз қалпында, беріліп келе жатқан, баға жетпес, қымбат дүние. Шынайы, жанды деректерге негізделген алаулаған тарих шам-шыарққа үңіліп, сол санаға сіңісті оқиғаларды ой-елегімнен ыждахаттықпен, сараптай және саралай елеуіштеп өткіздім. Ас қайырып, аруақтарға құран бағыштап, Құрмет Бұқпанұлының ақ батасын алып, Үмітай жеңгеме бар рахметімді жаудырып, бір Алладан медет тілеп, Керней ауылына қарай жаңа үмітіммен бірге бетімді бұрып, жыланша ирелеңдеген қара жолға түстім. Ұзын жол бойында түрлі-түрлі ой тереңіне қайрадан баттым. Қазақ жерінің көлемі қандай ауқымды? Аталардың есте сақтау, жадында ұстау қабілеттері таңқаларлық, осы заманғы компьютерден бетер, анағұрлым ауқымды. Ата-бабаларымыз дархан елін, дардай жерін нендей күшпен сақтап қалған, біздерге, ұрпақтарына бақ-дәулетті шашып-төкпей, бүтіндей қалайша мирастаған? Бұл білектің күші, көсемдіктің көрінісі, ақыл-парасаттың ауыз толтыра айтарлықтай жемісі, адамдар арасындағы өзара түсіністіктің, ынтымақтың, бірліктің киелі шаңырағымызға дарығаны. Жаппар Жаратқанның әмірімен бақыт құсының еліміз бен жерімізге ұшып келіп, ұзағынан сүйіндіріп қонғаны.

## **Қостанқол шайқасы**

**Құйрығы жоқ, жалы жоқ, Құлан қайтіп күн көрер?! Аяғы жоқ, қолы жоқ – Жылан қайтіп күн көрер!?**

**Асан Қайғы**

Жоңғария тұрғындары да қазақтар тәрізді көшпелі және жартылай көшпелі халық еді. Негізінен мал шаруашылығымен айналысатын. Халқының саны 1 миллионға жуықтайтын. Жоңғарлар аз ғана уақыттың ішінде Алтайда тұратын ұсақ ұлыстарды бағындырып алған еді. Жоңғария өзімен көрші мемлекеттердің

бәріне де, оның ішінде, әсіресе, Қазақ мемлекетіне қауып төндіріп тұрды. Жоңғар қалмақтарына негізінен азақ-түлік және жайылымдық жер қажет болды...

**Айтқожа молла бұрынғы көзі қырақты, ойы шырақты, сөзі құрақты, сенімі тұрақты қарияларымыздың дәстүрін жалғастырып, қария шежірені ширатып, туған өлке мен өткен өмір тарихын ел-жұрт құлағына құйып келе жатқан ақ жүректі, өр рухты, нар намысты, ғажайып жан!**

Халық сөзі

*Ақ таңымды көріп арайландым,  
Айналама қарап шырайландым.  
Қостанқол тауына бет түзеп,  
Бұл-бұл жанып, дайындалдым.*

*Қыр қарағайларымен хабарластым,  
Нар қайыңдармен де сұқбаттастым.  
Тау, тас, ой, қырларды кезіп жүріп,  
Тілі бай қариялармен де достастым.*

*Тарихты айтатын ғалым болса,  
Молла мен қожаса қолқа салса.  
Ізденіске түсіп, жұртты аралап,  
Білім нәрін әулие-әмбиден алса.*

*Толғандым, аруақтарға дұға оқимын деп,  
Айтқожаның сөздерін миға тоқимын деп.  
Алыстап кеткен, арғы дәуірлерді саралап,  
Тарих-шежіренің дәндерінен шоқимын деп.*

*Айтқожса молланың, көп айтары бар,  
Қашық жерлерге жүріп қайтары бар.  
Әлімсақтардан ақ жауын жаудырып,  
Тыңдаушысының ілімін байытары бар.*

*Айтқожса молла ақтарыла сөйлейді,  
Аталардың сөзін айтқанда өрлейді.  
Аруақтарына дұғаларын бағыштап,  
Қазақтың ақ шаңырағына төрлейді.*

*Көгілдір күмбезге қарап, аспандайды,  
Тарих-шежіресі жосыла асқақтайды!  
Ақ кептерлердей қанаттарын қомдап,  
Бүкіл әлемдерге шашу шашқандайды!*

2011 жыл. 29 мамыр. Сағат 10-да 9-ы сынып оқушысы Камила Нұрлан қызы екеуміз, 12 шақырым қашықтықтағы Алғабас ауылына, «Калина» автокөлігімен бет түзедік. Кешегі күні Алғабас аймағына нөсерлете жаңбыр жауған екен. Ауыл ішінде машина кібіртіктей-тайғанай, баяу жүрді. Жол бойы жиналған шалшық сулар. Дөңқол тауларына барамын деп ниеттенсем болды, ылғи да жаңбыр жауады. Бүгін де тап солай болды, ақ жауын жайлап жауып тұр.

-Өткендегі Кернейтау сапарымда суырлардың іс-қимылдарын бақыладым, қос тырнаның тырау-тырауын тыңдап ойымды толғадым, боз торғайлардың толассыз ән-шырылдарымен биіктерде қалықтадым, лағы аяқтарын қалт-құлт басқан елікті көріп, табиғат кереметтеріне тәнті болып, таң-тамаша қалыпқа түстім.

-Мәке, сіз тегін адам емессіз. Тауға барамын десеңіз болды, жауын жауады. Бұл Алланың елге берген сыйы. Жаңбыр-Алланың нұры. Барлық дүние негізінен нұрдан жаралған деп ойлаймын. Суырларды айттыңыз. Суырларды көрдік. Тырналарды айттыңыз. Тырналар да ұшып келіп жүрмесін!

-Кернейтауда тырналарды, өзімше, тарих хабаршысына балағанмын.

-Мәке! Мәке! Мәке! Оң жағыңызға, аспанға қараңыз. Тырналар қиқулайды. Тырналар. Көп Тырна!

-Мүмкін емес, Айта? Мынау жүздеген тырна ғой! Жүздеген тырна! Мұның өзі, қазақтың үш жүзінің бірігуін паш еткендей, тарихи құбылыс қой.

Алғабастан Айтқожа молла мен 9-ы сынып оқушысы Дәуренді алып, төртеуіміз жарық дүниенің төрт бағытын бағамдайтындай байыппен, Қосанқол тауы қайдасың деп, бисмилламызды айтып, қайрадан қара жолға түстік. Жарты сағатта жүрген жолымыз артта қалды. Темір тұлпарымыз, тап-таза ауаны жара ысылдап, жүйткіп келеді. Айналада сансыз көк-майса шөптер құлпыруда. Көк аспанда үш жүз тырна қалықтауда.

-Балалар, машина терезесін ашып, тырналардың аспандағы үш легін де суретке тездетіп түсіріп алыңдар. Аллаға шүкір, жортқандағы ақ жолымыздың болғаны! Адам баласы нанғысыз оқиға, онша көп кедесе қоймайтын, өте әйбәт құбылыс.

-Міне, Мәке, сіз тырналарды айтып едіңіз, әп-сәтте жүздеген тырна айнала аспанымызды алып кетті. Қандай ғажап көрініс? Қандай ғажайып құбылыс? Қандай керемет сурет! Жолымыз болды дегеніміз осы шығар?

-Ия, Айтқожа, айтқан сөздеріңе мен де қосыламын.

Жылдамдығымыз азайды, жолсыз сайын даламен ептеп жылжып келеміз. Екі бала да мәз-мейрам. Өзара күбірлесіп, әңгімелесіп машинаның артқы орындығында отыр. Қостанқол етегіне таяп келіп, көліктен түсіп, таудың биігіне қарай көтеріле бердік. Жоғары көтерілген сайын көзімізге жер болып кеткен зираттар түсе бастады. Тау биігіндегі төрт молаға да келіп жеттік. Аруақтарға бағыштап Айтқожа молла, мен, Дәурен дұғаларымызды оқып, зираттарға қолымызды жайып зиярат еттік. Айтқожа молланың шәкірті-Дәурен, ал менің шәкіртім-Камила. Дұға оқылып болған соң, Айтқожа молла осы тауға және осы жерде болған тарихи оқиғаларға байланысты бірсыдырғы әңгіменің бетін қайтарып болған соң: «Тәрбие-тәлімге, білім-ғылымға парасат-иманға, ислам дініне дұрыс қараған адам пәктік жолынан адаспайды. Тәрбиелі тамаша, зерде-зерелі, рухани бай болып, бақ-дәулеттерің артқан үстіне арта берсін» деп екі жасқа ақ батасын берді. Маған деген таудай рахметін де, нардай батасын да аяған жоқ.

Бұдан 100-500 жыл бұрын Қостанқол тауының биігінен көрінетін, көрінбейтін айналаның барлығы Арғындардың, оның ішінде қаржастар мен қаракесектердің жаз жайлауы болған. Осынау кең-жазиралы алқапта Арғындар ұрпақтарын өрбітіп, малдарын өргізіп, ел мен жерді жаулардан қорғап, қиын-қыстау да, қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған да замандарды бастарынан өткізген. Бұл төңіректе әулие-әмбилер де, хан-билер де, ақылгөй даналар да, тарихи оқиғаларды нақышына келтіріп, жатқа, ән-күй ырғағына келтіре айтатын ақын-жыраулар да, жау жүрек, алынбас қамалдарды бұзатын батырлар да ерте дәуірлерде де кеінгі ғасырларда да ғұмыр кешкен, адами асыл қасиеттерін сақтаған. Мал шаруашылығы негізіндегі экономикалық ақуал да, ішкі және сыртқы іс-әрекеттерді реттейтін саяси даналық деңгей де, денені шынықтыратын, ойды толықтыратын, рухты көтеретін, көңілді сергітетін орталар да болған. Арғысы Қорқыт Атадан бастау алып, Асан Қайғыдан Бұқар жырауға, Жошы ханнан Кенесары ханға, Майқы биден Қазыбек биге, Тоныкөк батырдан Бөгенбай батырға, Шорманнан Алшынбайға дейінгі тарихи ұлы тұлғалар жүріп өткен

өркенді өлке. Сарыарқаның сары даласын ұлы қолбасшы Шығысхан сынды, ұлы адамдар легі, небір ноян-қолбасшылар, сардар-сарбаздар, пайғамбар-сақабалар басып өтпеді дейсіз? Мың-миллиондаған адамдардың сүйектері жермен-жексен болып, бағызы ғасырлар тереңіне кетті. Алғабас мешітінің тұсынан, теп-тегіс жерден, әжетхана үшін шұңқыр қазғанда, екі метірден тереңдіктен аса бере адам сүйектері көрінген. Алғашында Қостанқол тауының құс ұшар биігі жаушылар қорғаны болған. Қазақ жеріндегі осы Қостанқол тәрізді төбелері жаушылар нүктелері еді. Жаушы төбелерінің өзара қашықтықтары 100-200 шақырымнан белгіленген. Әрбір жаушы төбелерінде, жаугершілік замандарда, бапталған, ерттелген қос ат шідерлерімен жайылған. Елге жау шапса, бүкіл қазақ жеріне хабар тез арада тараған. Атқа міне алатын жастағы ер адамдар сәйгүліктеріне қонып, межелі жерлерге шоғырланған, әскери жасақтар ұйымдастырылған, соғыс өнерін пысықтаған. Қостанқол тауының маңынан ұзынша қазылған жер ошақ орнын, қорған тастарын, қару-жарақ сынықтарын т.б. жәдігерді тауып алу мүмкіндігі бар. Мына зиратта Құсайын, Құлпейіс, Сәдібек, Келдібектің әкесі Шаншарлардың сүйектері жатыр.

**Қазақ – Қалмақ соғысынан қалған бір үзік сыр... Ботақара – қазақ батыры. Шешенқара – қалмақтың батыр қызы. Ботақара батыр Шешенқара батырға өлердей ғашық болған. Осы батырлардың аттарымен Бұқар жырау ауданындағы Ботақара және Шешенқара таулары аталады. Ботақара батыр Шешенқараға ғашық болған қалмақтың бас батырының қолынан қапыда қаза тапқан.**

Халық сөзі

Керней тауының айналасында мына таулар бар: Семізбұғы, Сартау, Иmekжал, Қожахмет, Аюлы, Шешенқара, Ботақара т.б. Шешенқара мен Ботақара таулары қалмақ пен қазақ батырларының есімдерімен аталатындығы жоғарыда айтылды. Олай болса, Керней тауы Керней батырдың атымен аталады. Бұл мәлімдемені кез келген қарапайым адам, дәлелдемей-ақ ұғынады. Кернейтау Бұқар жырау ауданына 1903 жылы, украин-белорустардың келгенінен ғасырлар бұрынырақ, Керней тауы аталған. Көкбөрі Керней қазақтың бас батыры, хас батыры болмаса, Керней тауы Кернейтау атала ма? Бір сәт ойлап қараңыздаршы, ағайын. Тауларды батырлар есімдерімен айғақтау, сол батырларға халықтың қойған еңселі ескерткіші, баға жетпес сыйы, жүректерді жарып шыққан, ерекше құрметі.

Қостанқол тауына көптеген сарбаздар жерленген. Тау биігінде төрт адамды қойған. Тең үш бұрыш құрап тұрған үш сардардың қақ ортасында жатқан бас сардар болуы мүмкін. Бас сардар моласының үстіне биіктігі жеті метр шамасында болатын, тастардан пирамида тәрізді формада үйілген, оның сыртынан квадрат түрінде бір метр биіктікте тас қоршау қаланған. Үш сардар пирамидаларының биіктіктері үш метірден. Төрт мәйіттің оң және сол қапталдарына көптеген сарбаздар мәңгілік орындарын тапқан. Тастардың ұзын саны, орта есеппен 10000-ан асқан. Сонда мына зиратқа 10000-ан астам адам тас тастаған. Сондықтан да бұл үлкен шайқасқа 15000 шамасында қазақ жауынгерлері қатынасқан деп топшылауға әбден болады. Яғни, соғыстан соң зиратқа тасталған тастар саны аман-сау қалған сарбазар есебін анықтайды. Бабастың Бапағынан шыққан Рамазан батырдың айтқаны: «Бұл 1635 жылғы, Жәңгір хан басқарған Қостанқол шайқасы еді. Осы соғыста көрсеткен асқан ерлігі үшін жас Кернейге «Көкбөрі Керней» атағын Жәңгір хан өзі берген, ал халық хас батырдың көрсеткен ерлігіне тәнті болып, бұрынғы «Сандықтас» тауын «Кернейтау» деп атап кеткен.»

Рамазан батыр 83 жасында үш ай бойына үшті-күйлі жоқ болып, жоғалып кеткен 20-30 жылқыны Ұлытаудың жылқы жасырар сайынан тауып, ел-жұртты

таңқалдырып, Алғабас ауылына айдап келген. Батыр бабамыз 90 жасқа келгенінше, жаз айларында 20-30-ғы жігіттерді жекпе жек қазақша күреске шақырып, оп-оңай оң жамбасына алып, олардың қос жауырынына жер искеткен. Қысы-жазы киімді жеңіл киген. Қыс бойына қар күреген. Қыста қарасудың мұзын ойып, қақаған аязда да оның суына түскен. Аязды боран күндері адасып, сайын далада қалып қойып, сусақтары үсіп, түсіп қалған. Барымташыларға есе жібермеген. Елден ұрланып кеткен жылқыларды иесілеріне қайырып отырған. Сойыл мен шоқпарды оңды-солды әдіс-айлаларымен, еркін сермеген. Өмірінде бірде-бір адам бұл кісіні атынан түсіре алмаған. Қарсыластарын шоқпарымен жiлiншiктен бiр-ақ рет қағып түсірген. Тiстерiн аршамен тазалаған. Дүниеден өткенiнше бiр де бiр тiсi түспеген. Денесiн сұңғақ ұстаған. Рухы мен намысын уысынан шығармаған. Намазын еш уақытта қаза қылмаған. Оразаны жетi күн артығымен ұстаған. Ташпиғын қолынан тастамаған. Әдiлеттi, такаппар, халыққа сыйлы тұлға болған. Үш-ақ күн ауырып, 111 жасында дүниеден озған.

Шорман мырзаның жылқышылары тақымы мықты, сайдың тасындай, айла-әдісті, алпамсадай алып жігіттерден таңдап алынатын. Бірде Шорманның жылқышылары «Біздерден тірі пенде еш уақытта да жылқы ала амайды» деп, мақтанш пікірлерін айтып қалады. Бұл сөз Рамазан батырдың да құлағына жетеді. Рамазан батыр көк тұлпарын ерттеп, сын жолына қамданады. Уақытты көп созбай, Шорман бидің қалың жалқысына келеді. Көк тұлпарына еңкейе жабысып, қалың жылқы ішіне жасырын түрде, жайлап кіреді. Жылқы үйірлерін сүзе қарап, тұяқ алыстарын бағамдап, келісті үйірлерді қалың жылқыдан бөле қақпалап, оларды еппен айдайды. Бұл әректі бақташылар кешігіңкіреп көреді. Айдаудағы жылқылар ұзай түседі. Біраз уақыт өткен соң қуғыншылар Рамазан батырдың ізін кеседі. Рамазан батыр қуғыншыларды тізелерінен шоқпарымен бір-бір қағып, олардың барлығын аттарынан түсіріп, үйір-үйір жылқыларды жайбарақат айдап, кете барады. Бұл сонау Қаракөлден бергі Қандыкөлге дейінгі ұзақ арақашықтық. Осынау адам баласы сенгісіз оқиғаны естіген Шорман мазасызданады. «Елдің көзі төртеу, құлағы алтау. Ұрыны тауып, ауылға шақырып әкелiндер», деп шабармандарына бұйырады. Рамазан батыр Шорманның шақыруын құп алып, би ауылына келіп түседі. Шорман мырза Рамазанның алдына үйеме астау ет пен дәу тегене қымыз қойғызып, қадірменді қонақ қылады. Рамазан батырдың ет алуына, қымыз ішуіне таңырқай қарап: «Үйір-үйір жылқыны сiңiретiндей екен, сары қымызды сiмiретiндей екен. Батыр болса асты болсын! Дана болса басты болсын! Даналық ойы болса, сұңғақ бойы болса, алмайтын жерден де алып кетеді екен.», деген екен. Иығына шапан жауып, басына бөрік кигізіп, астына ат мінгізіп, Шорман мырза Рамазан батырды асқан ыждахаттылықпен еліне шығарып салады. Рамазанның өр рухтылығы мен ер жүректілігіне, бет әлпеті мен дене бітіміне, Шорман мырза қайран қалады. «Батыр болса, Рамазандай батыр болсын. Елімізге тиген жауларды да менің мықты-мықты ерлерім тәрізді допша домалатады екен-ау!», -деп Рамазан атамызға Шорман би өте жоғары баға берген.

Кеңестік үкімет заманында Қостанқол тауындағы зират тастарын К-700 тракторларымен құрлысқа қолдану үшін тасып әкеткен. Тас тасуға Айтқожа Шәйкен ұлы да қатынасқан. «Сол кезде молалар тасын алып жатқанымызды білмеппіз», дейді, ағынан жарылып, Айтқожа молла. Тас тасуды ұйымдастырған адам, осы оқиғадан кейін, тура бір жылдан соң қайтыс болған.

Дерек

*Керей мен Жәнібек сұлтандар қазақтардың рухани тұрғыда бірігуіне, Қазақ хандығының құрылуына негіз қалады. Керей мен Жәнібек сұлтандар Батыс Жетісу жері Қозыбасында қазақ хандығының ұлттық байрағын көтеріп, 1465-*

*1466 жылдары Қазақ хандығын құрды. Сұлтандардың Жетісуға қарай ойысуындағы басты мақсаты-Орталық және Оңтүстік Қазақстанның қазақтарын Ұлы жүз тайпаларымен біріктіру еді.*

XVII-XX ғасырларда Орталық, Солтүстік және Солтүстік шығыс Қазақстан өңірлері Орта жүз, Арғындар үлесінде болған.

1635-1759 жылдар-ойраттар (қалмақтар) қазақ жерінде ойран салған заман. Қазақтар жоңғарлармен 124 жыл бойына, кескілескен қанды шайқастар жүргізіп келді. 1635 жылы Батыр қонтайшы бастаған Жоңғар хандығы құрылды. Ол Қазақстанның оңтүстік-шығыс жағында еді. Жоңғарлардың бірлігі нығайды, әскери күш-қуаты арта түсті. Соғыс жағыдайы кезінде жоңғарлардың әрбір рулық бөлімшесі өте қысқа мерзімнің ішінде жауынгерлік бірлік тобына айналып шыға келді. Жоңғар хандығы жалпы саны 100 мыңға дейін жететін қуатты әскер шығара алатын еді. Олардың 60 мың жауынгері бар тұрақты әскері болды.

Қазақ хандығының жер аумағы Жоңғар билеушілерін қатты қызықтыратын, себебі:

1. Жетісу мен Сырдария өңірін басып алатын болсақ, онда Жоңғарияны Ресей мемлекетімен, Сібірмен, Орта Азия хандықтарымен байланыстыратын аса маңызды сауда жолдарының торабын өз бақылауымызда ұстаймыз, одан әрі Ауғанстанға, Иран мен Закавказьеге жол ашылатын болады деп үміттенді.
2. Қазақстанды жаулап алсақ, өз хандығымыздың солтүстік шекарасын әлдеқайда нығайтамыз, бағынған халықтан қосымша алым-салық алып тұрамыз деп ойлады.
3. Басқыншыларды қазақтың кең-байтақ даласындағы шұрайлы мал жайылымы мен Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысындағы сауда-қолөнер оралықтары қызықтырды.
4. Қазақстан аумағын жаулап алу жоңғарлардың Еділ мен Жайық аралығында көшіп-қонып жүрген қандас тайпалары **құба қалмақтарымен** кедергісіз тікелей байланыс орнатып, қарым-қатынас жасауына жағдай туғызатын еді.
5. Жоңғар мемлекетінің қазақтарды құл етіп ұстаудың мол мүмкіндігіне ие боламыз деп дәмеленді.

Дерек

*Қазақ хандығының өз алдына мемлекет есебіне кіруі қазақ тарихында аз-Жәнібек пен Керей, аз-Жәнібектің кеңсшісі Асан Қайғы іспетті тұлғалардың есімдерімен тығыз байланысты.*

*Қазақ тарихында елеулі із қалдырған, дүркін-дүркін үзілістермен жүз жылға жалғасқан қазақ-жоңғар соғысы 1729-1730 жылдардағы Аңырақай шайқасына дейінгі кезеңде 1711, 1718, 1723-1727 жылдардағы қазақтардың жоңғарлармен соғысын суреттегенде қазақтардың елін, жерін қорғаудағы ерен ерліктерін көрсету менің аруақтар алдындағы қарызым, халық алдындағы парызым.*

*Жоңғар шапқыншылығы 1635 жылы «Ойрат-жоңғар» одағын Батор қонтайшы құрғаннан кейін тіптен асқынды, торғауыттардың Хоорлуғ бастаған үлкен бөлігі сол жылы қазақ даласының терістік-шығыс өңірін көктей өтіп, батыс бағытқа бет алды да, іле Еділ-Жайық аралығына орнықты. 1635, 1643, 1652-жылдары қазақ-жоңғар шайқастары үдей түсті. Шығыстағы жоңғар ордасы тағына Цеван Рабдан қонтайшы отырған соңғы 1698, 1711, 1712, 1714, 1718 жылдардағы «Ақтабан шұбырындыға» дейінгі бес шайқас та, патшалық Ресей мен Башқұр барымташыларының шабуылы, қазақ қолының қуатын бөлшектей берді. Ал 1723 жылдың «Ақтабан шұбырындысы» екі алпауыт көршілердің,*

*Ресей мен Қытайдың құйтырқы саясаттарының қолдауымен іске асты. Қазақ халқының ерлігі көптеген тарихи дастандардың, батырлар жырларының тақырыбына айналды. Керней төңірегінде Қазақ даласын қалмақ басқыншылығынан босату тарихына байланысты жерлер аз емес. 1636-1702 жылдар аралығында, Дөңқол тауларында, оның ішінде Кернейтау мен Қостанқол таулары төңірегінде тарамдалған тарихи маңызы бар оқиғаларға қысқаша тоқталып өтейін.*

1636 жылы, қазақ жерінің оңтүстік-шығысындағы Жоңғар Қақпасынан бастау алған, қазақ-қалмақ шайқастары 1643 жылы Қостанқол тауы төңірегіне де жетті. Бұл уақытта Көкбөрі Кеней, «қайран 25 демекші», 24 жастағы күш-қуаты толысқан, Орта жүздің 1000-дық сардары еді. 1637 жылы, орта жүз сарбаздарының бір құрамасы ретінде, осы Қостанқол тауы етегінде, әсері-тактикалық дайындықтарын, менің топшылауым бойынша, бастап кеткенге ұқсайды. Жаугершілік замандарда қазақ балалары жабағы жүгіртер жасқа жетісімен-ақ, ат шылбырын тартуға, садақ жебесін бағыттауға, қылыш жүзін жануға, ел мен жерді жаудан қорғауға машықтана бастайтын. Ол кездегі бала ойыны әскери дайындыққа ұқсайтын. Өзіне қаратуды, тас боратуды, суға бойлауды, күрмей байлауды, түн қатуды, жамбы атуды, ән-жырға қосылуды, қару-жарақ асынуды, аң-құсты тұзақтауды, аталық-даналық сөзге тоқтауды т.б. өмірге қажетті өнерді жастайынан-ақ үйренетін. «Отыз күн ойынға, қырық күн тойға» әрбір қазақ баласы қатысқан, ептілік әдісіне де, естілік әдебіне де машықтанған. Қазақтар «әкеңнің баласы болма, еліңнің баласы бол», деген аталы сөзді ұрпақтар құлағына мықтап тұрып құйған. Жаугершілік замандарда балалар ерте есейген, «он үшінде отау иесі» деп бекерден-бекер айтылмаған. Осы кезде 13-17 жастағылар жас бала әрекетінде жүрсе, ал ол уақыттағы жасөспірімдер ел алдындағы өте жауапты істерді атқаруға әбден жараған. Қазақта «жылқы мінезі», «барыс жүрегі» болмаса, өзгелерден олар кемсін саналған. Атқа отыра алмаған, қару қолдана алмаған адам үйкүшік санатында қалатын. Қазақ жанұяларынан «қоян жүрек» қорқақты, «су жүрек» суайтты кездестіру қиын. Сөзді саралау, ойды даралау, қайыспас қайсарлық, қарымды қаһармандық қазақтың қанына әбден сіңген, ерекше басымдылық. Досты қадырлеу, дұшпанды дарытпау ел мен жерді сақтап қалудың кепілі саналған. Жаужүрек батыр, Отаншыл азамат болып өсуіне баланы жанұяда да, қоғамдық ортада да дайындалған. Осындай тағылымды тәрбиеден Көкбөрі Керней де өткен.

*Тыныштықпен бір жатпаған,  
Құмырсқаша қаптаған.  
Қазақтың ел-жұртын шауып,  
Жерін аяусыз таптаған.*

Қалмақ дегенді түсініп болмайды екен. Қалмақ дегенің кім? Қандай қансорғыш? Неткен өсімтал? Қалмақ шеріктерінің топталып жатқандығы қазақ еліне еміс-еміс жетіп жатты. Қан сорғыш сары масадай ызындап, қайдан шыға келеді? Бұл дегенің, жау шапқыншылығын күт, қорғануға қамдан, сарбаздарыңды соғысқа сайла деген сөз. Қазаққа «көкте сұңқар, жерде тұлпар бол» деген аталы сөз!

Қалмақтарды үш топқа бөлуге болады:

- Алтай қалмақтары;
- Еділ мен Жайықтың құба қалмақтары;
- Жоңғар қалмақтары.

1644 жыл. Маусым айы. Қостанқол тауының құс ұшарынан енгезердей, зор тұлғалы бас сардар айналасын жорта жорамалдап, көзі жетер шоқыларға назарын



аударуда. Бозарып білінген таңсәріде, көк аспан бұлтсыз, таза еді. Сарбаздарға бас сардар бір түрлі қобалжулы көрінді. 1000 сарбаз күндегі тәртіппен, қаннен-қаперсіз, еш алаңсыз, таңғы астарын ішті де, бие сауым шамасындағы үзілістен соң әскери жаттығуға кірісіп те кетті. Шапшаң қимылмен аттарын ерттеді, қару-жарақтарын сайлады, ас мәзірін қанжығалады, аруақтарға сыйынып, аттарына қонып, екінші аттарын жетектеріне алып, сап түзеді. Он басылар өзге сарбаздардан сойыл бойына, ал жүз басылар екі сойыл бойына алда тұрды. Жауынгер қаһармандығын жаныр жалынды да, намысты да рух көтерер ұран сөз ұлықталып, бүгінгі күн тәртібі сарбаздарға байыппен түсіндірілді. Жүз басылар мен он басылар алдына жасырын міндет жүктелді, қарымды мақсат қойылды:

1. бір аттан екінші атқа кезекпе-кезек ауысып отыру (жай аяңмен, желе жорта, ырғай шаба), жауып келе жатып кілт тоқтап, қайрадан жылдамдықты қосу, оңды-солды бұрыла қалқан тосу, шоқпар сілтеу, семсер сермеу, найза қадау, кез лақтыру, садақ ату т.б.);
2. ондықтар бір-бірімен кезектесе жұптасып қалқанмен қорғану, қылышты тоқтату, найзаны қайыру, садақ жебесін дарытпау, аударыспақ (шынайы қару орнына ағаштан жасалған қару түрлері қолданылған);
3. 40+40+20 әдісі. 20 сарбаз «жаудың» қақ ортасынан 10-10-ан қатарласа тиеді, ал оң және сол қанаттардан қоршай 40-40-тан «жауларын» шеңберлей қоршайды да, жойып жібереді;
4. 30+30+40 әдісі. 2 жақтап 60 сарбаз «жауға» екпіндей келіп, дүрсе қоя береді. Дөп уақыты келгенде, қыр астында жасырынып тұрған таңдаулы 40 сарбаз, ойда жоқта, тұтқиылдан «жаудың» ұрымтал тұсынан тиіп, оларды үрейге бой алдыртып, ат өңменімен қыса отырып, семсермен кескілеп, сілелерін қатырады;
5. 50=50 бірінші әдісі. Өзара 50-іу 50-ден найза тіресу, жекпе-жек іспетті. Бұлшық еттер, оның ішінде, тақым мықтылығын дамыта түсу;
6. 50=50 екінші әдісі. Өзара кезектесе 50-іу 50-ден садақ ату-қалқан тосу. Жаудан қорғану қимылдарын түрлі қалыпта-қазқалпында тұрып, жаяу жүре, аттың түрлі жылдамдығында, қарсы жүре, жандамайлай келе, қаша отырып т.б. қолдану;
7. Ат үстінде тамақтана отырып, «жаудан» сытыла қашып, алдамшы етіп, тұтқиылдан қайрадан тиіп, олардың мазасын қашырып, түп тамырына жете титықтау. Жатқызып, тұрғызып, желітіп, шаптырып, ойқастатып, жауырындатып, жусатып, ащы терін алғызып және т.б. айла-амалдарға үйретіп, жауынгер аттарын бабына кетіру.

Қостонқолда осы тәрізді 11 жүздік әскери жедел дайындық жағыдайында еді. Қосалқы қызыметшілерді қоса есептегенде, соғысқа дайындық үстіндегі жалпы адамдар саны екі мыңның аржақ-бержағында еді. Қызыметшілер санатындағылар: ақылман ақсақалдар, жұлдызшы-балгерлер, емші-сынықшылар, жедел хабаршылар, барлаушылар мен тыңшылар, қару-жарақшы ұста-шеберлер, ат бабын келтірушілер, қымыз және жолазық дайындайтындар, білікті аспаздар, жылқышы сарбаздар т.б.

Ұзақ күнгі жаттығу ойындары, өзін мазалаған ойлары бас сардарды одан әрі қобалжыта түсті. Күн ұясына өрттей қызара, зорайып батты. Айсыз түн жер бетін қараңғы қапаса бөлегендей болды. Күні бойғы қарбалас жаттығудан қалжыраған сарбаздар тәтті ұйқыға кірді. Жылқышы сарбаздар сауын биелер, сояр семіздер мен мінгі аттарды бірге қосып, жазиралы жайылымға айдады. Түнгі күзет те өз кәсібіне кірісті. Бас сардардың кешеден бергі күрсінуді кемімеді. Бас сардар талықсып барып, түн ауа қатты ұйқыға кетті. Таң біліне түсінен тітіркеніп,

көзін ашып, аспанға қарады. Көк аспанды тарғыл-тарғыл бұлттар тырналай бастаған екен. Бас сардар мынандай түс көрді: «Шығыстағы Сарытау жартасы жағынан қара бұлт көрінеді. Жақындай келе қара бұлт ұлғайып, қаптаған сары масаға айналып кетеді. Даланы ызыңға толтырғандай әсер береді. Одан бері жақындап, аспандағы сары масалар, жердегі ұсақ атты, аласа бойлы шеріктерге айнала береді. Қара шеріктердің алдында сары масалардың дәуі тәрізді қызқалмақ жүйткіп келеді. Қалың қалмақтың ұстаған бағыты «Сандықтас.»» Жатқан жерінен ұшып тұрып, Сандықтастан басынан айналасына зер сала, мұқият қарап еді, бас сардар көзіне «Ақшоқы» жақтан шауып келе жатқан екі атты адам көрінді. Әп-сәтте, аттылар да Сандықтас басына кліп жетті. «Аттан! Аттан! Аттан! Жерімізге жау жетіп қалды! Алған беттері Қызылтау. Көп әскер. Жүрістері суыт. Кешікпей Қызылтаудың тасына дұшпан аттарының тұяқтары тиеді. Оларды бөгер қауқар бізде бар ма?...», -деп екі атты сарбаз бас сардарға суық хабарды жеткізді.

Шилі (Керней ауылы), Шат (Үміткер ауылы) және Қаратоқа (Иманбайдың жартасы маңынан ағып өтетін Қаратоқа батырдың атындағы өзен. Осынау үш өзен осыдан 500-100 жылдар бұрын арналары толып, жыл бойына толассыз ағатын. Қазіргі уақытта бұл өзендер көктем кезінде ғана шынайы өзендерге ұқсайды. Осы өзендер ағыстары бойымен анықталар кеңістікті табан астында қою қара бұлт торлап алды, нөсер төгетіндей, табиғат тосыннан төкапшар мінезін танытардай...

Мыңбасы Көкбөрі Керней ақсақалдарды, жүзбасыларды, онбасыларды Қостанқол тауы басына тездете жинатып, қалмақтарға қалай қарсы тұру қажеттігі жөнінде, стратегия-тактикалық мәселе қоймас бұрын, былайша сөз саптады: «Өз басқаруымдағы ерекше жүздікпен Қызылтаудың оңтүстік-шығысынан қалмақтарға төс тіресе титықтайын. Титықтайын да қалмақтың қалың қолынан қорыққан сыңай танытып, құзғын қарғаларға дорбамыздағы тастарды қарша бората, шректерді шаң қаптыра қашайық, көздері шаң-тозаңға көмкерілсін. Қашайық та қалың қалмақты үш өзеннің-Шилі, Шат, Қаратоқа өзендерінің, қақ ортасына қаптатайық. Мыңдықты 300-ден үшке бөліп, 1 жүздікті тасаға жасырып қояйық. Бірінші үш жүздікті Қойсары батыр, екіншісін Қалқаман батыр, үшіншісін Қара батыр, үздік жүздікті Қарағай батыр басқарсын. Үш өзен арасына қалың жау дөп түсісімен, үш үшжүздік қалмақтарға үш жақтан-Сарытаудан, Сандықтаудан, Шаңтиместен кіріп, оларды үш өзенге қарай бағыттай қыссын. Үш тобыр жаудан ортада қалып қойғандарын Тұйықта жасырынған жауынгерлеріміз жайпасын. Түнде көрген түсім төрелі де тұғырлы тұрса, табиғаттан күтетін тосын сыйым бар: нөсер жауын жойқын күш-қуатымен қазақтарға қолдау көрсетіп, сары масалардай тойымсыз, қан сорғыштарды жаншып өтуге көмектеседі деп ойлаймын. Шынымен, ызыңдаған сары масалар айналамызда қара құрттарша қаптап кетті, бұл дегеніміз, ой жүгіртіп қарасақ, жойқын жауынның алғы шарты тәрізді.» «Айтқандарыңызға құлдық, нар тәуекел дейміз! Ой-тұжырымдарыңыз ақылға қонымды!» деп, Қостанқол тауы биігінде дөгелене отырғандар, Бас батыр, Көкбөрі Кернейді, қопарыла орындарынан тұрысып, бір ауыздан құптады.

Тынымсыз да қиындығы мол жауынгерлік дайындықтың нәтижесі болар, сардарлар басқарған сарбаздар, алдын ала белгіленген орын-орындарына, тәртіппен орналастырылды. Түске таман қалмақ аттарының тұяқ дүбірлері құлаққа тиді. Кешікпей Қызылтаудың оңтүстік-шығыс жағынан қара шаң да көзге байқалды. Көкбөрі Керней жүздігінің сарбаздары тағат табар емес, қобалжулы, делебелері қозып, катулана түсуде, олардың аттары да тыпыршып, қолды аяққа тұрмай, ауыздықтарын бытырлата шайнай бастады. Міне, қараңыздар, жаудың қарасы да көрінді. Қалың қалмақтың аттары жүрдек екен, желе жортып келеді.

Иманбайдың жартасынан батысқа қарай аса бере, биік жартастың оң жағындағы терең сайдан Көкбөрі Керней жүздігі, «Аттан! Аттан! Аттан!» айтып, жау бетін бүре бас салды. Бүре тиді де, қара шанды аспанға көтере, арттағы жауға қара тастарды ышқынған қара борандай боратты. Тұйықтың солтүстігіне қарай қазақ жүздігі желдей есіп, жүйткі жөнелді. Өне-міне дегенше олар межелі жерге жетіп те қалды. Бақылаушылар кезектесе шауып, соғыс алаңындағы жағдайды тасадағы жүзбасыларға үздіксіз жеткізіп жүрді.

Аспандағы қап-қара бұлт жерге баурлай түсіп, айналаны қараңғылық басты. Айқұш-ұйқыш найзағайлар ойнай жөнелді, күн шатыр-гүтір тулады, нәсерлі жаңбыр ышқына ысқырынып құйсын келіп, артынша бұған тауық-қаз жұмыртқаларындай бұршақтар айналаны түйгіштеп, төпей ұрсын, айналаның бәрі аласапран күйге түсіп, аспан жерге құлағандай болды да қалды. Үш өзен де арналарынан асып шығып, жер-көк суға малынып кетті. Қалмақтар да, олардың аттары да түк көрмейтін жағыдайға жетіп, тоқырай қалшыып, қаққан қазықша қатып қалды, оларды үрей қармады. Осы сәтте негізгі күш, үш жақтан қалың қалмаққа найза ұшындай, түйрей кіріп, жауды үш бөлікке жарып, үш өзенге бағыттай ат төстерімен итерді. Қазақ сарбаздары жауды әрең дегенде қозғап, кәдімгі қой тәрізді иіре қуып, естерінен адастыра, өзен суына топ-тобыменен тоғытты келіп, тоғытты келіп. Көкбөрі Кернейдің өзінің түсін жақсылыққа дұрыс жоруынан, қазақтың мына сөз еріксізден еріксіз ойға оралады: «Адам тілі тас жарады, тас жармаса бас жарады.» Атылған тастар да, аспаннан жауған бұршақтар да жаулардың бастарын жара тиген тіл болып шықты. Ғасырдан ғасырға ешбір өшпей, жалғасып келе жатқан қария сөз былай дейді: «1644 жылғы шайқастан соң, қазақ халқы, «Иірім» өзенін Қара Тоқа батырдың құрметіне «Қаратоқа» өзені, ал «Сандықтас» тауын Көкбөрі Керней батырдың құрметіне «Кернейтау» атап кеткен.»

Бұл алапат шайқаста қаптаған қара қалмақ толығымен қырылды, қазақ сардарлары мен сарбаздары жағынан да шығын шашетектен болды. Осы уақытта қалмақтар обасы Иманбайдың жартасы жанында жатыр, ал қазақ сардарлары мен сарбаздары Қостанқол тауының ұшар басы мен төменгі тұсында жерленген. Алла Тағала аруақтарға иман берсін!

1520-1758 жылдары, жоңғар қалмақтары қазіргі қазақтың жерін тақыл-тақыл шапқыншылап, ел-жұрттың мазасын ала берді. Шығыстағы жоңғар қақпасынан, батыстағы Еділ бойынан, солтүстіктегі Байкал алқабынан қалмақтар қазақтардың мазасын ала берді. Қазақтың Көкбөрі Керней батыры 1636 жылдан бастап 1701 жылға дейінгі соғыс қимылдарына белсенді түрде қатынасқан. 1643-1644 жылдардағы ұлы майданда Салқам Жәңгір ханның қалың қолын басқарған тұста Көкбөрі Керней сарбаздары қиян-кескі ұрыста шешуші жеңіске жетті.

#### Дерек

*XVI-XVII ғасырлардағы қазақ хандары: Қасым (1511-1518) Қазақтардың негізгі этникалық аудандарын, Қазақ хандығына біріктіріп, бір орталықтан басқару жүйесін жетілдірді; Хақназар (1538-1580) Хақназардың билік еткен кезінде оның мемлекетті дұрыс басқара білуінің арқасында Қазақ хандығының қуаты өсіп, саяси өрлеуі арта түсті; Тәуекел (1582-1598) XVI ғасырдың аяқ кезінде Қазақ хандығының күш-қуаты артып, қонысы мен шекарасы кеңіп, аса қуатты мемлекетке айналды; Есім (1598-1628) Жаугершілік заманда елдің қорғаныс қабілетін нығайтуға бағытталған заңдары Есім ханның шын мәнінде мемлекет тұрғысындағы ірі қайраткер екенін көрсетеді.*

## Атам Қазақ

(1643-1644 жылдардағы қанды майдан)

Қазақ халқы қай кезеңде болмасын «елім, жерім» деген хан мен мырзаға, би мен сұлтанға, батыр мен шешенге кенде болып көрген жоқ. Әр заманның өзінің сөз сөйлер азаматы, тағыдырын шешкен биі, жаудан қорғаған ері болғаны тарихтан белгілі. «Ер жігітке жарасар қолына алған найзасы, би жігітке жарасар еліне тиген пайдасы» деп Бұқар жырау (1693-1787) бабамыз айтқандай, еліміздің «өзін-өзі билеген ел» болуы жолында әрқайсысының қосқан үлесі орасан зор. Елімізді бір замандар «тарихын жаспен жазған тозған ел» етсе, енді бір замандар «тарихын таспен жазған толған ел» етті. Бірақ, қай заманда да, елі үшін, жері үшін еңбек еткен, қанын төккен азаматтардың есімдері халық жадында мәңгі өшпестей болып жатталып қалды, ұрпақтан-ұрпаққа мирас ретінде жалғасуда.

Орыс деректері бойынша, Батұр қонтажы Алатаудағы қырғызға басып кіреді, жұртын ойрандап, жерін тартып алып, Тоқмаққа дейін жетеді. Бұл заманда қырғыз халқы Қазақ Ордаларының бір ұлысы болған. Ел ішіне жау тигенін естіген Жәңгір сұлтан қарсы аттанады. Кейінірек, соғыстың соңғы кезеңінде 20 мың шерікпен Бұқар хандығынан Самарқан әміршісі Жалаңтөс аталық жетеді. Яғни, ойрат-қазақ соғысы екі хандық шеңберінен шығып, моңғол-түрік соғысына айналады. Орталық Азиядағы үстемдік үшін қазақ пен қалмақ арасындағы ұрыстар 1520 жылы басталып, ара-тұра үзілістермен 1758 жылға дейін, яғни екі ғасырдан астам уақытқа жалғасты. 1643-1644 жылдардағы ұлы майданда Салқам Жәңгір ханның қалың қолын басқарған тұста Көкбөрі Керней сарбаздары қиян-кескі ұрыста шешуші жеңіске жетті. Осы орайда, Абылай заманының деректі құжаттарында нақты аталатын, тарихи әңгіме, жырлар мен байырғы әдеби мұраларда бой көрсететін, халық жадында берік сақталған аруақты батырларын еске алғанымыз жөн. XVIII ғасырдың үшінші бөлігінде Дүрбін-Ойратты ойрандаған, Мәнжу-Цин басқыншыларынан қаймықпаған, торғауытты тоқыратқан, қырғызды Алатаудан аударып, өзбек әміршілерінің аузын жапқан, сөйтіп, жиырма жыл бойы қазақ байрағын жықпай, Аблай ханға үш жүзді басқартқан, Алаш Ордасын орнықтырған, атақты да айбынды, айтулы қолбасшылар: Қаракерей Қабанбай, Әбілпейіс сұлтан, Мүйізді Өтеген, Нұралы хан, Қанжығалы Бөгенбай, Ералы сұлтан, Орыс сұлтан, Жанатай, Баян, Малайсары, Олжабай, Керей Жәнібек, Шапырашты Науырзбай, Ақтамберді, Жәпек, Бердіқожа, Тілеуке, Сағымбай, Құлеке, Дат, Көкжарлы, Барақ, Құлашбек, Тұрсынбай, Нарбота, Қожаберген... Бұлардан басқа Жабай, Сырымбет, Байғозы, Елшібек, Сары, Сеңкібай, Мамыт, Молдыбай, Таңсық, Оразымбет, Райымбек, Шыңқожа, Айбас, Жаназар, тағы да басқа жүздеген батырлардың аттарын атауға болады. Осындай марғасқа батыр-қолбасшылардың ақыл-парасаты, қажыр-қайраты, төгілген тері мен қасық қаны-бүкіл қазақ тарихын тәуелсіздік тұғырына тақады, ұлтының мерейін үстемдеп, ұрпақ болашағын бағамдады. Біздің заманымызда жоғарыда аттары аталған және аталмаған көрнекті тұлғалардың табандылығының нәтижесінде бұрнағы «Есім ханның Ескі жолынан» еліміз тәуелсіздік туын желбіретіп, қазіргі елбасы «Нұрсұлтанның нұрлы жолымен» еліміз нық қадаммен алға басуда.

### Түйін.

Ақбақай жорғамды жосылтып, жаныма көнекөз ата-әжелерді жол серік етіп, қазақтың Көкбөрі Керней батырының қаракер тұлпарының ізімен жүріп, талай шаршы шақырымды шаңдатып өттік. Орыс-қазақпен әңгіме тарқатысып, үш-төрт ғасырлық тарих тұңғығына тереңдедік. Керней ауылы астындағы күмісі тұнған теңіз тереңінен тарихи хабарды қазып алғандай болдық. Ағаштары бүршік

жарған, қарағандары топталып шоғырланған, қыр қызғалдақтары құлпырған мамырлы мамыр айының жұпарлы ауасымен кеңінен тыныс алдық. Әрбір сапарымызда Көкбөрі Керней баба жөнінде әңгіме қозғалып, тарихтың тұнба тереңіне үңілістік. Сол шұбаландаған жол, сол шұбатылған сөз, сол жайылған қол (аруақтарға дұға бағыштау, бір Алладан тілек тілеу), сол жаудыраған көз Көкбөрі Кернейдің өмір жолын, қазақ тарихының бір кішкентай түйірін көкейге ұялатты, ойға ой қосты, ақылға ақыл қосты, білімімізді молайтты, санамызды жаңғыртты. Көкбөрі Керней бір ғасырға жуық ғұмырын туған жері үшін, асқақ елі үшін ат үстінде, түн ұйқысын төрт бөліп, күн ыстығына шыжып, түн суығына тоңып, қазақтың жоғын жоқтап, бұрысын дұрыстап, жаумен жағаласып, дұшпанмен дүбірлесіп, өршіл мінезімен, қазақи-бөрілік болмысымен, жендеттерге деген қаһармандық қаһарымен өмір-ғұмырын ат үстінде өткізген. Ат үстінде туған, ат үстінде өлген. Бірақ-та, Көкбөрі Кернейдің есімі, мұқалмас қайрат-жігері, аспандаған рухы өлген жоқ. Көкбөрі Керней, осынау төңіректі, Керней ауылы тұрған жерді, Кернейтауды, төбелер мен адырларды 1639-1651 жылдары мыңбір мәрте басып өткен. Бұл жерлерде бабаның өшпес ізі қалған. Көкбөрі Керней кіндігінен тараған ұрпақ осы, бүгінгі күнге дейін өсіп өнуде, гүл жайнауда. Қазақ ішінде, Арғын ішінде, Қаракесек ішінде, өз алдына бір төбе ел, төрт құбыласы сай ел, даңқ-абройы ұлықты, бақ-дәулеті келісті, Көкбөрі Керней ұлысына айналды. Мұнда қазақты ру-руға, тайпа-тайпаға бөлейін деп айтпаймын, бүтін қазақ үшін мақтаныш ретінде айтамын, аса құрметті Қазақстандықтар! Қазақтың көшпелі заманы тұсында Көкбөрі Керней кіндігінен тараған ұрпақтарының бақ-дәулеті тасып, малы өсіп, өрісі өрбіген. Сол жылдары кернейліктер Балқаш көлінің солтүстігінен бастап Шилі өзенінің сол жақ ағысына дейінгі төңірекке, төрт мезгілдік көшуде болған. Олар: қыстау, көктеу, жайлау, күзеу. Кернейліктер Кернейтау баурайында қаржас румен көршілес тұрып, жаз жайлауында малдарын өріске өргізген.

Үкімет басында отырғандарға, халық қалаулыларына, тарихшы ғалымдарға, көкірегі ояу азаматтарға біздің тілек сөзіміз жетер деп топшылаймыз. Елбасы мен ғалымдар тарапынан қолдау көрсетіліп, тарихтың қақ төрінен Көкбөрі Керней батыр бабамыз лайықты орнын алады деп кәмілінен сенеміз. Төрт ғасырға жуық уақыт аралығында Көкбөрі Керней атының өшпей сақталуы тегіннен тегін емес. Ой таразыға салып көріңіздерші, кімнің есімі осынша уақыт халықтың жадында сақталған, еш ұмытылмаған, аңыз-әңгімелер қатарласа айтылған. Қаңғыған орыстар келіп жер-су аттарын, ешкімнен сұрамай-ақ өзгерте берген, тарихи атаулар өрескел өшірілген немесе орыстандырылған. Өз беттерімен Керней ауылын «Корнеевка», Көкбөріні «Волчи» деп, ал Кернейтауды «Кернейгора» деп атап кеткен, еш бір қиналмай-ақ, заңдастырып алған. Бұл кезде жер-сулардың тарихи, заңды атауларын қайтару мүмкін болмай отырғаны қалай? Павлодар, Петропавловск, сол сияқты, Астанаға Қарағандыдан барар күре жол бойындағы толып жатқан Корнеевка тәрізді, елге еңбегі сіңбеген орыстардың «евка» аттары. Бұл қазақты басынғандық! Бұл сұмдық қой! Осы үшін мен өлердей ұяламын, жағамды ұстаймын, жанған тас көмірдей болып, ішім оттай өртеніп, басымдағы миым құж-құж қайнайды, шыбын жаным күйзеліп, Алланың жарық дүниесіне симайтындай болып, қан жылаймын. Тарихи атауларды қайрадан қалпына келтіруге қабілетіміз жоқ, көрінген келімсекке жаутаңдаймыз, мұндайда үнжұрғамыз түсіп, теперіш көрген тіліміз күрмеліп, бейшаралық кейіпке түсіп қаламыз, қарайғаннан қорқып, өз-өзімізден де қаймығып тұрамыз. Көкбөрі Кернейдің қолбасшылық келбетті, нар тұлғалы тас мүсіні бас қаламыздың сәулетті даңғылдарының бірінен, қара орман халқына өз жерінде, өз елінде сұлтан болу керек екендігін ұғындырып, халқына ақ жол көрсетіп тұруы керек деп санаймыз. Ауданның, көшенің атауын беру Көкбөрі Керней бабаға лайық.

Оқу орындарында, тарих пәні бойынша Көкбөрі Керней оқулары өтіп тұруы дұрыс болар-ау. Жалтақтайтын уақыт өтті, өр мінез көрсетер уақыт жетті, арда қазақ! Осы ойға қарсы шығатын «білімпаздардың» шығарына менің күмәнім жоқ. «Өз ішіңнен шыққан жау жаман» демекші, Көкбөрі Керней бабамызға бір ауыл атын беруді де қимай қалатындар табылып қалуы әбден мүмкін. Қазақтар бір-бірінің аяғынан шалуды бір заманда да тоқтатқан емес. Бұл жаман әдеттен қашан арылар екенбіз? Мені тарихшы емес, бұл өзі кім деушілер де табылады. Мен тарихшы болмасам да, таза ниетті адаммын, қазақтың шынайы, тағылымды тарихы үшін жаным ашиды, оны білуге тырысамын, білгенімді ел-жұртқа ұғынуға күшімді сарп етемін. Бұл сөздерді айтуға мен қорқпаймын, себебі, Көкбөрі Керней іспетті осы дастанда есімдері аталған дуалы ауыз, сөзге шешен, аруақты батыр бабаларымның, түкті жүректі қазақтың, биік еңселі, нар таулардай қазақ халқының ұрпағымын.

*Қаратаудың басынан көш келеді,  
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді,  
Ел-жұртынан айырылған жаман екен,  
Екі көзден мөлтілдеп жас келеді.  
Мына заман қай заман, бағы заман,  
Баяғыдай болар ма тағы заман!  
Қарындас пен қара орман қалғаннан соң,  
Көздің жасын көл қылып ағызамын.*

Қожаберген жырау

Жоңғарларға жылдам және оларды жойып жіберетіндей соққы беру мақсаты қазақтар алдына қойылды. Осы тұрғыда 1726 жылы Ордабасы тауында Бүкілқазақтық құрылтай өтті. Құрылтай шешімі шеңберінде әрбір ру басы жауынгерлік жасақтарын құрып, оларды бүкілқазақтық бір үлкен қолға бағындырып, қазақ қоғамының бүкіл күш-жігерін жоңғар жендеттеріне қарсы қойды. **Бас сардарбегі Қанжығалы Бөгенбай** қолбасшылық жасаған қазақ жауынгерлері басқыншыларға қарсы жұдырықтай жұмылып, ұлан-ғайыр жеріміздің барлық төңірегінде асқан ерлікпен шайқасып, тарихи ұлық жеңіске қол жеткізді.

Бүгінгі тілмен айтсақ, ой-санасы, тілі бір үйсіндермен одақтасып, **ғұндардың бес гасыр бойы өмір сүрген ұлы империясын құрғаны мәлім!**

КСРО Ғылым академиясының «Наука» баспасы 1980 жылы шығарған зерттеуші Л.Викторованың: «Монголы: истоки происхождения народа и истоки культуры» деп аталатын кітабында ірі ғалымдар Малов (1951 ж.) пен Басқақовтың (1964 ж.) соңғы пайымдауларына сүйеніп, **ғұндарды түрік тілдес** болған,-дейді, ал **ғұндардан қият, тайшуыт** тарайды.

*Біздің ата-бабаларымыздың да жауынгер болғаны тарихтан мәлім. Егер олардың қолданған сан түрлі айбатты қару-жарақтарын дәл осылай жеке көме ретінде ұсынса, рухымыз көтеріліп, патриоттық сезіміміз еселеп артар еді». Бұл-елордадағы Президенттік мәдениет орталығында өткен «Мемлекеттік Эрмитаж жинағынан XV-XIX гасырлардағы орыстың салтанатты және аңшылық қару-жарақтары» көрмесін тамашалағаннан кейінгі Республикалық ұланның 0112-әскери бөлімінің жауынгері, аға сержант Аймұқан Солтыбаевтің ойы.*

*Мәскеудегі Мемлекеттік Эрмитаж өткен гасырлардағы түрлі өнер туындыларының жинағына толы десек артық емес. Сол құнды жәдігерлердің ішіндегі бір төбесі-саны 15 мыңға жететін қару-жарақтар. Бұларды өткен гасырлардағы қару ұста шеберлерінің дарыны мен еңбегінің туындылары деуге*

болады. Коллекция бұйымдарының қатарын негізінен жоғары деңгейдегі салтанатты, аңшылық, жекпе-жек және соғыс қарулары құрайды. Бір қарағанда олардың техникалық мүлтіксіздігі ғана емес, сонымен бірге бай жабдықтармен ерекшеленетінін байқауға болады. Германия, Италия, Франция, Түркия, Иран, Жапония мен Үндістан қатарлы елдерден әкелінген көне сауыт-саймандар, басқа да түрлі қарулар, қылыштар мен қанжарлар, тапаншалар мен дуылғалар-осынау коллекцияның негізін құрайтын дүниелерге жатады. Ал олардың әлемдік қару-жарақ коллекцияларының бірегейлері санатына кіретінін де айта кеткен жөн.

Көрмедегі бұйымдардың көркемдігі мен басқа да ерекшеліктері орыс қару-жарақ шебер ұсталарының дарыны мен шеберліктерін айқындады десек те, онда шығыстық үлгі мен мұнда лап тұрған сыңайлы.

Бір ғана мысал, коллекцияның ең алғашқы жәдігері 1811 жылы Түркиядан олжа ретінде әкелінген семсер екенін айтсақ та жеткілікті.

Орыстың қаруын көре отырып, мұндай қару-жарақ жәдігерлердің топтамасы неге бізде жоқ деген ой келеді. Бізде әр өңірден табылған ескі қарулар сол жерде сақталады.

Астанадағы біздің Эрмитаж болып саналатын-Президенттік мәдениет орталығында қазақтың, тіпті түріктің түп тарихынан сыр шертетін айбынды қару-жарақтарымыздың коллекциясы жиналып, жұрт назарына ұсынылса, рухымыз ояу жүрер еді!

Қазақ сарбаздары мынандай қару-жарақтарды шайқас даласында қолданды: сойыл, гүрзі-шоқпар, қанжар, найза, қылыш (семсер, наркескен, селебе, алдаспан т.б.), садақ, айбалта, білте мылтық. Қазақ жауынгерлері үстіне болат сымнан тоқылған сауыт, басына темірден құйылған дуылға киді. Қазақ сардарбегілер мен сарбаздарының ерлігін біздің заманымызға жеткізген ақын-жырауларды атап өтейін: Үмбетей, Ақтамберді, Тәтіқара, Қожаберген, Көшен, **Бұқар жырау** т.б.

Қазақ халқының жоңғарларға қарсы азаттық күресі барысындағы елеулі оқиғалар:

Бұранты шайқасы Сайрам (1682 ж.), Түркістан (1723 ж.), Үлкентор (1725 ж.), Бұланты (1728 ж.), Аңырақай шайқасы (1730 ж.), Аягөз (1745 ж.) т.б.

### **Атанның ұлы болып тума, елінің ері болып ту**

*Жекпе-жекте қарсыласын қаусатқан,  
Садақты тартқанда жауын дәл атқан.  
Елі, жері үшін дау-дамайға түскенде,  
Тапқырлықпен дұшпанын тоқтатқан.  
Қазақ қолын жеңіске бастаған,  
Жеті қаруын басына жастаған.  
Төбе басында болған жиында,  
Дананың нақыл сөзін қостаған.  
Жау сөз түсінбей, барғасын дауға,  
Батыр ұқсап кеткендей биік тауға.  
«Аттан», - деп рух күшін шақырып,  
Тап берді жер қайысқан көп жауға.  
Арам ниет жауыздарды сұлатты,  
Секеңдеткен қара туын құлатты.  
Бастарына қара бұлтты төндіріп,  
Ерім жауды еңкілдетіп жылатты.*

Батырлар туралы тарихи деректерде Шапырашты Наурызбай, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай бабаларымыз Абылай хан айналасындағы бас батырлар қатарында болғандығы айтылады. **Жүз он үш жас жасаған, қазақтың бес ханын көзімен көрген, Абылай ханның ақылшысы, осынау, қазыргы заманымызды көрегендік-дәлдікпен болжаған Бұқар жырау** осы үш қолбасшының маңында мынандай қаһарман батырлардың жүргендігін осы уақытқа жеткізді: Шақшақұлы Жәнібек, Сіргелі Қара Тілеуке, Қарақалпақ Қылышбек, Текеден шыққан Сатай мен Бөлек, Қаумен, Дәулет, Жәпек, Сеңкібай, Шойбек, Таңсық қожа, Мәмбет, Молдабай, Есенқұл. Сонымен қатар: Жасыбай, Малайсары, Қожаберген, Түгел, Шақантай, Қошқарбай, Байболат т.б. Жоңғарға қарсы шайқастарға әйелдер де қатысты. Батыр қыздар: Айтолқын, Айбике, Гауһар, Назым т.б.

**XV-XX** ғасырлар төрінен орын алған, кезінде қазақтың даңқын аспандатқан, қол жиып, атқа қонып, сауыт киіп, қалқан ұстап, шоқпар сілтеп, қылыш сермеп, найза түйреп, садақ тартып, мылтық атып, оқ-дәріні жарып, жері мен елін жаудан қорғаған, өр намысын ешкімге бермеген, ұлттық биік рухты ту қылған, мемлекет тәуелсіздігіне жету жолында шыбын жандарын құрбан еткен, осынау асқақ мақсатты орындау үшін өзінің септігін тигізген тарихи тұлғаларды, соның ішінде, «елім-ай»,- деп өмір бойына дұшпандармен арпалысып өткен төменде есімдері ескерілген ерен ерлерін қазақ халқы мәңгілікке жадында сақтамақ: Қобыланды Токтарбайұлы, Жалаңтөс батыр, Қарасай Алтынайұлы, Есет Көкіұлы, Бөгенбай батыр, Қабанбай батыр, Хангелді Сырымбетұлы, Саңырық Токтыбайұлы, Өтеген батыр, Қойгелді Сартұлы, Райымбек Түкеұлы, Наурызбай батыр, Олжабай Толыбайұлы, Ағыбай батыр, Сырым Датұлы, Жауғаш Қырбасұлы, Жанқожа Нұрмұхамедұлы, Сыпатай Әлібекұлы, Исатай Тайманұлы, Саурық Стамбекұлы, Махамбет Өтемісұлы, Есет Көтібарұлы, Баян Қасаболатұлы, Аманкелді Иманұлы, Бауыржан Момышұлы, Қайрат Ырысқұлбекұлы т.б.

Екі би айтысқанда жалпы үкімді шығару үшін **Төбе би** сайланған. **Би** болатын адамның бойынан бірнеше ерекше қасиет байқалып тұруы ләзім. Ол шешендік өнер мен аталы сөзді меңгерген, адал, ешкімге бұра тартпайтын әділ, пара алу дегенді білмейтін, қазақтың дәстүрлі әдет құқығын жете білетін, аса сыйлы адам болуы шарт. **Би «Қасымханның қысқа жолын», «Есімханның ескі жолын», Тәукеханның «Жеті жарғысын»** жатқа білуі керек. Би әділ де тапқыр, **Әйтеке би** айтқандай, **«дұрыс сөзге тоқтай білген, басқаның сөзін тоқтата білген»** дана болуы міндетті. **Би** өзінің сіңірген еңбегі үшін **«бидің билігі»** деген сыйлығын алады. Қазақ тарихында өшпес із қалдырған атақты билер: **Майқы би, Ұлы жүзден Төле би, Орта жүзден Қазыбек би, Кіші жүзден Әйтеке би** т.б.

Бір атадан ала да, құла да туады. Ондай-мұндай ханның қызында да болады. Оны біз мойындауымыз керек. «Көш жүре түзеледі»,- дейді қазақта. Көш жөнелер. Керуен кетер. Көңіл ағарар. Көсегеміз көгерер. Ел ішінен шыққан әбестік қылықтар үшін мен сіздерден кешірім өтінемін. Ойы тазаның, сөзі таза. Ой-өрісіміз пәк болсын! Тілек-мақстатымыз ақ болсын! Ойымды түйіндей келе, елдегі саусақпен санарлық ғана қандастарыма мынаны ескерткім келеді:

*Арлан тарих көшіне мен де ердім,  
Кернейтауды аралап келем дедім.  
Сан қилы қиындықтарға кездесіп,  
Қандастардан таяқты да жедім.*

*Талай-талай жерлерді араладым,  
Жүрегімді сен несіне жараладың?*



*Мені Қаракесекке сатылдың деп,  
Көңіліме шаң түсіріп, қараладың.*

*«Жүзге бөлінгеннің жүзі сынсын», - дейді қазақ ата.  
Руға бөлініп шашырағанды жақтай алмаймын мен.  
Егер, ру-руға ыдырап кететін болса әрбір жанұя,  
Сірә, шөлдегі жұртта жалғызсұрап қаларсың сен.*

Құдайға шүкір, Көкбөрі Керней ұрпақтары сан мен сапа жағынан өз алдына ру болуға айналды. Көкбөрі Кернейге арналып ас берілді, оның рухына бағышталып дұғалар оқылды. Дұғалардың «Кернейтауда» оқылуы, астың Бұқар жырау ауданы орталығында берілуі ел-жұртым үшін зор мәртебе. Бұл адамдар арасындағы тіріліктің, силастықтың және бірліктің белгісі. Бұл батыр бабаларымызға деген, оның ішінде, Көкбөрі Керней батыр бабамызға деген үлкен құрмет. Сондықтан да, өз әулетімнің атынан, елімнің атынан Көкбөрі Керней ұрпақтарына шексіз рахметімді айтамын.

*Қазақтың әуендерін естіп шаттанамын,  
Жақсыны көруге сапарларға аттанамын.  
Алыс-алыс жолдарда елмен дидастарласып,  
Ақылгөй ғұламалардан мен хаттанамын.*

*Қысыр сөздерді қаперіме еш ілмедім,  
Көкбөрі Керней батыр рухын іздедім.  
Жиырма жыл тектен-тек өтпейті,  
Мінекей, кернейліктермен кездестім.*

*Көкбөрі Керней ұрпақтары өсе берсін,  
Жол қиындықтарын жеңіп кете берсін!  
Әр қазақтың мәртебесін асқақтатып,  
Ақ желкенді армандарына жете берсін!*

*Қаратаудың басынан көш келеді,  
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді,  
Ел-жұртынан айырылған жаман екен,  
Екі көзден мөлтілдеп жас келеді.  
Мына заман қай заман, бағы заман,  
Баяғыдай болар ма тағы заман!  
Қарындас пен қара орман қалғаннан соң,  
Көздің жасын көл қылып ағызамын.*

## **Қожаберген жырау**

Жоңғарларға жылдам және оларды жойып жіберетіндей соққы беру мақсаты қазақтар алдына қойылды. Осы тұрғыда 1726 жылы Ордабасы тауында Бүкілқазақтық құрылтай өтті. Құрылтай шешімі шеңберінде әрбір ру басы жауынгерлік жасақтарын құрып, оларды бүкілқазақтық бір үлкен қолға бағындырып, қазақ қоғамының бүкіл күш-жігерін жоңғар жендеттеріне қарсы қойды. **Бас сардарбегі Қанжығалы Бөгенбай** қолбасшылық жасаған қазақ жауынгерлері басқыншыларға қарсы жұдырықтай жұмылып, ұлан-ғайыр жеріміздің барлық төңірегінде асқан ерлікпен шайқасып, тарихи ұлық жеңіске қол жеткізді.

Бүгінгі тілмен айтсақ, ой-санасы, тілі бір үйсіндермен одақтасып, **ғұндардың бес гасыр бойы өмір сүрген ұлы империясын құрғаны мәлім!**

КСРО Ғылым академиясының «Наука» баспасы 1980 жылы шығарған зерттеуші Л.Викторованың: «Монголы: истоки происхождения народа и истоки

культуры» деп аталатын кітабында ірі ғалымдар Малов (1951 ж.) пен Басқақовтың (1964 ж.) соңғы пайымдауларына сүйеніп, **ғұндарды түрік тілдес** болған,-дейді, ал **ғұндардан қият, тайшуыт** тарайды.

*Біздің ата-бабаларымыздың да жауынгер болғаны тарихтан мәлім. Егер олардың қолданған сан түрлі айбатты қару-жарақтарын дәл осылай жеке көме ретінде ұсынса, рухымыз көтеріліп, патриоттық сезіміміз еселеп артар еді». Бұл-елордадағы Президенттік мәдениет орталығында өткен «Мемлекеттік Эрмитаж жинағынан XV-XIX ғасырлардағы орыстың салтанатты және аңшылық қару-жарақтары» көрмесін тамашалағаннан кейінгі Республикалық ұланның 0112-әскери бөлімінің жауынгері, аға сержант Аймұқан Солтыбаевтің ойы.*

*Мәскеудегі Мемлекеттік Эрмитаж өткен ғасырлардағы түрлі өнер туындыларының жинағына толы десек артық емес. Сол құнды жәдігерлердің ішіндегі бір төбесі-саны 15 мыңға жететін қару-жарақтар. Бұларды өткен ғасырлардағы қару ұста шеберлерінің дарыны мен еңбегінің туындылары деуге болады. Коллекция бұйымдарының қатарын негізінен жоғары деңгейдегі салтанатты, аңшылық, жекпе-жек және соғыс қарулары құрайды. Бір қарағанда олардың техникалық мүлтіксіздігі ғана емес, сонымен бірге бай жабдықтармен ерекшеленетінін байқауға болады. Германия, Италия, Франция, Түркия, Иран, Жапония мен Үндістан қатарлы елдерден әкелінген көне сауыт-саймандар, басқа да түрлі қарулар, қылыштар мен қанжарлар, тапаншалар мен дуылғалар-осынау коллекцияның негізін құрайтын дүниелерге жатады. Ал олардың әлемдік қару-жарақ коллекцияларының бірегейлері санатына кіретінін де айта кеткен жөн.*

*Көрмедегі бұйымдардың көркемдігі мен басқа да ерекшеліктері орыс қару-жарақ шебер ұсталарының дарыны мен шеберліктерін айқындады десек те, онда шығыстық үлгі менмұндалап тұрған сыңайлы.*

*Бір ғана мысал, коллекцияның ең алғашқы жәдігері1811 жылы Түркиядан олжа ретінде әкелінген семсер екенін айтсақ та жеткілікті.*

*Орыстың қаруын көре отырып, мұндай қару-жарақ жәдігерлердің топтамасы неге бізде жоқ деген ой келеді. Бізде әр өңірден табылған ескі қарулар сол жерде сақталады.*

*Астанадағы біздің Эрмитаж болып саналатын-Президенттік мәдениет орталығында қазақтың, тіпті түріктің түп тарихынан сыр шертетін айбынды қару-жарақтарымыздың коллекциясы жиналып, жұрт назарына ұсынылса, рухымыз ояу жүрер еді!*

Қазақ сарбаздары мынандай қару-жарақтарды шайқас даласында қолданды: сойыл, гүрзі-шоқпар, қанжар, найза, қылыш (семсер, наркескен, селебе, алдаспан т.б.), садақ, айбалта, білте мылтық. Қазақ жауынгерлері үстіне болат сымнан тоқылған сауыт, басына темірден құйылған дуылға киді. Қазақ сардарбегілер мен сарбаздарының ерлігін біздің заманымызға жеткізген ақын-жырауларды атап өтейін: Үмбетей, Ақтамберді, Тәтіқара, Қожаберген, Көшен, **Бұқар жырау** т.б.

Қазақ халқының жоңғарларға қарсы азаттық күресі барысындағы елеулі оқиғалар:

Бұранты шайқасы Сайрам (1682 ж.), Түркістан (1723 ж.), Үлкентор (1725 ж.), Бұланты (1728 ж.), Аңырақай шайқасы (1730 ж.), Аягөз (1745 ж.) т.б.

Батырлар туралы тарихи деректерде Шапырашты Наурызбай, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай бабаларымыз Абылай хан айналасындағы бас батырлар қатарында болғандығы айтылады. **Жүз он үш жас жасаған, қазақтың бес ханын көзімен көрген, Абылай ханның ақылшысы, осынау, қазыргы**

**заманымызды көрегендік-дәлдікпен болжаған Бұқар жырау** осы үш қолбасшының маңында мынандай қаһарман батырлардың жүргендігін осы уақытқа жеткізді: Шақшақұлы Жәнібек, Сіргелі Қара Тілеуке, Қарақалпақ Қылышбек, Текеден шыққан Сатай мен Бөлек, Қаумен, Дәулет, Жәпек, Сеңкібай, Шойбек, Таңсық қожа, Мәмбет, Молдабай, Есенқұл. Сонымен қатар: Жасыбай, Малайсары, Қожаберген, Түгел, Шақантай, Қошқарбай, Байболат т.б. Жоңғарға қарсы шайқастарға әйелдер де қатысты. Батыр қыздар: Айтолқын, Айбике, Гауһар, Назым т.б.

**XV-XX** ғасырлар төрінен орын алған, кезінде қазақтың даңқын аспандатқан, қол жиып, атқа қонып, сауыт киіп, қалқан ұстап, шоқпар сілтеп, қылыш сермеп, найза түйреп, садақ тартып, мылтық атып, оқ-дәріні жарып, жері мен елін жаудан қорғаған, өр намысын ешкімге бермеген, ұлттық биік рухты ту қылған, мемлекет тәуелсіздігіне жету жолында шыбын жандарын құрбан еткен, осынау асқақ мақсатты орындау үшін өзінің септігін тигізген тарихи тұлғаларды, соның ішінде, «елім-ай», - деп өмір бойына дұшпандармен арпалысып өткен төменде есімдері ескерілген ерен ерлерін қазақ халқы мәңгілікке жадында сақтамақ: Қобыланды Токтарбайұлы, Жалаңтөс батыр, Қарасай Алтынайұлы, Есет Көкіұлы, Бөгенбай батыр, Қабанбай батыр, Хангелді Сырымбетұлы, Саңырық Тоқтыбайұлы, Өтеген батыр, Қойгелді Сартұлы, Райымбек Түкеұлы, Наурызбай батыр, Олжабай Толыбайұлы, Ағыбай батыр, Сырым Датұлы, Жауғаш Қырбасұлы, Жанқожа Нұрмұхамедұлы, Сыпатай Әлібекұлы, Исатай Тайманұлы, Саурық Стамбекұлы, Махамбет Өтемісұлы, Есет Көтібарұлы, Баян Қасаболатұлы, Аманкелді Иманұлы, Бауыржан Момышұлы, Қайрат Ырысқұлбекұлы т.б.

Екі би айтысқанда жалпы үкімді шығару үшін **Төбе би** сайланған. **Би** болатын адамның бойынан бірнеше ерекше қасиет байқалып тұруы ләзім. Ол шешендік өнер мен аталы сөзді меңгерген, адал, ешкімге бұра тартпайтын әділ, пара алу дегенді білмейтін, қазақтың дәстүрлі әдет құқығын жете білетін, аса сыйлы адам болуы шарт. **Би «Қасымханның қысқа жолын», «Есімханның ескі жолын», Тәукеханның «Жеті жарғысын»** жатқа білуі керек. Би әділ де тапқыр, **Әйтеке би** айтқандай, **«дұрыс сөзге тоқтай білген, басқаның сөзін тоқтата білген»** дана болуы міндетті. **Би** өзінің сіңірген еңбегі үшін **«бидің билігі»** деген сыйлығын алады. Қазақ тарихында өшпес із қалдырған атақты билер: **Майқы би, Ұлы жүзден Төле би, Орта жүзден Қазыбек би, Кіші жүзден Әйтеке би** т.б.

**Отан үшін күрес-ерлерге тиген үлес**

## **Отан үшін от кешкен...** (1941-1945)

**Освенцим коцентрациялық лагерінен аман қалған адам**

*Болды Одақ солдатты –  
Кісілер төзбес орында,  
Адамзат сезімі қорында,  
Освенцим темір торында.*

*Түн қараңғысы түңілтті –  
Адам жүйкесіне жүк артты,  
Самай шашты ерте ағартты,*

*Адамның сүйегін пешке тоғытты.*

*Күңіренер ғасырдан ғасырға –  
Мұхиттың суы лайланып қатты,  
Қара жер қара жамылып жатты,  
Аспандағы ауа қамығып қарауытты.*

*Фашизмнің жазылмас індеті –  
Адамның жадында сақталған,  
Уақыттың сүрлеуінде қақталған,  
Оны білу клер ұрпақтардың міндеті.*

**Аймағанбет қажы тегі Ақышұлы Тирмизи** 1904 жылы осы күнгі Бұқар жырау ауданындағы Қызылтау жерінде туған. Ұлы Отан соғысына қатынасып, жауға деген ымырасыздық пен табандылық үлгілерін көрсете білген. Польша жеріндегі бір үлкен шайқаста бірнеше әскери бөлімшелер қоршауда қлған. Сол арпалыста Т.Ақышұлы контузия алып, фашистердің Освенцим концлагерінен бір-ақ шыққан. Лагерде қараушылардың бақылауында, тас қопару карьерінде еңбектенген. Фашистердің концлагерінде тұтқындарды асқан қаталдықпен қинап жазалаған: шаштарын қырқып, тістерін жұлып, терілерін сыпырып, оларды ажал пешінде тірідей жаққан. Шаштан – мата мен парик, тістен – протез, теріден сөмке, өртенген адам күлінен тыңайтқыш жасаған.

Бара-бара ұрыста алған жарақаты сыр беріп, бұл ауыр жұмысқа тіптен жарамаған соң, оны Дрезден қаласынағы басқа қызметке ауыстырған. Дрезден қаласы Германияның ғылыми-мәдени орталығы еді. Бұдан немістің тілін тәп-тәуір меңгеріп, жергілікті қызметкерлермен жақсы қарым-қатынаста болған. Неміс солдаттары мен тұтқындар арасында лагер басқармасы тақыл-тақыл футбол ойнатып тұрған.

1945 жылғы Кеңес әскерлерлерінің теңдессіз тегеуріні арқасында тұтқын жауынгерлер азаттық алған. Бірақ кінәсіз жауынгерлерді тұтқыннан құтқарып алынғанмен, «тұтқынға түскен, сатқын болуы мүмкін...» деген лақап айып пен негізсіз күдік, сенімсіздіктің қара дағы олардан алынбады. Соның жазасы ретінде, шолақ белсенділер бұрынғы тұтқындарды үйлеріне қайтармай, жер астының жұмыстарына құр атша жекті. Өзгелер тәрізді 1945 – 1947 жылдары Тирмизи де Донбас шахтасына түсірілді.

От пен суды ұзағынан кешкен, зұлымдық пен қатыгездікті көп көрген Т.Ақышұлы ешқашан да адамгершіліктің ақ жолынан таймаған. Ұзақ жылдар бойына Семізбұғы кеншінің ауруханасында шаруашылық бөлімінің меңгерушісі болып, сол мекемеден зейнет демалысына шыққан. 1974 жылы Қандыкөл ауылында дүние салды. Рухына шексіз тағызым!

*Қазақ баласы боп туып,  
Отаны үшін от кешкен.  
Қанша адал болса дағы,  
Өксумен өмірден өткен.*

*Жаудан қорқып жасымаған,  
Өзгенің жарасын қасымаған,  
Фашистерді мен жеңдім деп,  
Кеудесін көтеріп, тасымаған.*

*Аз болса да айтқан сөзің,*

*Имандылық шашты көзің,  
Қайран әкеміз, Тирмизи,  
Қалды артыңда өшпес ізің.*

*Қиындыққа мойымадың,  
Қызыққа бір де тоймадың.  
Халқың үшін қызыметті,  
Кейінге бұрып қоймадың.*

*Өзің көрген шыжықты,  
Көрмесін бұқпа қорқақтар.  
Өзің көрмеген қызықты,  
Көрсін келер бар ұрпақтар.*

### **Сағыныш...**

*Ойлаймыз, еске аламыз, сағынамыз.  
Сізбен өткен өмірдің бәрі де аңыз...*

Биыл Ұлы жеңіске 67 жыл толғалы отыр. Осы от кешуге қатысып, соғыс отында болған майдангерлердің барлығын да батыр десек, қателеспейміз. Сондай жанның бірі менің ардақты әкем Шаймен Сәрсенбайұлы. Арқа серісі Сәкенге ән шығарып, сұлу сезімге бөлеген әсем Далбаның бір шеті Сарыадыр жерінде, Ақжар ауылы жанынжағы Қызылтауда дүниеге келген. Бұл өңір ғалымдар мен оқымыстылар мекені-атақты Алшынбайдың көші өткен, от ауызды, орақ тілді ақындар жырға, әншілер әнге қосқан, табиғаты әсем жер. Біреудің ыңғайына, қапталына жата кететін мінез әкеме жат еді. Ақын Жүмекен Нәжімиденовтің «Қарсы біткен түк сықылды мақпалға, Ажарыңды бұзады жаңа батқанда», - деп келетін өлеңі бар. Сол секілді, әкем ойындағысын бүкпесіз айтқан, әділ азамат еді. Қылышынан қан тамып тұрған кеңес дәуірі кезінде өз мамандығының кәсіби маманы екенін дәлелдеп, орыс аралас совхоздың Ақжар бөлімшесінде агроном болып жүріп, өзін талай басшыларға мойындатқан. Қиыншылығы мен қызығы көп тіршілікпен араласа жүріп, астық тапсырудан ауылы үнемі алдыңғы межеден көрінуіне ат салысты. Әкемнің бойында мәдениеттілік те мол еді. Ол мейлінше көп оқитын, оқығанын көңілге тоқып, көпке үлгі бола білді. Оның дәлелі-шағын ауылдағы үйіміздің ауласы қысы-жазы көк майса, жасыл желекке оранып тұратын. Тұрмыс-адам әрекетінің жемісі дейміз. Әркімнің несібесінен бір үзіп-жұлып, айла-шарғымен де тұрмысты гүлдентіп қоятындар болады. Менің әкем өзі қызымет жасап жүрген ортасында, ағайын туыстары мен дос-жарандарының арасында тазалығымен, адалдығымен, өр мінезімен 67 жылдық қысқа ғұмырын сәнді де мәнді өткізген азамат еді. Әкем өмірде жалғыз болып, жоқ болса да «бармын» дейтін, өзінен өнген ұрпағын байлығына балаған жан-ды. Бойында отбасы бақыты, бала жанын аялау, ағайынды ардақтау, дос көңілін күзету, бар қадірін бағалау секілді адамгершіліктің мәңгі тіректері байқалатын. Шаймен атам Сәрсенбай мен әжем Рахиланың еркелетіп өсірген жалғызы. Сондықтан болар, әкемнің өр мінезі, қызу қандылығы көзге ерекше көрініп тұратын. Балалық шак, балдәурен күндерім өткен Ақжар ауылы-ата-баба қонысым бүгін сағына еске алар мекеніме айналды. Пенде қашанда уақытқа тәуелді ғой. Әкем келместің кемесіне мініп, дүние сапарын аяқтағанына сәуір айының 24 жұлдызында тура 20 жыл болды. Әкемнің әңгімесінен есте қалған, сұрапыл соғыс жылдары туралы айтқандарын еске алып, сәл шегініс жасасам...

Шаймен Сәрсенбайұлы өзі сұранып, 19 жасында бір топ ауылдастарымен бірге майданға аттанады. Бірден Украина даласындағы майданға кіреді. 1943-44 жж. Украина совет-герман майданында стратегиялық операциялар қызу жүріп

жатқан өңір еді. 1943 жылдың қаңтарында осы стратегиялық майдандағы операцияға қатысқан жауынгерлердің көбі туған жеріне оралмаған. Украина үшін шайқасқа екі жақтан миллиондаған адам қатысқаны мәлім. Әкем алғашында Брянск бағытындағы ұрысқа енеді. 1943 жылдың тамыз-қыркүйек айларында Донбасты және Украинаның солтүстігін, қыркүйекте батыс бағытындағы Брянск және Смоленск қалаларын жаудан азат ету ұрысына қатысқан. Сәуір айында жарақат алып, Куйбышев облысының Кошкин ауданында госпитальда емделеді. Госпитальдан шыққан соң, Москва облысындағы Красногорскіге артеллеристер дайырайтын полкке оқуға жіберіледі. Онда бір жарым ай 152 мм гаубицаны ату тәсілін үйренеді. Ұлы Отан соғысы жылдарында барлық артеллериялық дайындықта, контрабатареялық ұрыста, белгіленген аудандарға шабуыл жасауда 152 мм гаубица қолданылған екен. Бұл қару, әсіресе, фашистердің ауыр танкілерін жоюда үлкен роль атқарды деуші еді әкем.

1943 жылдың 24 желтоқсаны мен 1944 жылдың 14 қаңтары аралығында Житомир-Бердичев операциясы жүреді. Бұл операцияның мақсаты жаудың Корсун-Шевченков тобын жою болатын. Желтоқсан айында 1-і Украина майданы Житомир-Бердичев операциясын бастап, оның Барысында жаудың ауыр танк жасағы талқандалып, Радомышль, Новгород-Волынский, Житомир, Бердичев, Белая Церковь қалалары жаудан азат етілді. 1-і Украина майданының әскерлері солтүстік батысқа қарай жылжи отырып, жаудың Корсун-Шевченков тобын талқандап, Житомир қаласын жаудан тазартады. Бұл қала екі рет жау қолына өтіп, өте қиындықпен қайтарылған екен. Әкем осы шайқаста ауыр жарақат алып, Ровно-2, Ровно-1 госпиталында алғашқы көмек алды. Кейін жарақаты ауырлығына байланысты Сухуми қаласындағы госпитальға жіберілді. Житомир қаласын азат ету шайқасындағы ерлігі үшін Даңқ орденімен марапатталды. Сондай-ақ, әкемің соғыстағы ерлігі бағаланып, 1 жәрежелі Отан соғысы орденімен, «Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалын иеленді. Үйдің төрінде ілулі тұрған костюмінің өңірінде әкемнің он шақты орден-медалы әлі жарқырап тұр. 1944 жылдың желтоқсанына дейін сауықтыру батальонында емделіп, жарақатына байланысты 3 ай демалыс беріліп, Қарағандыға қайтады. Жұмыс қолы жетіспегендіктен, Киров аудандық комсомол комитетінің жолдамасымен шахтаға жіберіледі. Анасы Рахила әжеміз туған жерін тастап қалаға келмеген екен. 1945 жылы, Жеңістен соң туған ауылы Ақжарға оралады. Ауылда әр түрлі жұмыс атқарып жүріп 1947 жылы анамыз Күлшира екеуі отау көтереді. 1958-1961 жылдар аралығында Қарағанды қаласындағы жоғары партия курсы аяқтап, 1979 жылға дейін туған ауылында агроном болып қызмет атқарды. Халқының сүйікті азаматы, балалары мен жарының махаббатына молынан ие болды. Бүгін мен әкемді сағына еске аламын, ол тек жақсы жағынан ғана есте қалды. Үнсіз ғана қиялай қарайтын қырын қабағы бізге ақыл мен парасаттың ұясы тәрізді елестейтін. Ақжардың құнарлы топырағынан өніп шыққан әрбір өскіннің тағдырында әкем қолтаңбасы бар.

Ауылдағы алаңсыз өміріме көз жүгіртсем, дастархан басында, балаларының арасында анамыз Күлширамен бірге үпір-шүпір болып отырған қуанышты сәттерімізде де әкемнің көзінен терең мұң байқалушы еді. Бұл қандай мұң екенін енді ғана түсінгендеймін. Ең жақын апасы Күлайшадан, сүйікті анасынан айырылды. Сонда да сырт көзге сыр бермейтін. Салиқалы, салмақты қалпынан танбаушы еді. Менің содан ұққаным-қайғыны да көтере білетін күш-қуат, қажыр-қайрат керек екен. Атамыздың кіндігінен тараған оншақты баланың әрқайсы олардан мөлдірлікті, адалдықты, шыншылдықты бойларына сіңірді. Кіршіксіз таза адамды тағыдыр да сыйлайды екен. Бүгінде әрқайсымыз бір-бір өзенге айналғандаймыз. 1990 жылы Жамбыл атындағы №7 мектеп-интернатта мұғалім болып жүргенде өзім жетекшілік еткен сыныбымда «Әкем-әнім» тақырыбында

әкеммен кездесу кешін ұйымдастырған едім. Ол соңғы кеш екенін білсемші сонда... Сол кезде №2 мектепте алғаш ашылған 1-қазақ сыныбының оқушысы, жиені Азамат сол кештің ең жас көрермені болған еді. Әкем бізге ұшарға қанат, шабарға талап берді, өмірлік үлгі-өнеге болды, көктемде бұр жарып шыққан қызғалдақ гүлдей сегіз қызына, қос қозысы Болат пен Маратқа анам екеуі сұлулық сыйлады. Бұл-жан сұлулығы, бұл-мінез сұлулығы, бұл-өмірге деген құштарлық. Осыдан кейін, біздің бүгінгі биігіміз. Әкем әдеби шығармаларды, тарихи романдарды, газет-журналдарды мейлінше жақсы көретін, көп оқитын. Әкемнің шежіре кеудесінің шуағына шомылған балғын күндерім-ғұмырымдағы ұмытылмас сәттерім. Кекілді маңдайымнан сипап, еміреніп искемесе де, отты көздерінен тәңірдің мейірім шуағы төгіліп, нұры тарап тұратын еді. Мереке алдында әкеміздің аруағына бағыштап қол жайған батамыз қабыл болсын!

Түн ауып, сағат таңғы төртке таянды. Тек шекарашылар ғана ояу. Кенет батыстағы шекарашылар жарқылдаған, от тәрізді сәулелерді көрді. Жарқыл тез көбейіп, шекараға жақындап қалды. Ә дегенше болған жоқ, ұшып жеткен ұшақтар біздің аэродромға, соғыс қару-жарақ тұрған қоймаларға, қалалар мен селоларға үсті-үстіне бомбыларды тастады. Айналада қаптаған техника: танкілер, әскер толы жүк машиналары, мотциклдерге мінген немістер. Аласапыран, сұмдық көрініс, бүкіл дүние шайқалғандай. Құлаған үйлер, қираған қалалар мен селолар, өртенген тоғайлар, қырылған адамдар. *1941 жылғы маусымның 22-ші жұлдызы, таңсәріде Кеңестер Одағының батыс шекарасында сұрапыл соғыс осылайша басталғанын.* «Соғыс» деген сұмдық хабар Қазақстанның барлық өңіріне, сол 22-ші маусым күні-ақ тарады. Бұл соғыс тарихқа *Ұлы Отан соғысы* деген атпен енді.

## Ел үмітін ер ақтар

*Құрмет Бұқанұлы Танашев* 1924 жылы Сүгірәлі Қарабұлағында дүниеге келген. Ақжар ауылында бастауыш білім алып, оқуын Үлгі мектебінде жалғастырған. Ұлы Отан соғысы басталып, ел басына ауыр күндер туғанда ел-жұрт қатарлы Ақжар ауылынан майданға аттанған. Белоруссия, Украина, Польша, Чехославакия жерлерін неміс-фашист басқыншыларынан азат етуге қатысқан. Сталиннен жеті мәрте алғыс хат алған, бірнеше орден-медальдармен марапатталған. Ұлы Жеңіс күнін Прага қаласында қарсы алған.

**Ел шетіне жау келсе, арыстандай айбарлы батырлардың бары игі**

## Сыр-сұқпат

*-Туған жеріңіз туралы айтып берсеңіз, құрметті аға.*

-Керней ауылының күншығыс жағында, жеті шақырым қашықтықта, қалың орманның арасында, таулармен қоршалған, оның арасында Ақшоқы атты биік бар. Ақшоқының етегінде Сүгірәлі батырдың қара бұлағы ағып жатыр. Оны халық «Судеке батырдың қара бұлағы», -деп атайды. Бұл биіктің айналасында өсетін ағаштар: қайың, қарағай, терек, тал т.б., ал сол ағаштардың арасынан жидегі бар донала бұталары көптеп кездеседі. Донала ағашының тәтті жидегінің көлемі бас бармақтай, өте дәмді болады. Сонымен қатар қарақат, итмұрын, сыйыр бұлдіген т.б. жеміс-жидек, шөп-бұталар бұл өңірде молынан, көктемде құлпыра өседі. Ақшоқы тауының биіктігі содай, айналадағы 15-20 шақырымдағы өлке айнаға қойғандай, айқын көзге түсіп тұрады. Солтүстігінен Үміткер, оңтүстік күн шығысынан Ақжар, оңтүстігінен Белағаш ауылдары.

*-Жеті атаңыздың ішінен, кімді ерекше мақтан тұтасыз?*

-Сүгірәлі батыр бабамды ерекше атар едім. Ол қалмақтармен соғысқанда ерлік көрсеткен һас батыр. Бұл туралы Илияс Есенберлиннің трилогиясының үшінші кітабының 207 бетінде жазылған. Бұдан кейін менің өзім көзіммен көрген аталарым Жоламанның Оспаны, Жәнібектің Ермағанбеті, сонымен қатар, оның інілері Нұрмағамбет пен Дәукей. Бұл аталарым ел көзіне түскен, батыр тұлғалы, дуалы сөзді, бесаспап шебер адамдар болған. Олар ер-тұрман, арба, шана, май шелек, ағаш шелек, саба, мес, торсық, астау, ағаш табақ, тостаған, ағаш ожау, үккіш, шоқпар және т.б. ыдыс-аяқтың неше түрін жасаған.

**-Ата-анаңыздан сізге берілген қасиетті атап өтсеңіз.**

-Әкемнен-еңбекқорлық, анамнан-парасаттылық.

**-Сыныптастар ішінен кімдер көбірек есіңізге түседі?**

-Әпиев Нұртай, Кәкенов Темірғали, Ақшабеков Мұхамеджан, Дүйсебаев Төкітай, Иманбаев Рахметолла, Баширов Шолпан, Нұртұрсынов Қадір, Соқыров Рахман (өлең айтатын, сурет салатын). Олар оқуды жақсы оқыды, алғыр және кішіпейіл болды. Өте сыйластық, адал достық қарым-қатынастарымызды өзгелерге үлгі етерліктей.

**-Соғыстың басталатынын алдын-ала сезінген жоқсыз ба?**

-Сезіндім. Өйткені соғыс басталардан 1-2 ай бұрын военкомат жастарды жаппай шақырта бастады. Ауылдағы ағалырымды әскер қатарын тездетіп алуда болды.

**-Соғыс қарсаңында ел-жұрттың тыныс-тіршілігі қандай дәрежеде еді?**

-1928-29 жылдары, кәмпескеден кейінгі уақытта ашаршылық басталып кетті. 1934 жылдың күзіне дейін ашаршылық зардабы жойылған жоқ. Осыған дейін көп адам о дүниелік болды. 1934 жылдың көктемінде ашаршылықтан тірі қалған адамдарды колхозға ұйымдастырып, Кеңес Үкіметі Қазақстанға егін салу үшін бидай тұқымын беріп, жерді күрекпен өңдеп, ел қолмен аңызға тұқым септі. Ақжарда колхозға ұйымдасқан 40-45 үйдің еркек-әйелі егін салуға қатынасты. Осы колхозда Сату мұғалімнің әкесі Кәкен ақсақалда бір сиыр бұзауымен, қозысымен 5-6 тұяқ қой малы, әкем Бұқпанның екі ешкісі, бес лағымен болды. Одан басқа ауыл жанұяларында мал жоқ еді. **Нығымет Нұрмақов Қазақстан Республикасының Мәскеудегі елшісі Сталиннің қабылдауында болып, халықтықтың аштықтан қырылып жатқанын оған жеткізді.** Қазақстанды сол кезде басқарған Голощекин «Кіші Октябрь» революциясын жасаймын деп, байлардың малын түгел тартып алап, елді шығынға ұшрату салдарынан адамдар аштан қырылып, өліктердің көмусіз қалғанына Сталиннің көзі жетіп, ол Қазақстанға бидай, арпа, тары жібертті. Осы 1934 жылдың күзінде бидай бітік шығып, жұрт бір кенеліп қалды, адамдардың қарны тойып, олардың көңіл-күйлері көтеріле бастады.

**-Күреке, соғысқа кірер алдындағы дайындығыңыз жөнінде әңгімелеп берсеңіз.**

-1941 жылы мамыр-маусым айларында Ақжардың ересек азаматтарының бәрін әскер қатарына алып кетті. Ауылдан 50 шақты ер-азаматтар, студентер, мұғалімдер одан соң он жеті жастағы мен қатарлы боз балалар военкоматқа шақырылып, аудан орталығы, Ботақара кентінде сапқа тұрғызылып, қолымызға ағаштан жасалған мылтық, гранат ұстатып, соғыс өнеріне бізді үйретті. Дәл көздеп атуға, гранатты жауға дөп түсіруге, жекпе-жек айла-тәсіліне, соғыста жараланған сарбазға бірінші дәргерлік көмек көрсетуге машықтады. 1942 жылы жасымыз 18-ге толысымен әскер қатарына қабылдап, Ақмола қаласындағы № 39 соғыс алды дайындық гарнизонында сарбаздық өнерге жаттықтырды.

**-Қызға деген балауса махаббатыңыз жөнінде айтып бере аласыз ба?**

-Оны айта алмаймын, өйткені мектептегі оқудан соң колхозда күн-түн демей ауыр жұмыс істеп, шаршап-шалдығып жүрдік. Бозбалық махаббатымыз жаңа



оянып келе жатса да, қызбен кездесуге мүмкіндік болған жоқ. Соғыста қайтыс болғандардан қара қағаздар, ал жаралы болғандардан хаттар ауылымызға үздіксіз келіп, халықты қсапсыз күйзелтті. Мұндайда қайдағы махаббат дейсің, майданға жауап хат жазудың өзі қиын болды. Соғыс даласында оққа ұшып қайтыс болған боздақтардың ата-анасы, туған-туыстары, ел-жұрттың қиналып, жылап-сықтап жатқанын елестетіп көрші өзің.

**-Соғысқа аттанарда туған ауыл қариялары сізге бата берді ме?**

-Берді. Әкемнің айтқаны: «Сүгірәлі батыр атаңның жаудан беті қайтпаған, дұшпанын жайратуға әр уақытта дайын тұрған. Мен, өзім де 1916 жылғы халық көтерілісінде жүз басы болып, шайқастарға қатынастым, еш уақытта жаудан қаймыққаным жоқ, сен де бабаларыңа тартып, батыр бол!» Ауыл ақсақалы Ешмағанбеттің жас өрендер, болашақ сарбаздарға берген батасы мынау еді: «Қазақ тумысынан, ежелгі ата-баба жаратылысынан жауынгер халық, еш уақытта жауынан тайсалмаған, ұлан-ғайыр жерін ерлікпен қорғап, өзгеге оның ұлтарақтайын да бермеген. Сенде ата-бабаларың тәрізді қиындыққа қайыспас ер бол, ажалдан қорықпа, жауды жеңіп, еліңе аман-есен оралуыңа Алла нәсіп етсін. Әдейі көздеп атса да, ажалы жоққа оқ дарымайды. Осыларды есінде мықтап ұста, Құрметжан!»

**-Майданға аттанып бара жатқанда қандай сенімде болдыңыз?**

-Әке-шешем өте кәрі еді. Төрт інім және бір ауру қарындасым жас болатын. Үйде еңбекке жарайтын менен басқа ешкім жоқтың. Мен майданда оққа ұшып, елге аман-есен оралмасам олар не болады деп, ішімнен қатты уайым жедім. Бірақ, көңілімді қорқыныш та, үрей де билемеді. Тезірек жауды жеңіп, елге оралып, отбасымды асырасам екен деген ойдың құрсауында жүрдім. Және біз сияқты солдаттарды командирлеріміз соғыстың қыр-сырына барынша үйретті, көңілімізге Отанға деген сүйіспеншілікті, дұшпанға деген өшпенділікті, комсомолдық патриотизмді ұялатты. Сондықтан да жауды жеңіп, елге аброймен ораламыз деген үмітте болдық.

**-Жауды алғаш көргендегі көңіл-күйіңіз...**

-1943 жыл, Россияның Белград облысындағы Волуика қаласы аудан орталығы, онда 40 мың шамасы адам тұрады. Қала арқылы оңтүстік пен солтүстікті жалғастыратын темір жол торабы өтетін, паровоз депосы қызмет атқаратын, ауданда қант қызылшасын өсіріп, оны өңдейтін, шекілдеуік өсіріп, одан май шығаратын, сонымен қатар, спирт тұндыратын, сүт тағамдарын шығаратын заводтар жұмыс жасайтын. Қаланы фашистер мықты қорғап тұрды. Біздің 8-і гвардиялық атты әскер дивизиясының 29,30,31-і полктері түн ішінде тұтқиылдан Волуикаға шабуыл жасап, фашистерді қаладан қуып шығып, шабуылын үдете түсті. Уразово және Волохоровка деген екі қаланы келесі екі аптада жаудан босатты. Немістерден де бізден де шығын көп болды. Қираған танкі, зеңбірек, басқа да қару-жарақтарын тастай сала, үрейге бой алдырып, алды-артына қарамай олар қаша жөнелді. Үш күнде 45 шақырым алға жылжып, немісті тұқыртып тастадық. Волуика қаласының стратегия-тактикалық маңызын біз кейін ғана түсіндік. Осы үш қаланы жаудан босатқаны үшін дивизиямызға Сталиннің бұйрығымен гвардия атағы берді. Бұл соғыста фашистерге алғаш рет қатты тойтарыс беріліп, жеңістерге қадам басқандықтың нышаны анық білінді. Жауынгерлік рухымыз көтеріліп, жеңіске деген ынтымамыз арта түсті. Шабуылға шығар алдында командиріміз Бас штабтың бұйрығын оқып, үш қаланы жаудан азат ету мақсатын солдаттарға түсіндірген болатын. Сол бұйрық комсомол қатарындағы солдаттарға жігер берді. Фашисті алғаш рет көргенімде менде қорқыныш сезімі болды, бірақ өліспей оған беріспеуді кейінірек ұғындым.

**-Бірінші атқан оғыңыз дұшпанға дарыды ма?**

-Мен, «Максим» атты пулеметтің бірінші санатты атқышы болдым. «Максим» пулеметі бір минутте 800 оқ шашады, оның 100 бронды, 50-і өртегіш, 50-і тойтарғыш, ал қалған 600-і кәдүмгі тылтықтікі тәрізді. Менің атқан оқтарым жауды әрі өртеп, әрі топалаң тигендей жайратып жатты. Осы үш қаланы алғаннан кейін біздің дивизияны Мәскеу түбіндегі жауды талқандауға бағыттады. Мәскеуде басқа әскер бөлімдерімен бірлесе отырып, фашистерді түре қуып, Белоруссияның Смоленск облысына қарайтын Ельна қаласын жаудан тазарттық. Мәскеу түбінен жауды қуу текетіреспен өрбіді. Сағы сынған жау біздің әскер тегеурініне шыдамай, батысқа қарай ығыса берді. Белоруссияның қалалары мен селоларындағы ағаштан салынған үйлерін өртеп, күлін көкке ұшырды. Белоруссия мен Украинаның түйісіндегі Полесья облысының жерінде ми-батпақ болғандықтан, фашистер қорғанысы жоқ екенін барлаушылар анықтап, 1943 жылдың желтоқсан мен 1944 жылдың қаңтар айларында жердің қатқанын пайдаланып, атты әскер қалың орманның ішімен 200 шақырым батысқа қарай беттеп, борпылдақтан өтіп кетті. Украинаның Ровно қаласы артта қалды. Ол қалада фашистердің Украинадағы штабы орналасқан. Штабтың бастығы генерал-фельдмаршал Ерик Хокк. Бұл қалада неміс бекінісі болған. Біздің дивизия осы қалаға тұтқиылдан, батыстан шығысқа қарай, күтпеген жерден, көк желкеден, ұшқыр шабуыл жасап, 1944 жылдың ақпан айының екісі күні Ерик Хокк штабын талқандап, қаланы жаудан тазартты. Ерик Хокк алды-артына қарамай, ұшағымен ауаға көтеріліп, «Германия қайдасың» деп, қашып кетті.

**-Майдандас досыңызды атап өтсеңіз.**

-Маклоков П.П.-Украинаның Луцк қаласында тұрады. Артелерия взводының командирі, кіші лейтенант болған, ал 1945 жылдан отставкадағы полковник. Облыстық прокуратурада қызымет істейді, оны Россияның теледидарынан көрсетті. Ол менімен құрдас, үйінде екі рет болдым. Быстревский А.И.-отставкадағы полковник, Украинаның Стрии қаласында тұрған, 1943 жылдан командир эскадрона, үйінде екі мәрте қонақ болдым. Тупытцын И.Ю.-Мәскеуде тұрады, 6-ы казачо-кубан кавалерия корпусының ардагерлер кеңесінің төрағасы.

**-Соғыс кезінде кімнен көбірек өнеге, тәлім-тәрбие алдыңыз.**

-Кіші лейтенант, артилерия взводының командирі Маклоков П.П. Барлау эскадроны командирі капитан Коровченко К.К.-соғыстың қыр-сырына қанықтырды. Мысалы, атуға зеңбіректі даярлау, нысананы дәл координаттау, танкті қирату тәсілдері, жаяу әскерді шөптей жосылту, жау зеңбірегі нүктелерін жою, дзодтарды жермен-жексен ету т.б. Саяси бөлім қызметкерлерінің солдаттарға берген тәлім-тәрбиесі орасан зор. Жас сарбаздарға аға буын әскерилер жауынгерлік өр өнеге көрсетуден соғыс бойына бір жалыққан емес.

**-Жау жазғынан адамгершілік қасиет аңғарылған жоқ па?**

-Жаудың аты жау, олардан адамгершілік қасиеттерді ешқашан күтуге болмайды. Жауды өлтірмесең, ол сенің түбіңе жетеді. Жауға сену, өзіңе өзің ажал орын қазу. Қолға түскен неміс солдат-офицерлері жағымпаздана алдамсыратып: «Біз Мәскеу барамыз да, қираған қалаларды қалпына келтіреміз», -деп өздерінің бұрынғы бейбіт мамандықтарын шұбырта тізбектей жөнеледі.

**-Соғыс уақытында қиналған сәттеріңіз болды ма?**

-1943 жылы Белорусияда оң жақ иығымнан оқ тиді. Көшпелі госпитальға түстім де, бір айдан соң қайрадан соғысқа кірдім. 1944 жылы ақпан айының соңында Дубно қаласы үшін қырғын соғыста сол жақ санымнан жараланып, госпитальда 1,5 ай емделіп, бөлімшеммен қайтадан қауыштым. 1944 жылдың 24-ші тамызында Венгрияның Дебрецен қаласын азат ету үшін кескілескен ұрыста, сағат 3-4-дің арасында оң жақ балтырыман ауыр жарақат алып, қансырап жатқанда, бөлімше командирі сержант Петров деген еңгезердей, қарулы жігіт

жанұшырып келіп, мені арқалап, жер бауырлай (по пластунски) еңбектей жорғалап, арт жақтағы 1,5 шақырым қашықтықтағы медсанбатқа әрең дегенде жеткізіпті. Ондағы дәргерлер маған укол салып, ағып жатқан қанды тоқтатып, жараны таңыпты. Менің жатқан жерімнен сүйемелдеп отырғызып, аузыма су тамызыпты. Жауға қаным қайнаған болуым керек, ызаға булығып, пистолетімді қолыма алып, «жауға тиіп, немісті құртамын» деген сөзді айтып, жұртты әбігерге түсіріпшім. Медицина подполковнигі мені тыныштандырып, қолымдағы қаруымды тартып алып: «Сіз ауыр жаралысыз, орталық госпитальға жібереміз, сонда көп уақыт емделесіз», - деп, адамды ұйқататын укол сағызыпты. Қан көп кеткен болуы керек, есімнен танып, соңында ұйқтап кетіпшім. Бір мезетте есімді жиып оянсам, кең палаткада жатырмын. Айналамда ауыр жаралы солдаттар мен офицерлер. Қасымдағы ыдыста су мен қос тілім нан. Нанды алып жеуге шамам жоқ. Сырттан жел гуілі естіледі. Тағы да есімнен танып қалыппын. Екі ай бойы есімнен алжыса беріпшім. Тағы бір уақ есім кіргенде, көзімді ашып қарасам, мектептің үлкен бөлмесі тәрізді жерде жатыр екенмін. Терезеден күннің сәлесі түсіп тұр. Қасымдағы орындықта ақ халатты бір қыз бала отыр. Кейінірек білдім, палатада ауыр жаралы 17 солдат жатқан көрінеміз. Қасымыздағы венгір-мадияр қызы солдаттардың кіші дәретін шыныдан жасалған уткамен, ал үлкен дәретін қаңылтырдан істелген, эмальді судномен алады. Сол медбике қарындас күніне төрт мезгіл тамақ беріп, біздерді ерекше ілтипатпен күтті. Шалқадан жатқан төсектегі жаралыға таңертең 50 г., түсте 100 г. ақ арақ ішкізіп, артынан құнарлы тамақ жегізеді. Егер ақ арақ таусылып қалса, оның орнына таңертең 150 г. түсте 200 г. қызыл арақ береді. Арасында сүт тағамдарын жегізеді. Бұл балтырыма операция жасап, денедегі осколканы алғаннан кейінгі болған оқиғалартын. Жарамнан бірте-бірте айыға бастадым. Екі айдан кейін, қос санитарка екі қолтығымнан сүйемелдеп, аяғымды бастыра, қайрадан тәй-тәйлап жүруге үйретті. Ақыры жағыдайым түзеліп, әскери қалыпқа келдім-ау. «Госпитальдің күзетінде қал», - деп бізді үгіттеді. Мен сияқты 6 солдат, біркелкі жас жігіттер-19-20 жастағылар, кеудемізді ыза кернеп, жаудан кек алу үшін, қайрадан соғысқа сұранып, дереу жолға жаяу шығып кеттік. Төрт ай госпитальда емделгенде фронт батысқа қарай 600 шақырымға ұзап кеткен екен. Күні-түнімен 30-40 шақырым жол жүре отырып, 1,5 айда Чехословакияның бергі шетіндегі өзіміздің дивизиямызға қосылып, соғысқа қайрадан кірістік. Карпат тауынан ағатын төрт өзенді жалдап өтіп, 14 қала мен мыңдаған елді мекендерді жаудан азат етіп, Чехословакияны жаудан толық тазартып, соғысты аяқтадық. Төсекте қаңтарылып, қозғалыссыз жату, адам баласын қатты қинайды екен. Адамзатты Алла Тағала төсекте еш қозғалыссыз жатып қалудан сақтасын, бұл азап-төсек азабы.

***-Сарбаздар рухы биік болып, көп жауды шағын күшпен күйреткен сәт болды ма?***

-Болды. 1944 жылдың маусым айының соңғы күндері Украинаны толық азат етіп, Польша жерінде кезекті шабуылға шықтық. Бұл айда күн өте ыстық болып тұрды, біздің шабуылымыз елдің оңтүстік өңірінде қауырт басталды. Поляк жері құмдақ болғандықтан, кавалерия бөлімшесіне үш ат жегілген тачанкамен жауды тықсыра қуу өте ауыр болды. Шауып келе жатқанда аттардың біреуі ыстық пен құмнан зорығып, мұрттай ұшып, өліп кетті. Бір салт атты солдаттың атын жедел жегіп жіберіп, өзін дереу тачанкаға отырғызып алдық. Алдымыздағы, оң және сол қанаттағы немістер тегеурінді атты корпус шабуылына шыдамай үш жаққа жарылып түсті, біздің алдымыздағы, орта тұстағы жау солдаттары абдырап, тез қозғалған атты әскер шеңберінде қамалып, қоршауға қалай түскенін білмей де қалды. Осындай әдіс-айламен фашистерді бөліп-жарып алып, оларды аяқ асты, көзді ашып-жұмғанша күйретіп жүрдік. Кейін білдік, осы уақыт ішінде немістер

Висла өзенінің арғы жағына өтіп алып, күшті бекініс жасай қойыпты. Қанша мәрте шабуыл жасасақ-та, жау бет бақтырмай оқ боратып, қатты қарсылық көрсетті. Біз ілгері жылжи алмай-ақ қойдық. Қайықпен, плотпен өзенге түссек болды, қолыма-қол солдаттарды жойып жібереді. 20 шақты күндей осынша теке-тірес соғыста көп шығынға шұрадық. Ақырында, көмекке ауыр зеңбіректермен қатар реактивті қондырғы «Катюша» бөлімдері бізге көмекке келіп, жауға от паша соққы беріп, олардың бекіністерін күл-талқан етті. Өзеннің арғы жағасына өттік. Осы соққыдан кейін немістер қасқырдан қашқан қояндай күй кешіп, үрейге бойларын билетіп, күн батар тұсты беттеріне ұстап, алды-артына қарамай, зыта жөнелді. Атты әскер шұғыл маневр жасауға, жауды тоз-тоз қылып бытырата бөлшектеп, қоршауға түсіріп, жойып жіберу үшін таптырмайтын әдіс, ерекше үдеткіш күш. Жоғарыда қолданылған тактикамен саны жағынан бірнеше есе көп жауды шағын-шағын атты бөлімшелер арқылы жойып жібердік. Тачанкадағы, яғни, жылдам қозғалыстағы пулеметтің пайдалы әсер коэффициенті бір жерде тұрған пулеметтен гөрі анағұрлым жоғары болады.

***-Қай кезден бастап фашистердің құты қаша бастады?***

-1944 жылдың маусым айында «Катюшаның» отты жалын-жарқылынан кейін фашистердің құты әбден қашты. «Катюша» деген сөздің өзінен-ақ, немістер зәре-құты қашып, шала есті болғандайтын.

***-Командир қандай адам болуы керек және кімді атап өтер едіңіз?***

-Соғыстың әдістерін меңгеру қаншалықты қиын болса, соғыста жеңу соншалықты оңайырақ болады. Соғысқа дейінгі командирлер өте қатал болып, біздерді қатты қинады. Оларға басында ренжіп едік, соғысқа кірген соң рахметімізді айтып жүретін болдық. Соғыс уақытындағы командирлер солдаттарға асқан білімдарлықпен, бауырмалдық ілтипатпен, туған ағандай ізетті қамқорлықпен қарады, қаңғыған оққа еш бір солдатты тосқан жоқ. Командирлердің даналық қамқорлығы үшін сарбаздар оларды оққа ұшпасын деп қорғаштап жүрді. Оларды әскери стратегия-тактикалық көрегендігі үшін қатты сыйладық. Командир рухани биік, намысы берік, тәртіпке қатал, соғыс өнерін жетік меңгерген, жау қоршауынан аз шығынмен шыға білетін, шабуыл нәтижесін бағымдай алатын, көреген, жау офицерлерінен ақылы анағұрлым мол адам болуы керек деп ойлаймын. Өнеге етіп айтқанда, командир ***Бауыржан Момышұлындай*** болу керек!

**В мире будешь жить-всегда будешь сыт**

**Бауыржан Момышұлы**-екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, Халық қаһарманы, қазақтың көрнекті жазушысы.

**Бауыржан Момышұлы:**

***Қадірін білмейміз зой тірі кезде»,-  
Деп жырлар сорлы қазақ мен өлгенде.  
Ұрнақ атар сексен мен жүздігімді,  
Тарихтың түкпірінен сөз келгенде...***

**Бауыржан Момышұлының қанатты сөздері**

Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу-сатқындықтың белгісі.

Ел дегенде еміреніп, жұрт дегенде жүгініп қызымет еткін.

Отан үшін отқа түс-күймейсің.

Опасызда Отан жоқ.

Елсіз ер болмайды, жұртсыз жігіт болмайды.

Өтіріктің балын жалап тірі жүргенше, шындықтың уын ішіп өлген артық!

Ерлік-табиғат сыйы емес, саналы әскери тәрбиенің жемісі, Отан алдындағы қасиетті парызды орындау үшін адамзаттың ең асыл сезімімен жігерленіп, өзінді саналы түрде қауіп-қатерге мәжбүр етудің нәтижесі.

Бақаның бағынан сұңқардың соры артық.

Ана үшін аянба-ант ұрады, Бала үшін аянба-бетің күйеді. Ел үшін аянба-ерлігіңе сын, Жұрт үшін аянба-жігіттігіңе сын.

Қайратыңа әдісіңді жолдас ет, Әдісіңе ақылыңды жолдас ет.

Қырағының өзі де, көзі де батыр.

Ел дегенде езіліп, жұрт дегенде жұмылып қызымет ет. Жерге тер төгіп, халыққа қан төгіп қызымет ет.

Сабырлық алдында дұшпан сасады, Сабырсыздан береке қашады.

Сын-ерді шындайды, Қорқақты қинайды.

Маған деген атақты міндет етсең, өзің ал. Әділдікке бас ұрып, у берсең де маған бал.

Ежелден ел тілегі-ер тірегі, Адал ұл ер боп туса-ел тірегі.

Қорқақ қаққа шөгіп өледі.

Тексізден тезек артық, Арсыздан айуан артық.

Көп тұрған су сасиды, Ойламаған ми сасиды.

Намысты нанға сатпа.

Арпалысып жүріп алған абырой-өмірдің ең шырын рақаты.

Өмір үшін өлгенше күрес.

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталысымен, Бауыржан атақты генерал-майор И.В.Панфиловтың басшылығымен Алматы маңында жаңадан жасақталған 316 атқыштар дивизиясының құрамында майданға аттанды, батальон, пок командирі қызыметтерін аброймен атқарды. Соғыстың соңғы жылдарында гвардиялық дивизияны басқарды. Соғыс кезіндегі жеке басының қаһармандық ерлігімен және ұрыс жүргізудегі әскери асқан шеберлігімен ерекше көзге түсті. Бірнеше рет жау қоршауынан жауынгерлерін аман-сау алып шықты.

Соғыстан кейін Бауыржан Кеңестер Одағы Әскери Бас штабының Жоғарғы әскери академиясын бітірді. Әскери-педагогикалық жұмыспен айналысып, Кеңес Әскери академиясында сабақ берді. 1956 жылы полковник атағымен отставкаға шыққан Бауыржан біржола шығармашылық жұмыспен айналысты. Атақты командир, Бауыржан Момышұлы солдаттар алдында қазақша-орысша тамаша сөйлей жүріп, былай дер еді:

**«Казахстанская армия»**-это часть нашего общества и мы все ответственные за безопасность, территориальную целостность страны. Главная задача нашего общества воспитать патриотов, безгранично преданных Родине, идеалам человечества.

Патриотическое воспитание-основа нравственности «Сила и эффективность патриотического воспитания определяется тем, как глубоко идея Родины овладевает личностью, насколько ярко видит человек мир и самого себя глазами патриота».

Воспитать патриота-это значит наполнить повседневную жизнь подростка благородными чувствами, которые окрашивали бы все, что человек в этом возрасте познает и делает.

Нынешнее поколение молодых защитников Родины стало свидетелем нового этапа в жизни Вооруженных Сил Республики Казахстан. Главным определяющим фактором этого этапа является переход оборонного строительства преимущественно на качественные параметры. Наряду с дальнейшим совершенствованием техники, военной науки, структуры Вооруженных Сил важное место отводится сегодня человеческому фактору.

Военно-патриотическое воспитание это, прежде всего всесторонняя морально-психологическая и практическая подготовка молодежи к защите своей Родины.

**Военное искусство**-важнейшая область военной науки. **Тактика**-искусство построения войск-составная часть военного искусства, охватывающая теорию и практику подготовки и ведения боя подразделениями (взвод, рота, батальон). **Стратегия**-искусство ведения боя крупными соединениями (полк, армия и т.д.). «Тактика изучает природу боя и участия в нем войск в целом, а организатором боя вспукает командир» (Тухачевский). Основная цель тактической подготовки-выработать у каждого обучаемого и у подразделения в целом практические навыки, умения и качества, необходимые для успешного ведения боя. Основным условием достижения успеха в тактической выучке является соблюдение принципа-учить тому, что необходимо для ведения боя. **Бой**-организованное вооруженное столкновение двух воюющих сторон. Бой-основная форма тактических действий войск, всестороннее испытание моральных и физических сил личного состава. Успех в бою во многом зависит от мужества, стойкости, воли к победе, моральных качеств и уровня подготовки людей и мощи и разнообразия военной техники. **Встречный бой** представляет собой разновидность наступательного боя. **Маневр**-быстрое и организованное перемещение как и при подготовке, так и в ходе боя сил и средств с целью занятия или наиболее выгодного положения по отношению к противнику для уничтожения внезапным сокрушительным ударом. **Оборона**-это вынужденный или преднамеренный вид боя. **Атака**-стремительное наступление частей и подразделений на позиции противника. **Наступление**-основной вид боя, который имеет решающее значение в достижении победы над противником.»

Өз қарауындағы сарбаздарын, әділетті және де темірдей тәртіп негізінде, Отан сүйгіштікке тәрбиелеп, оларды үнемі жеңіске бастауы қолбасшының басты борышы.

#### **-Сарбаз ше?**

-Соғыс уақытында кез келген солдат артында әке-шеші, туған-туыстары, ел-жұрты бар екенін есінен шығармады. Отанымыз үшін, Ұлы қолбасшымыз Сталин үшін қайтсе де қиянатшыл жауды жеңуіміз керек деп ойлап жүрді.

Ұрыста жеңіске жету әрбір сарбаздың табысты іс-қимылына байланысты болады. Жауынгер қарсыластың тірі күші мен техникасының көзін жойған сайын, алға шабуылдап жылжу соғұрлым тез болады.

Әрбір сарбаз бекітіліп берілген қаруы мен ұрыс техникасын жете біліп, оларды ұрыста шеберлікпен пайдалана білуі тиіс.

Сарбаз ұрыста өз міндетін, бөлімшенің жауынгерлік міндетін, қарсыластың әлсіз және күшті тұсын, шабуылда батыл қимылға, қорғаныста табанды болуға, командирін қорғауға, жолдасына көмек көрсетуге жауапты.

Осы заманғы сарбаз әскери тәртіпті темірдей сақтайтын, Қазақстан Қарулы Күштері уставын бұлжытпай орындайтын, техникалық жағынан сауатты, физикалық жағынан шыныққан, рухы жағынан биік, ой-өрісі кең, кез келген жағдайда дұрыс шешімге келе алатын, аса сезімтал болуы керек. Нағыз сарбаз **Сағадат Нұрмағанбетұлы Нұрмағанбетовтей** болуы керек!

**Сағадат Нұрмағанбетұлы**-Ақмола облысындағы Ақкөл елді мекенінің тумасы, Кеңестер Одағының батыры, Қазақстанның Халық қаһарманы, армия генералы, Қазақстан Қарулы Күштерінің министірі болған аса ірі тұлға.

Қайтпас жүректілік пен қырағылық, ағасының өлімі үшін кек алу сезімі мен әрбір сарбаздың өмірін сақтап қалуға деген қамқорлық, үлкен жауапкершілік пен балалық қызбалық Сағадаттың бойында араласып, өзгелерді тыңдатуға мәжүбірледі.

Армия бұрынғыдай қалды. Талап та бұрынғыдай, тек күшеймесе азайған жоқ. Армиядағы басты қағида-дара басшылық. Барлығы заңға, тәртіпке бағынуы керек. Жаттығу алаңында, мәселен, уақыт секундқа дейін есептеліп қойылған. Оның өз мөлшері бар: 10-15 секунд-оқ атылады. **Уақытты жіберіп алдыңба өлгенің. Бұл аман қалу заңы.** Әскери адам уақытты бұлжытпай етіп, өлімге немесе жеңіске апарып соғатын қауіп-қатерді дөп басуы тиіс.

**Жақсы солдат болашақта генерал болады!**

**-Қазіргі заманғы қандай жою қаруын сіз қаламайсыз?**

-Ядролық қаруды. Ядролық қару жарылған кезде көзді ашып-жұмғанша орасан көп мөлшерде энергия бөлініп, температура миллиондаған градуске көтеріліп, ал ең үлкен қысым атмосферада миллиард паскальге жетеді. Қысым күрт артқанда қуатты сәуле пайда болады. Жоғары температура мен қысым өте күшті соққы толқынын тудырады. Соққы толқын және жарықтық сәулеленумен қатар, ядролық жарылыстың нәтижесінде кванттар мен нейтрондар арқылы олардың ағымынан өткір радиация пайда болады. Жарылыс бұлттында көп мөлшерде радиоактивті өнімдер-бөлініс жарықшақтары қаптап кетеді. Бұл бұлттың жылжу жолына радиоактивті өнімдер түседі де, соның нәтижесінде жергілікті өңір, түрлі объект мен ауа залалданады, иондандырушы сәуленің әсерімен пайда болатын электір зарядтарының ауада бір қалыпты тарам ауы салдарынан электромагнитті импульс түзіледі. Ядролық жарылыстың негізгі зақымдаушы-жою факторлары:

Соққы толқын-50%

Жарық сәулелену-35%

Радиациялық зақымдану-10%

Өткір радиация-5%

Ертедегі шоқпармен қақтығысуға қарағанда, жер мен көктей болып ерекшеленетін, жойқын қуатты физика-химия-биологиялық ноно құбылыстарға негізделген қару-жарақ түрлерін болашақта адамдар көптеп ойлап таба береді. Мұндай қару адам қанын бұзады, оны жазылмас ауыр дертке душарлайды. Адам баласына мұндай шектен тыс қарулануға еш уақытта жол беруге болмайды!

**-Майдан отында пісіп-жетілген ой-толғаныстарыңыз бар ма?**

-Бар:

Уәде беріп, сөзін жұтқан оңа ма? Оның атын хайуан деуге болмай ма?

Жүрегі таза адам-ақ көңіл, адал келеді, Сөзі жұмбақ адам-өзі надан келеді.

Даналармен сөйлессең ашылады ой-санаң, Ақымақпен сөйлессең өзіңді қылар есалаң.

Залым туған адамдар досыңмын деп ант берер, Досың емес ол шіркін, тар кезеңде жалт берер.

Дос көңілін кірлетсең, дұшпанға жол бергенің, Досыңнан безіп, дұшпанға сенгенің арамзаға қол бергенің.

Арнасаң өміріңді ізгілікке, Дүниедегі бар жақсылық бірлікте.

Өмір деген гүлге ұқсас, солады тез, сондықтан да, сен жаман әдеттерден без, Үлгі алсын данадан есті адамдар, өмірмен қоштасар сәтте туып қалса асыл сөз.

Естіге мың тоқтайды, Есерге жың тоқтайды.

Ренжітсең досыңды, дұшпаныңды семірттің, Тілегені сол еді, арам ойлы ол иттің.

Жақсылық жасасаң біреуге, жадырар өзіңнің көңілің, Тілегімен халықтың ұзара түсер сенің өмірің.

Адал дос сен үшін жанын салар, Түтеп тұрған оқты да қағып алар. Адасып кейде бетті теріс бұрсаң, Жібермей сонда сені ажалдан қорғап қалар.

Алтын да тас, тас та тас, Алтын болмас басқа тас. Асылға асыл қосылса, Адамды жолда қалдырмас.

Ақымақ тойынса, өзінің туысын да танымайды, Ақылды тойынса, өз тәубесінен жаңылмайды.

Әр салмақта бар бал нарық, Балдан жан азығыңды қал алып.

Еріншек жүдеп тұрар, Еңбекқор түлеп тұрар.

Түзде жылмаң, үйде сырдаң, Оңбас ондайдан үміт қылған.

Орынсыз мастық-мазақ, Оның соңы азап болмақ.

Суайт сөзі сырғанақ, Сылдыр сөз сусылдақ.

Өсекшінің қабағы түсіп, ерні ісініп тұрады, Өсекшіге ерсең, сені Құдай ұрады.

Жасыңда кішік болсаң, өскенде пысық боласың, Білімсіз болсаң, көктемей жатып-ақ соласың.

Ақылсызбен дос болсаң, аузыңнан қағар, Алаяқпен жолдас болсаң, барыңды алар.

Бармын деп тасыма, жоқпын деп жасыма, Өмір деген толқын ғой, түрлі іс түсер басыңа.

Ақылдыға бақ қонса, көбейтеді достарын, Ақылсызға бақ қонса, қас көреді достарын.

Өткір жүз тәнді жаралар, Өткір сөз жанды жаралар.

Жұбайың жақсы болса, үйіңе береке келеді, Жақсымен дос болсаң қадіріңді біледі.

Еріксіз түскен төбеден, еркімен жеткен өр артық, Қорлықпен өткен өмірден, кесіліп жатқан көр артық.

Харамнан болса жиғаның, екі дүниеде оңбайсың, Нәр болып бойға сіңеді, еңбекпен тапқан табысың.

### ***-Соғыс кезінде қандай әскери шендерде болдыңыз?***

-«Плох тот солдат, который не мечтает стать генералом» немесе «каждый солдат должен мечтать стать генералом.»,-деген ұғым солдатты ширатып, қажырландыру үшін аса қажетті. Солдат, ефрейтор, кіші сержант, сержант, аға сержант (взвод командирінің көмекшісі, қарамағында 30 солдат) шендерін меңгергенмін. Қазіргі кезде запастағы гвардии аға лейтенант дәрежесіндемін. Аға лейтенант батальон командирі міндетін атқара алады, қарамағында 3000 солдат болады.

### ***-Осыдан 65 жыл бұрынғы жеңіс күніні есіңізде бар ма?***

-XVII ғасыр аясында, яғни Жалаңтөс, Қарасай, Есет, Бөгенбай, Қабанбай т.б. батырлар заманында қазақ-жоңғар арасында әйгілі үш соғыстың болғаны қазақ тарихынан белгілі. Мұның біріншісі-1635 жылы болған Сібір-Тобыл соғысы. Бұл соғысқа Жалаңтөс т.б. батырлар қатысқан. Екінші соғыс 1643 жылғы. Жәңгір сұлтанның 600 жанкешті сарбаздарымен жоңғардың 50 мың әскеріне қарсы тұрып, оған алшын Жалаңтөс батыр 20 мың әскерімен көмекке келетін жойқын соғыс. Үшіншісі-1652 жылы қазақ-жоңғар арасындағы сұрапыл соғыс. Осы соғыста Жәңгір ханды жекпе-жекте 17 жасар Қалдан Серен өлтірді. Сол Қалдан Сереннің баласы Шарышты атақты Андрақай шайқасында 17 жасар Абылай сұлтан жекпе-жекте жер жастандырды. Ақырында, үш шайқаста да қазақтың атты сарбаздары жеңіске жетті. Міне, осындай тарихи, жанкешті соғыстарды ұмытпағанда өзім ыстық-суығына күйіп-піскен, алапат соғыстың, 1945 жыл 9-ы мамыр, жеңіс күнін, есімнен шығара аламын ба, айтшы?

### ***-Майдандас достарыңызбен кездесіп тұрасыз ба?***

-Жоқ. Жасым 86-да, жүріп-тұру маған оңай емес.



**-Соғыста өткен уақытыңыз өкініш сезімін туғызбайма?**

-Жоқ. Ел қатарлы соғысқа қатынасып, титімдей болса да жеңіске жетуге өз үлесімді қосқаныма осы күні қуанамын. Отан алдындағы борышымды абыроймен орындағаныма ризамын.

**-Елге қайтып келе жатқанда қандай ой сізді ерекше мазалады?**

-Бар ойым туған жерімді, туыстарымды, ел-жұртымды тезірек көру болды. Сағыныш сезімі бойымды билеп жүрді.

**-Үкіметтен немесе халықтан алған сіздің ең қымбат марапаты сыйыңыз?**

-Ел-жұртыммен қауышып, үкімет пен халықтың көзінен қуаныш жарқылын көрудің өзі мен үшін зор бақыт, рухани зор марапат.

**-Ауған соғысы туралы не дейсіз?**

**-Жауынгер-интернационалистер** жөніндегі сұраққа жауап беру мен үшін өте қиын. Бұл жөні жоқ, бостан-босқа, жазықсыз адамдардың қанын төгудің әрекеті деп есептеймін.

Ауған соғысына Қарағанды облысы бойынша 2000 жауынгер қатысса, оның 75-і осы зұламанатта мерт болды.

Ауғанстандағы қанды қақтығысқа Бұқар жырау ауданынан **105 адам** қатынасты, оның ішінде А.Жұматаев пен С.Елгезеков Ауған жерінде қаза тапты.

Әлі күнге дейін бұл жылдардың жарасы аналар мен бауырлардың, сүйген жандардың жүректерінен, санасынан өшкен жоқ.

Керней әкімдігі бойынша **алты азамат** душмандармен **бетпе-бет келді**, олар: **Абсатов Дәурен, Боқаев Сәбит, Ерубәев Жақсылық, Қабаев Назар, Маханов Зейнолла, Шержанов Қайсар.**

Ауған соғысы да соңғы кезде өз ақиқатын танып, күннен-күнге оның әкелген зардабы мен шығыны және басқа қырлары анықталуда. Зұламанаттың әрбір ақтандық бетін ашу үшін Ауғанстан мәселесін әлі де жете зерттей түсіп, анықтау керек.

***Ойланышы, не берді жастық маған?***

***Үйрет деп асау берді бастықпаған.***

***Жастық маған от берді жалындам деп,***

***Жастық маған оқ берді жауыңды ат деп.***

**Мұқағали Мақатаев**

Маханов Зейнолла Керней ауылында тұрады, үлкен жанұяның асқар тауы, елі мен жұртына сыйлы азамат. Екі ер баласы да ердің ісі, әскери қызметті таңдап алған. Ауылдағы оқушылардың арасында патриоттық тәлім-тәрбие сабақтарын жүргізуден еш уақытта жалыққан емес. Жоғарыдағы бейнесуретте аудан орталығында Зейнолланы марапаттау сәті көрсетілген.

Бұл қанды зұматқа олар өз еріктерімен барған жоқ. Жауынгерлер Отан алдындағы өздерінің жауынгерлік міндеттерін абыроймен атқарды. Әрбір жауынгердің де жүрегінде жазылмаған жарасы мен қайғы-қасіреті, өкініш сезімі бар. «Отан елдің анасы»-деген халқымыз. Әрбір ұл, туған жерін қорғау үшін жарық дүниеге келеді. Ал анасы үйінде отырып, баласының тілеуін тілейді, қамын жейді. Біздің тілек-аналар мен балалар әрқашан бейбіт аспанда амандық пен саулықта өмір сүсін.

**-Осы заманғы қарулы күш және әскеи адам жөнінде сіздің ойыңыз.**

-XXI ғасыр-ғылым мен техниканың қарқынды даму ғасыры. Сондықтан, осы күнгі сарбаздардан бастап генералдарға дейін цифрлік электроника тілін жетік меңгеріп, жаңа қару-жарақты қолдана алатын, стратегия-тактикалық білімдерін үздіксіз жетілдіріп, небір айла-тәсілдерге жетік болып, биік рух, ақыл-парасат,

жан-тән беріктігі жағынан Хангелді, Саңырық, Өтеген, Қойгелді, Райымбек, Наурызбай, Олжабай, Исатай, Ағыбай, Махамбет, Баян, Аманкелді, Бауыржан сынды хас батырлардай болғандарын қалар едім.

***-Көпті көрген, көп жерлерді аралаған, ардагер майдангер ретіне Ұлы Отан соғысындағы бүтіндей Кеңестер Одағы халықтарының тарихи Ұлы Жеңісіне осы заман тұрғысынан қандай баға берер едіңіз?***

-Мұндай теңдесі жоқ ауыр соғыс адамзат тарихында тұңғыш рет болды. Соғыс 70 миллион адамның өмірін қиды. Немістер еврей халқының 6 миллионын жойып жіберді. Тұтқындарды крематориге қамап, тірідей өртеді. Тірі адамды арамен бөлшектеп, терісін сыпырып, немістің қыз-келіншектеріне арнап қол дорба тіктірді. Фашистер партиясының бүкіл жер жүзін тек арецтер билеуі керек деген жауыздық мақсаты іске аспады. Өйткені бүкіл жер жүзінің халықтары жан-тәнімен немістерге қарсы тұрды. Алла тағала мұндай ғаламат соғысты адам баласының басына енді қайтып бермесін. Ұлы Отан соғысындағы жеңіс Кеңес әскері және тылдағы партизандардың мәңгі өшпес қаһармандығы мен бүкіл одақ халықтарының жауға қарсы күресінің нәтижесі. Бұл соғыстағы жеңіс-Ұлы Жеңіс!

***-2010 жыл, бүгінгі тоғызыншы мамыр, Ұлы Отан соғысындағы Ұлы жеңіс күні, өзіңді туып-тәрбиелеген қазақ халқына арнап, ардагер сарбаз ретінде келешек ұрпаққа нендей өсиет-тілек айтар едіңіз?***

-Отаныңды, туған халқың мен жеріңді шын жүректен, асқан патриоттық сезіммен сүю керек!

***-Ардагер ретінде заманымыздың басты тұлғасы деп кімді танысыз?***

-Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті ***Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты.***

Біздің президентіміз-қазіргі саясаткерлердің ішіндегі өз елінде ғана емес, бүкіл әлем танып, зор беделге ие болған әйгілі тұлға.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің Бас Қолбасшысы, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы.

2030 жылға дейінгі қарқынды дамуды қамтамасыз ететін стратегиялық бағдарлама қабылданып, әлемнің ең серпінді дамыған елдерінің қатарына қосылдық.

Елімізде тыныштық, 130 ұлт пен ұлыстар тату-тәтті өмір сүріп жатыр, жастар сапалы білім мен тәрбие алуда.

Соғыс және тыл ардагерлеріне, жалпы зейнеткерлерге көп көңіл бөледі...

***-Ұзақ зұмырыңызда көптеген қалаларды көрдіңіз, ал өзіміздің бас шаһарымыз, Астана жөнінде, жырдай қылып айтып бере аласыз ба?***

-Шама-шарқымша айтып көрейін:

*Ассалаумағаликум Астанамыз,  
Гүлдене түссіңі жас қаламыз.  
Бірлікпенен бекіп тау тұғырың,  
Еліме жол сілтесін бас қаламыз.  
Шуағын төккен, нұрлы Астанам,  
Қызықтап қуанышпен шаттанам.  
Мемлекет басқарушы Нұрсұлтан,  
Дана ақыл-парасатыңа мақтанам.  
Ертеректе Қараөткел атаныпсың,  
Халыққа жол ашып бата алыпсың.  
Кейінірек Ақмолам астықты алқап,  
Далаңа ақ дастархан жасатыпсың.  
Төтеден түрлі аттар пайда болған,*

*Никитаң тың өлке деп атап қалған.  
Ақмола Целиноградқа тез өзгеріп,  
Жүрекке, өкпе қанжары қадалған.  
Салынған Астанам-адам күші,  
Айқындап, анықтаған адал ісі.  
Қайран халқым дәйім алға бас,  
Қазақты басқарған үлкен-кіші.  
Адамзатқа көрінейік қиял болып,  
Төңірегі пісіп тұрсын мия болып.  
Халқым өсе түссін, гүл жайнап,  
Өз Астана ұрпақтарға ұя болып.*

**-Қазақ еліне кімдерді өнеге тұтар едіңіз?**

-Соғыс кезінде шығыстың қос жұлдызы атанған Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Маметованы, көрнекті халықаралық журналист Сағат Батырханды қазаққа өнеге тұтамын:

*Арқаның ару қызы, асыл қызы,  
Әлия мен Мәншүк батыр қызы.  
Қазақ атын көтердің зой көк аспанға,  
Әлемге әйгілетіп, жібектей қырмызы.  
Жасыңнан журналист болып еңбек еттің,  
Сөздің маржанын тізбектеп, найза ұшты.  
Сарыарқадан қанатыңды қаға ұшып едің,  
Қаламың ұштала түссін, бұдан да күшті.  
Ананың тілін білмейтін шала қазақтар,  
Мәңгүрттік сиқыңды ел-жұрт мазақтар.  
Жамандарға ермесін болашақ ұрпақтар,  
Өздеріңнен өнеге алсын барлық бауырлар.  
Денсаулығың мықты болсын әрдайым,  
Өрендерім өздеріңе ұқсасын, көз-айым.  
Аталардың тілек-баталарымен көркей,  
Қолдаушым, жәрдемшіміз бір құдайым.*

Жыржыс қажы заты - Жаратқаннан алған хаты

*Қазақтар XVI-XVII ғасырларда ресми түрде ислам дінін ұстанды. Ислам дінін қазақтар арасында таратушылар-Түркістан, Бұхара және Астраханның дінбасылары болды. Қазақ халқының хандары мен сұлтандары ислам дінін қабыл алып, құран оқып, намазға жығылды. Балаларын медіресіге беріп, діни сауқттарын аштырды. Жалпы бұқара халық та ислам дініне осы заманан бастап мойынұсыды.*

Қажылық-қасиетті жерді зиярат ету дегенді білдіреді. Мұсылмандар қажылық айлары деп аталатын арнайы уақытта Мекке қаласына сапар шегеді. Қажылық құлшылығын орындау барысында Арафат тауына шығу, Қағыбаны тауап ету секілді бірқатар діни амалдар атқарады. Қажылар «ихрам» деп аталатын арнайы киім киеді. Мұсылмандар шын ниетімен қажылық жасаған адам бүкіл күнеларынан арылады деп сенеді. Қажылыққа бару қаражатын көтеретін, бай адамдарға ғана міндеттеледі. Қажылық айларынан басқа уақыттарда жасалған қажылық «умра» деп аталады. Ол толық қажылыққа жатпайды.

Кезінде Бұқар жырау, қаз дауысты Қазыбек, Алшынбай шешен, Мұса мырза, Зікірия қажы, Жыржыс қажы, Аймағамбет қажы, Ғазали қожа, Абдрахман

кожалар ғұмыр кешкен жер, ислам дініне берік аймақ болған. Сондықтан да ислам діні жөнінде айтпай қалуым мүмкін емес. Ал енді дініміз жөнінде күш-жігерім жеткенінше сөз тарқатайын.

## Мәуліт айы – Мұхаммед пағамбарымыз туылған ай!

«Мәуліт» сөзі араб тілінен аударғанда, қазақшасы «туылған күн» деген мағынаны береді. Бұл атау Алла тағаланың ең сүйікті пендесі, Адамзаттың асыл тәжі, екі дүние сардары-Мұхаммед ғалейһи сәләмнің дүниеге келген айына атау етіп қойылған.

Сондықтан, әр жылы Рабиуләууал айында Мәулітті мерекелеп, Алла Тағала өзінің сүйікті Пайғамбары Мұхаммедтің (с.ғ.с.) үмбеті етіп жаратқанына шүкір етіп, салауаттар айтамыз.

Пайғамбарымыз Мұхаммедті (с.ғ.с.) өз ата-анамызды танығандай тануымыз ләзім. Өйткені, хадис шарифте: «сіздердің ешқайсыларыңыз мені өз ата-анасынан, балаларынан және барлық адамдардан артық көрмейінше иман келтіре алмайсыздар», -деген.

Пайғамбарымыз хазіреті Мұхаммед ғалейһи сәләм арабтың Құрайыш қауымынан, Бани һашим әулетінен. Туылған жері-Мекке қаласы. Әкесінің аты-Абдуллаһ, атасы-Абдулмутталиб. Анасының есімі-Әмина. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ата-анадан жалғыз перзент. Дүние есігін ашпастан бұрын әкеден, алты жасында анадан жетім қалған.

Ана құрсағында 6 айлық болғанда: **«Құдайдың досы, соңғы пағамбарға жүкті болдың, бұл бала туылғанда есімі Мұхаммед болсын»**, -деп анасы Әминаға түсінде аян етілді. Әмина бала туғанда әйелдер әдеті бойынша толғақ қысу, құрсақ ауруын, қан келуге ұқсас қиыншылықтарды көрмеді. Пайғамбарымыз туылғанда өте пәктік, тазалықпен, сүннеттеліп, кіндігі кесіліп, денесі майланып, үстінен жұпар исі аңқып туылды. Келіні нұрлы бір перзент көргендігін естіп, атасы Абдулмутталиб аса қуанды, Мұхаммед деп атын қойды, марқұм Абдулла ұлымның көзі деп жетімдік көрсетпей, ерекше көңіл бөлді. Құрайыш руының ұлықтары: «Немереннің атын кім қойды?» деп сұрағанда, атасы Абдулмутталиб: «Мұхаммед»-деді. Олар: «Ата-бабаларымыздың арасында мұндай есімді адам болмап еді, бұл атты не масатта қойдың?»-деп сұрайды. Сонда Абдулмутталиб: «Немерем аспанда Хақ тағаланың мақтауында, жерде халықтың қалаулысы, мақтанышы болуын үміт етемін», -деп жауап береді.

Мұхаммед сөзінің түбірі «хамида»-«мақтау» дегенді білдіреді. «Мұхаммад» осы сөздің есімшесі, мағнасы «мақтаулы».

Мәуліттің қазақша мағынасы «туылған уақыт» дегенді береді. Сонда мәуліт деп соңғы пайғамбар хазіреті Мұхаммедтің (с.ғ.с.) дүниеге келген айына қолданылады. Сондықтан, әр жылы рабиул-аууәл айында өз Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мәуліті аталып өтілуі ислам әлемінде бар дәстүр. Марокко тарихшысы әл-Ифрани былай деп жазыпты: «Жұрт жайғасқаннан соң ислам ғұламасы алға шығады да Пайғамбардың (с.ғ.с.) ізгі сипаттары жайлы әңгімелейді. Оның туғанынан бастап өмірінің соңына дейін басынан кешкен жайыттарын саралап шығады».

Көбінше «мәуліт» дегеннен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) туған күнін түсінетініміз белгілі, негізінде «мәуліт» Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) толық өмірбаяны туралы айтылатын жыр кітаптарына қойылған есім. «Мәулім» атты өлеңдер жинағы Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) өмір тарихын насихаттауда халыққа әсерін өте жақсы тигізген әдіс. Том-том кітаптарды оқып, есте сақтап қалудан «мәуліт» өлеңдерін оқып, жаттап алу жеңіл әрі оңай. «Мәуліт» пайдасы көп, тамаша өнегесі мол кітаптардың бірі.

Мәуліт айында еліміздегі мешіттерде Жағфар әл-Барзанжи (р.а.) жазған «Мәулид ән-набий» кітабы оқылады. Түркістан, түркі тілдестер бір ел боп тұрған кезімізден бері бар. Ол кезде ата-бабаларымыз мәулітті жібермейтін. Өйткені, олар мәулітті түсінетін. Діни сауатты, араб тілі екінші тілі болатын.

Мәуліт өткізудегі негізгі мақсат

-Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) өмірбаянын мұсылмандарға жеткізу. Бірақ, біздің заманымызда кей жерлерде мәуліт оқу рәсім сияқты сақталып, негізгі мақсат шетте қалғанын байқау қиын емес. Арабша Жағфар әл-Барзанжи (р.а.) жазған «Мәулид ән-набий» оқылып жатқанда, тыңдаушы құлақ салса, бірінші бөлімінде автор мәуліт жазбақшы ниетін, мақсатын, онда қандай жол, тәсіл, қағида ұстанғанын айтады. Кейінгі бөлімде Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) ата-тегі айтылады, кейін ата-аналары туралы, анасының Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) жүкті болуы, әкесінің ерте дүние салуы. Оның (с.ғ.с.) туылуы, ер жетуі сияқты оқиғаларға тоқталады. Кейін Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сипаттары: мысалы, аяқ киіміне өз қолымен жамау салғаны, жыртылған киімін тігіп алғаны, осындай қарапайым, жақсы қасиеттері баяндалады. Бұл мағынадағы сөздер арабша оқылып қана қойылса, халыққа түсіндірілмесе, негізгі мақсат жоғалмай ма? Сондықтан, мақсатты амалға асыру үшін мәуліт жиындарында Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) туралы өз тілімізде уағыз айтылып, халыққа ғибратын жеткізу қажет.

Басқа тілдермен қатар, қазақ тілінде жазылған мәуліт кітабы жоқ емес, Құдайға шүкір, қазақша да бар. Қазақ тілінде мәуліттің бір емес, бірнеше түрі бар. Соның бірі-әйгілі ғұлама Садуақас Ғылыми хазреті жазған «Мәуліт» кітабы. Ол кітапшада пағамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) туылғанынан бастап, дүние салғанға дейінгі өмірбаяны шумақтардан тұратын өлең етіп жазылған. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) туралы жазылған мәуліттің кемінде бірнеше шумағын жаттап, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) тамаша өнегелерін білген абзал.

Қазіргі таңда көптеген мұсылман елдерінің қатарында, елімізде де Мәуліт аталып өтіледі. Мәуліттің атап өтілуіне ислам ғұламалары жоғары баға береді. Әл-Хафиз әс-Сиутыйдың пәтуә кітабында: «Мәуліт дұрыс. Өйткені, халықтың басы қосылады, қасиетті Құраннан аят оқылады, пайғамбарымыз туылғанда болған оқиғалар мен пайғамбарлық туралы жеткен әңгімелер уағыздалады, ысырапқа жол берілмей дастархан жайып, ас беріледі. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) құрметтеледі, бірін-бірі құттықтасып, қуанышпен тарасады», - деп қортындылайды.

Мәуліт оқылып жатқанда Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) құрмет көрсету ниетімен орындарынан тұрып салауат оқиды. Осы әрекет те дұрыс деп саналған. Өйткені, онда пайғамбарымызды сыйлап тұру бар. Мұны ғұламалардың көбі жасаған делінген сол пәтуә кітабында.

Жүнайид Бағдади: «Кімде-кім Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мәулітіне қатысып, оны ұлықтаса, ол шынында иманымен жетістікке жеткені», - деген.

Хасан Әл-Басри (р.а.): «Менің Ұхұд тауындай алтыным болса, оны Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мәулітін оқытуға жұмсар едім», - дейді.

Әс-Сирий: «Кім пағамбарымызға мәуліт оқылатын жерге бет алса, жаннат бақшаларының біріне қарай бет алғаны. Өйткені, ол жерге тек Расулалланы (с.ғ.с.) сүйгендіктен барды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кім мені сүйсе, менімен жаннатта бірге болады», - деген.

Жалалуддин Суюти (р.с.): «Бір үйде немесе мешітте Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мәуліті оқылса, сол үйдің немесе мешіттің адамдарын періштелер қоршап алады, олардың барлығына Алла тағаланың рахметі жауады», - дейді.

Аллаға шүкір, Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бастап, Отанымызда Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының басшылығымен Мәуліт айы мерекеленіп, Мұхаммед ғалейһи сәләмнің үмбеті етіп жатқан Аллаға шүкір

етіледі. Оның (с.ғ.с.) үлгісі өнегелеріне арналған тақырыптарда ғылыми-практикалық басқосулар, шығармашылық бәйгелер ұйымдастырылып, жырлар, дастандар, өлеңдер дүниеге келуде. Үгіт-насихат айтылып, мешіттерге жиналған жамағат салауаттар оқып, кез келген жиындарда Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) өмірінен ғибраттар айтылып жатқаны құптарлық жақсы іс. Бұл игі бастама біздің облысымыздың барлық қала, аудан орталықтарында, тіпті ауылды жерлерде де қалыптасып келеді.

Осы орайда сөзімізді күшейте түсетін имам Ахмад (р.а.) риуаятын келтіру артық етпес: «Көп мұсылмандар бір істі жақсы деп санап жатса, ол іс Алланың құзырында да жақсы іс боп табылмақ», - деген хазіреті Мұхаммед пайғамбарымыз.

Құметті бауырлар! Қазақстандағы айрандай ұйып отырған халқымыздың ынтымағын Алла тағала ұзағынан сүйіндірсін. Алла тағала халқымызға амандық, жерімізге тыныштық берсін. Лайым береке, бірлік биігінен көріне берейік. Әмин!

Мәуліт айы құтты болсын жамағат, арнаңыздар пайғамбарға салауат!

*Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) туылған күнін қасиетті мереке ретінде атап өту үрдісі ислам әлемінде IV-V Һижри ғасырлардан басталады. Ислам ғұламалары бұл жайлы көптеген құнды еңбектер жазып, мәуліттің дініміздегі орнын анықтауға тырысқан. Қазір бұл мерекені барлық ислам әлемі ерекше атап өтеді. Мерекеді Алла Тағаланың кәламы-қасиетті Құран оқылып, пайғамбарымыз жайлы мадақ өлеңдер мен жырлар, салауаттар айтылып, сәлем жолданады. Пайғамбарымыздың өнегелі өмір жолы барша қыр-сырымен наихатталып, үмметінің Алла Елиісіне (с.ғ.с.) деген сүйіспеншілік сезімдері одан әрі күшейтіле түседі. Мүмкіндікке қарай қасиетті мәуліт күнін себеп етіп жұртқа сусын, тамақ таратып, сыйлықтар беріп, басқа да діни игі шаралар атқаруға болады. Мерекені атап өту барысында шариятқа қайшы іс-әрекеттердің орын алмау шарт.*

*Иә, мәуліт мерекесін тойлау пайғамбарымыздың заманында болмағаны рас. Ондай істі ғибадат ретінде тұрақты жасау бидғатқа жатады. Бірақ бидғат түсінігі-ғұламалар арасында әр түрлі түсіндірмеге ие күрделі мәселе. Бір топ ғалымдардың тұжырымы бойынша бидғат «бидғат хасана», «бидғат саййа», яғни, жақсы және жаман бидғат болып екіге бөлінеді. Шариятқа қарсы емес әрі мұсылмандарға пайдасы бар, құлды сауапқа жетелер барлық істер кейіннен қосылса да жақсы бидғатқа жатады. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) бір хадисінде: «Кімде-кім исламда жақсы жол бастаса, ол адамға сол істің сауабы және өзінен кейін сол жолмен қияметке дейін амал еткен барлық адамдардың алатын сауабындай сауап жазылады. Ал кімде-кім исламда жаман жол бастаса (салса, үрдіс қалыптастырса, ойлап шығарса) ол адамға да сол жолдың күнәсі және өзінен кейін сол жолмен қияметке дейін амал еткен барша адамдардың күнәсіндей күнә жазылады», - делінген. Демек, Сахих Муслимдегі бұл хадистен пайғамбарымыздан кейін қалыптасқан барлық істердің жаппай адастырушы бидғат емес екенін, тіпті кейіннен қалыптасқан кейбір шариятқа қайшы емес істердің өте сауапты іс екенін аңғаруға болады. Ендеше, мәуліт мерекесін атап өту де, инашлала, «жақсы бидғаттың» қатарына жатады.*

*Пайғамбарымыздың өнегелі өмір жолын жан-жақты ашып түсіндіретін, исламның асыл құндылықтарын насихаттайтын түрлі рухани кеңістер мен жиындарды ұйымдастыру-мерекені атап өтудің негізгі мақсаты мен асыл мұраты екенін ұмытпағанымыз жөн. Әйтпесе, мәуліт-тек ән салып, ішіп-жеумен ғана өткізілетін пендешілік мереке емес. Бұған қоса, жыл сайынғы мәулітке орай ұйымдастырылатын неше қырлы іс-шараларды түрлендіріп, мазмұнының сан алуан тақырыптармен гүлдендіріп отырсақ, халықтың ынты-ықыласы да артып, мерекенің берер нәтижесі де жемісті болары сөзсіз.*

*Хақ Тағала баршамызды өзіне сүйікті құл, хазіреті Мұхаммедке (с.ғ.с.) шынайы ұммет болуды нәсіп етсін! Әмин!*

Жыржыс қажы Баянауыл ауданыны Сәтбаев атындағы ауылға қарасты Көкдомбақ бөлімшесінде туып-өскен. Алғашқы әйелі қайтыс болған соң бабас руының ішінде ақкүшік ұрпағынан қыз алып, екінші рет үйленіп, сол ақкүшіктер жері «үш саланың» оңтүстік жағына үйін көшіріп алып кеп, Медресе салдырып, балаларды оқытқан. Бұл медреседен Баянауыл ауданының батыс жағындағы бірнеше ондаған ауылының балалары дәріс алған.

*Дін өзінің қағидат, принциптерімен, гуманистік, имандылық мән-мазмұнымен дүниетанымдық, құндылықтылық, ақпараттық және реттеушілік тәрізді қызыметтер атқаруымен, адамзатқа рухани күш-жігер беріп, оларды өзге тіршілік иесілерінен ерекшелейді және де адамды анағұрлым жоғары сатыға көтереді.*

*Ғаламның рахым нұры, екі дүниенің сардары, адамзаттың асыл тәжі, сүйікті Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) туған күні - Мәуліт мерекесі.*

*Әпсана. Африканың сахарасындағы бір мұсылман елін жау шауып, қаланы алуға жақындаса керек. Бірнеше ай қорғанған қала басшылары ойланып келіп, ақыры қаланың кітапханасын құтқаруға шешім қабылдайды. Барлық кітапты түйеге тиеп, түнде алып шығады. Бірақ алыс жолда, құм ішінде мұнша көп кітапты алып кету оңайға соқпайды. Ақыры, не керек, түйелер әбден болдырып, адамдар қалжырап құлайды. Содан келіп керуеншілер осы кітаптардың мазмұнын бір-бір парақ қағазға түсіруге ұйғарады. Біраз уақыттан соң қағаз жазуға шамасы келмеген ең ақырғы керуенші бір ауыз сөз жазып қалдырған көрінеді. Ол: «Аладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед оның елиісі» деген сөз болыпты. Яғни біздің күнделікті жиган-тергеніміз, боқ дүние осы бір ауыз сөзге сыяды деген қағидат.*

Барлық адам түс көреді деп ойлаймын. Адамға нышанды түс жайдан-жай кіре салмайды. Аянды түстерімен атақ-даңқы бүкіл әлемге жайылған, әйгілі американдық көріпкел ғалым Эдгар Кейси. Өмірден озарының сәл алдында көріпкел Эдгар Кейси: «Бүгінгі әлемге ең жетіспей тұрғаны Құдай ғой»,-деген екен. Бұл өсиетті ол жай айтпағаны айдан анық. Әлгі өсиеттің астарында үлкен мән-мағна жатыр. Өйткені жас шағында, шырт ұйқыда жатып, Эдгар Кейси өзінің ең сәулелі нышанды түсін көріпті. Түсінде қолына шам ұстаған бір ғайып бейне оған: «Бойыңа күшті қасиет береді. Сол қасиетті ұстай алсаң, өзгелерге көмегің көп тиетін болады»,-деп ескертіп, есікке қарай жылжи береді. Сол сәтте Эдгар Кейси оянып кетіп, көзін ашса, бөлме іші жап-жарық болып тұр екен. Түсінде өзіне Жаратқаннан аян берілгенін ол бірден сезеді. Өмірінің соңына дейін Эдгар Кейси жоғарыдан берілген осынау қасиетін көзінің қарашығындай таза сақтап, мыңдаған адамға көмегін беріп, олардың алғысы мен батасына кенеледі. 1945 жылдың 3 қаңтарында, 67 жасында дүние салаған Эдгар Кейси артына мол мұра қалдырды. 43 жыл бойы дертті болған 30000 адамға дәл диагноз қойып, ем жасап, оның сыртында 26000 сәуегәйлік пікірлер айтып үлгереді. Науқас адамдарға қойған диагноздары мен көріпкелдіктің бәрін ол ұйқыда, транса кірген кезде айтып беретін болған. Бұлардың барлығы да ресми түрде хатталып, құжат ретінде тіркеліп отырған. Эдгар Кейсидің ертеректе ұйқыда, яғни, транста жатқан кезінде аузынан шыққан және хаттамаға түсірілген «Әлемнің күткен үміті Ресейден келеді» деген. Расында да, 2008 жылы Америка ғалымдары Ресейдің **нано** технологиялары өндіріске жаппай енгізіліп, сол арқылы өнім шығаруда айтарлықтай басымдықтарға ие бола бастағанын мойындады. Эдгар Кейси: «Егер,

бүкіл адамзат Жаратқанға сенсе, олар иманды болар еді. Иманды болса, текті болар еді. Иманды және текті болса, қанағатты болар еді. Иманды, текті, қанағатты болса, адамның ала жібін аттамас еді. Дүниеге, алтынға, ақшаға қызықпас еді. Осының бәрін басшылыққа алса, өзінің өмір сүріп отырған Жері мен Биосферасын адамдар алақанына салып аялар еді. Осындай түсінігі болса, адамзат галактикалық биік санаға көтеріліп, өзінің ғасырлар бойы шатысып, өзі бүгін жалаулатып жүрген «Уақыт-ақша» деген тажал ұғымынан тез арылып, бір сәт іркіліп, құрдымға кетіп бара жатқанын сезіп, дұрыс жолға қайта түсер еді ғой», - деген Ұлы Ойды тұспалдап тұр емес пе?!

Әйгілі Мұхаммед саллалаһу ғалейһи уа сәлләмнің Құрайыштан тараған ұрпағы Жыржыс қажының басқаруымен Ақжар төңірегінде тұңғыш рет өтейін деп тұрған діни шараға Айдабол, Қаржас, Қаракесек руларына, маңайдағы ауылдардың барлығына 1928 жылы мынадай хабар таратылды: «қазан айының соңғы жұмасында «Мәуліт» мерекесін тойлаймыз.» Тойды медресі маңында өткізу ұйғарылды. Медресе іргесі тастан қаланған, шатырлы, еңселі ақ үй болатын. Мәуліт мейрамын тойламаққа Қайнар, Қарқаралы, Баянауыл аймақтарынан да көптеген адамдар келді. Жыржыс қажы жиналған жамағатты «Мәуліт» тойының басталуымен құттықтап, мешіт алдында намаз сабына тұруларын олардан өтінді. Ақсақалдар намазды отыз-отыздан жеті қатар тұрып оқыды, ал бәйбішелер желке тұстан сап түзеді. Жыржыс қажы сұңғақ бойлы, аққұба жүзді, жүріс-тұрысы ширақ, үстіне аппақ көйлек-шалбар, жеңсіз камзол киген, басында ақ сәлде.

Алдымен балуандар күресі, одан соң әр жерде әйелдердің, балалардың, ересектердің жаяу жарыстары, ат бәйгісі, көкпар тарту, жұмбақ жасыру т.б. ойындар өте тартымды және тағылымды үрдісте, қызықты өтті.

Бұл Мәуліт мерекесі сол замандағы ең соңғы той болатын, өйткені 1929 жылы байларды тәркілеу басталды да, халық жалпы ашаршылыққа ұрынды.

Баянауыл ауданының орталығынан Жыржыс қажыны зынданға тастауға екі милиция жіберіледі. Мұны қажы алдын-ала сезініп, таңғы намазын оқып, ертеңгілік асын ішіп, дастарханға батасын беріп, аруақтарға дұғасын бағыштап: «Алла тілегімді берер, мені кәпірдің алдына апармас» деп өз иманын айтып, үйіне оралмастай ең соңғы сапарына аттануға сайланып отырады.

Келген екі милиция шайын ішіп, қажы олармен бірге жолға шығады. Жеті шақырым жердегі көрші ауылдағы жан досы Иманбайдың үйіне соғып, қош айтысуды жөн санайды. Жыржыс қажы ат үстінен жан досының терезесін қамшысының сабымен тықылдатып: «Иманбай! Далаға шық. Бұл мен, Жыржыс қажы. Жақсы көретін досыңмын ғой.» деп сырттан ішке дыбыстайды. Иманбай және оның отбасы мүшелерінің барлығы, Жыржыс қажымен қоштасуға, есік алдына үдіре шығады. Иманбайдың ауылынан екі шақырымдай алыстаған соң қасындағы үлкен баласы Ғазали мен екінші ұлы Ғабдылғалиге ол: «мені демеп жерге түсіріңдер, Алла тағала менің тілегімді берген шығар» дейді де, жарықтық аттан түсікенінше жан тәсілім етеді. Сол арада екі милиция аудан орталығына бет алады да, қажының мәйітін оны шығарып салушы адамдар ауылына алып қайтады.

Бұл 1929 жылдың ақпан айы болатын. Жыржыс қажы ауырмай-сырқамай, Құдайдан тілеген тілегі орындалып, дүниеден өтіп кетеді. Қажының жаназа намазына көп адамдар келе алмайды. Өйткені қажы долданған дауылды, ақ түтек боранды ақпан айында қайтыс болғанын. Наурыз айы туып, күн шақтанғанда, қажының намазында бола алмағандар оның үйіне көңіл айтып, аруаққа дұға бағыштап қайтып жатты. Көңіл айтушылардың ішінде алты алашқа әйгілі ғалым, айтулы шежіреші Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы ауыл арасы шалғайлығын місе тұтпай, жасының келіп қалғанына қарамай, қажы шаңырағына келіп: «Құдайдың



істе дегенін Жыржыс істеді, Жыржыстың істе дегенін Құдай істеді. Аллаһу әкпәр!» деп бетін спаған көрінеді. Бұл оқиға бүгінгі күнге дейін ел жадында сақталған. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының сондағы айтқанының мәнісі мынау: Жаратқанның әмірімен Жыржыс қажы медресе ашып, балаларды мұсылмандыққа баулыды, ал оның «мені кәпірдің алдына жеткізбей, жанымды ал» деген тілегін Құдай құптап, қажы баба шахид болды. Жыржыс қажыға қазақтың Мәшһүрі осындай баға берген!

Ғазали қожаның ұлы Мәулен-Жыржыс қажының немересі, халықты білімге баулуда орасан зор еңбек істеді. Соғыстан соңғы қисапсыз ауыр жылдарда Мәулен басқарған екінші облыстық мектеп-интернатта оқу-тәрбие құралдары, әдістемелік әдебиеттер, балаларға арналған төсек-орындар жетіспеді. Облыстың көрсеткен жәрдемі жеткіліксіздік еткен соң, сол кездегі Білім министрі Сембаевтың қабылдауында болып, одан да мардымды көмек ала алмағаннан кейін, Мәулен Қаныш ағамызға сәлем бере барып, ел-жұрттың қал-жағыдайын академикке егжей-тегжейлі жеткізген болатын. Осы тұста Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтің асқан беделінің арқасында Білім министрлігінен мектеп-интернатқа қажетті құрал-жабдықтарға қаражат бөлу мәселесі шешімін табады. Мектеп-интернатта Қарағанды облысының басқа балаларымен қатар Ақжар ауылының үй тұрмысы төмен, жетім қалған жиырмадан астам бүлдіршіні тәрбие алып, кейін олардың барлығы да жоғары оқу орындарын тәмәмдап, білікті маман атанып, республиканың түпкір-түпкірінде қажырлы қызымет атқарады. Облыс басшылары Мәуленнің бұдан да басқа ерен еңбектерін жоғары бағалап, қалалық білім бөліміне шақырады. Сол уақытта Қарағанды медицина институтын Мәскеуден келген профессор Поспелов басқарды. Институтқа Мәулен Ғазалиев химия пәнінің оқытушы-ұстазы дәрежесінде қабылданды. Сөйтіп, ол талапты талапкерлерді, оның ішінде Ақжар ауылының жастарын дәргерлік мамандыққа баулыды. Бүгінгі күні алақандай ауыл, Ақжардан жүзден аса жоғары білімді дәргерлер, мұғалімдер, инженер, ғалымдар т.б. айтулы маман иелері шыққан. Мәулен Ғазалиұлы адамгершілік қасиеттерді жоғары қоя отырып, қарапайым жұмыскерлерден бастап ғылым кандидаты-академик дәрежелеріндегі ірі-ірі тұлғаларды тәлімдей жүріп тәрбиеледі. Төменіректегі тізімнен Ақжар ауылынан түлеп шыққан ғалымдардың аты-жөнімен таныса жатасыздар.

Ислам дінінде «кисуа» аталатын Меккедегі қасиетті Қағыбаның киімі де осы қажыға бұйырыпты. Кисуаны қажылыққа барғандардың бәріне жаппай бере бермейді. Жылына бір рет Арафа тауына шыққан кезде ауыстырылатын алтын жіппен Құран Кәрімнің аяттары жазылған қара түсті кез мата тек мұсылман елдерінен келген айтулы мемлекет басшыларына ғана беріледі. Жыржыс бабаның 1920 жылдағы қажылық сапарынан әкелген кисуаның содан бергі тарихы да күрделі, біздердің қолымызға жаратқанның ғажайып құдіретімен жетіп отыр. Кезінде елге күн туып, қажының басына іс түскен шақта, қасиетті сый-кисуаны айдауыл милициялар келерден бұрын Жаппар есімді досына аманат ретінде сақтауын өтініп, қажы өзінің қолымен ұсынған екен. Сірә, ол тұтқындалғаннан кейін, бұл кисуаның қадірін танымас кәпірдің уысына түсуінен сескенсе керек.

Сол кисуа араға 80 жыл салып, қажы ұрпағына табысталды. Семізбұғыдағы Оқап молланың баласы Мейрам (отставкадағы полковник) Жыржыс қажының шөбересі Арыстан Мәленұлына кисуаны 2009 жылы табыстады. Араб графикасымен «Алладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед с.ғ.с. оның елшісі» деп таңбаланған жазу қолдан-қолға көшкен Қағба киімінің айырықша дүние екендігін танытып, бұл күндері оны көрген адамдарды баяғы қазқалпында, өзгеріссіз сақталуымен таңдандырып келеді.

Осы оқиғадан кейін 75 жыл өткен соң Жыржыс қажының үлкен баласы Ғазали қожаның ұлдары Қабыләтіп пен Мәуленнен туған ұрпақтары академик

Арыстан мен Мылтықбай Бұқар жырау ауданының Ботақара кентінің орталық көшесі Бұқар жырау даңғылының Қарағанды қаласына баратын жолдың сол жақ қапталынан көлемді жер телімін алып, Жыржыс қажы атындағы мешітті салғызды.

1991 жылы Қазақстан егемендік алған кезде, мұсылмандық негіздегі ислами тәлім-тәрбие әлсіреген тұста, Жыржыс қажы мешіті кәсірленуге айналған халықты имандылық жолына түсіруде орасан зор ықпал жасауда, Ботақара кеншарында медресе ашу жоспары Мылтықбай мен Арыстанның ойларында бар.

*Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының тапсырмасы бойынша 2010 жылдың 25-наурызда Бұқар жырау ауданында «Азаматтың асылы» деген тақырыпта «Мәуліт» мейрамы болып өтті.*

Тойды жүргізуші Айтбай Жұмағұлов «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» дей келе, мерекені Оралбай қажы Мұхаммед пайғамбардың рухына бағыштаған құранмен бастады.

Жиырма үш жылдың ішінде бүкіл араб түбегіне қасиетті Ислам дінін таратқан пайғамбарымыз туған айды барша жұрт болып, бір ай бойы ауыл, аудан, қалаларда тойлап жатыр. Айтбай айтқандай имани, рухани бай ауданды басқарып, әрі қарай гүлденуіне үлес қосып отырған Нашаров Еркебұлан құттықтау сөзінде жиналғандарды ислам әлемі қастерлейтін «Мәуліт» мерекесімен құттықтай келе, пайғамбарымыздың жолы дінімізді, асыл тілімізді сақтайық деді. Сондай-ақ, бүгінгідей мәртебелі қонақтардың қатысуымен аудан төрінде мұндай шара бірінші рет өтіп отырғанын атап өтті.

Қарағанды облысы бойынша өкіл имам Наурызбай қажы Өтпенев өзінің ақ тілегімен қатар Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, бас мүфти Әбсаттар қажы Дербісәләннің құттықтауын да жеткізді. Наурызбай қажы Елбасының «Исламнан әлемге қауіп жоқ, әлемнен исламға қауіп бар» деген даналық сөздің астын сыза отырып, барша мұсылман жұртын «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруға», қасиетті дінімізді наихаттауға шақырды.

Мүліт тойына Жыржыс қажының шөбересі, ҚарМТУ-дің ректоры, академик Арыстан Муленұлы Ғазалиев қатысып отырды...

...2000 жылдың ақпан айы. Академик Арыстан Мәуленұлы Ғазалиевтің Қазақстан-Ресей университетінде 1-проректор қызыметін атқарып жүрген кезі. Бұл уақытқа дейін ескерілмеген мәселе, қажы атаның басына ескерткіш орнату туралы ой келіп, осы ниетпен болашақ мүсіннің алғашқы нобайын сызып, өз кеңсесінде отырған шағында, кабинетіне Рахметов Мұрат есімді Баянауылдық жігіт ағасы кіреді. Қажы шөбересінің қолындағы әлдеқандай сызбаларға көзі түсіп кеткен ол, не не жоба екені жөнінде қойылған сауалына балалары мен немерелері уақытында ескеріп қоймаған ескерткіштің эскизі екендігі және ендігі тұста қолға алынбаған игі шара, осы сәт іске аспаса, мұнан кейін тіптен ізі суып, қажы есімінің ұмытылып, ұрпақ жадынан өшіп кету қауіпі жайлы жауап алады. Содан өтіне отырып, бұл бастаманы, құлыптасты жасауды ол өз жауапкершілігіне алады.

-Шамамен, қанша уақытта дайындай аласың?

-Мамыр айында алсаңыз болады.

-Онда, мамырдың бесін белгілейік, оған дейін жер аяғы да кеңіп қалады ғой.

Осылайша, ойламаған жерден, Жаратқанның өзі жарылқап, жауапты міндет білікті маманға жүктеліп шыға келмесі бар ма?!

Мамыр айы туып, уағдалы мерзім де жетті. Қаламыздағы Түсіп Күзенбаев атындағы шахтадан жүк машинасы жіберіліп, онымен құлыптас Ақжар ауылына жеткізілді де, бұл жақтан барша ағайын-туыстар жиылып, Жыржыс қажы басына

барлығы аттанады. Сол күні ауа райы айырықша қаһарланып, солтүстіктен жел тұрып, жылы жаңбыр жауып тұрды да, артынша бұршақ төпелеп, ал соңынан ызғарлы қарға ұласады. Жылдың төрт мезгілінің көрінісі бір-ақ күн ішінде бір тоғысып, жиылған жұртты таң-тамаша жағыдайға түсірді. Құлыптас, бір дегенде, топ етіп дөп орнына, дәлме-дәл тұра қалды. Осындай тылсымды ауа райы куәсімен қажы басына құлыптас қойылады Сонан соң ақ сақал, қара сақалдар құбылаға бет бұрысып, Жыржыс қажы рухына бағыштап оқылған дұғаға қолдарын жаяды. Сол-ақ екен, қою қара бұлт сәгіле беріп, кеңістікке келісті бір жылулық шуағын шашады. Бұйра бұлт бұзылып, күн нұры күмбез сыңайлы пішінде, 200 метрлік радиосте, Құранға ұйып, беттерін сипасқан қауымға түскентін. Таңғаларлығы, күн сәулесі түспеген өзе төңірек бұрынғы қаз қалпында сіресіп, қара түнекті жамылып, қатуланып тұрды, ал жоғарыдан жеткен әлдеқандай тылсым күш қолшатырыменен, дұғаға ұйыған қауымды қалқалағандай ғажайып әсерге бөледі. Табиғаттың осынау ерекше құбылысына дүйім жұрт куә болды.

Байларды тәркілеп, малдарын алғаннан кейін, 1929 жылдан бастап, 1934 жылға дейін ашаршылық созылды. Сол жылдары көптеген адамдар аштан өліп, көмусіз қалды.

Мәскеуде Қазақ АССР-нің елшісі қызыметін атқарып жүрген Нығымет Нұрмақов Кеңес Өкіметінің бірінші басшысы Сталиннің қабылдауында болып, халықтың аштан қырылып жатқанын оларға жеткізгеннен кейін, Қазақстанның Коммунистік Партиясын басқарған Голощекиннің қателіктерін дәлелдегеннен соң, елдің тұрмысы біртіндеп түзеле бастады. Бірақ, кеңес үкіметінің дінге қарсы саясаты жамағатты үрейлендірді. Дін жолын ұстанған адамдарды үкімет аяусыз қудалады. Оларды түрмеге тығып, ату жазасына дейін кесті. Бұған қарамастан Жыржыс қажының балалары Ғазали мен Ғабдылғани, сонымен қатар, қожаның жолын ұстанған шәкірттері Кәпенов Мұхметжан, Сәбитұлы Әбдірахмен кеңес үкіметінің қаһарынан қаймықпай, халықты дін жолына баулып, оларды имандылық пен салауаттылыққа тәлімдеп, барынша адал қызыметтерін жалғастыра берді.

Дерек

## Ұмыта алмаймыз, ұмытпаймын!

### Оспанханқызы Мәше (Мәрия):

«Руым Орманшы. Туған жерім Баянауыл. Жасым сексен үште. Осы уақытта Астана қаласында жиенімнің қолында тұрамын. Шешем (Қарағанды облысының бұрынғы әкім Нұрлан Нығматулиннің әкесі Зайрулланың туған қарындасы) діни-рухани сауатты болып, Кеңес үкіметінің ұрдым-жық саясатынан қаймықпастан, Ислам қағидаттарына берік болған. Оспанханнан төрт бала-үш қыз (екеуіміз егіз едік), жалғыз ұл. Әкем Оспанхан Баянаул, Үміткер, **Ақжар**, Аюлы аулдарында ұстаздық қызымет атқарған, жан-жақты білімдар, ел арасындағы силы азаматтардың қатарынан табылған. Қарқаралы қаласында мұғалімдердың тамыз конференциясы жүріп жатқан кезде **Оспанхан Күзембаевқа** «халық жауы» жаласы тағылып, қызыл жағалылыр тұзақаған. «Бұл қалай болғаны?!» деп сұрағанда: «Әйелің діндәр, Құдай жолында» дегенді сылтаураған. Қамауда отырғандар жасырын хабар жазып, тамақ ішерге барар жолына хаттарын табандарының астына білдірмей қалдырып кететін айла-әректтері бар болатын. Ол хаттарды көшеден өткендер байқап, қауіп-қатерге қарамастан, жерден көтеріп, тұтқындардың жанұяларына түрлі тәсілмен жеткізіп тұрғанды. Қарқаралының бас көтерер азаматтары тұтқындардың бостандыққа шығуларына мүмкіндік жасауға ниеттенеді, бірақ олар қашып кетуден бас тартыпты.

Чокан Валиханов родился в 1835 году в крепости Кусмурун. При рождении ему дали имя Мухаммед-Канафия. Предки Чокана принадлежали к известному султанскому роду. Его прадед, хан Среднего жуза Абылай. Его дед Уали, последний казахский хан, а отец Чингис выпускник Омского военного училища. Чингис занимал должность старшего султана в Кокчетавском внешнем округе. Его родственники по материнской линии нагашы были известные и почетные люди Баянаульского края-Шормановы. Муса Шорманов полковник царской армии, известный би, собиратель казахского фольклора, старший султан Баянаульского внешнего округа.



В 1847 году Чокан поступил в Сибирский кадетский корпус. Чокан с огромным усердием и большим интересом изучал математику, физику, биологию, географию, литературу, историю, философию, черчение, рисование, каллиграфию, иностранные языки, строительное искусство и военные дисциплины.

В 1853 году Чокан закончил кадетский корпус в офицерском звании корнета. Своей научной деятельностью Чокан Валиханов внес огромный вклад в исследовании истории, культуры народов Казахстана и Центральной Азии.

В Боровском кадетском корпусе им. Ш. Валиханова учится наш Бакшиев Аспандияр.

**Бионика** занимается техническими решениями, которые придумал не человек, а сама природа, конструируя растительные и животные организмы. Благодаря естественному отбору сохранились лишь те варианты конструкций, которые обеспечивали выживание организмов в естественных условиях.

**Живая природа**-гениальный инженер, технолог, великий зодчий и строитель. Миллионы лет она отработывала и совершенствовала свои творения. Естественный отбор безжалостно отбрасывал все, что не могло приспособиться к условиям существования. Задолго до человека природа создала ультразвуковой локатор, реактивный двигатель, барометр и гидравлический привод.

**Дельфины** издают множество звуков самой различной частоты и продолжительности, которые мы воспринимаем как скрип, свист, писк, треск. Эти умные животные с удовольствием и подолгу ведут беседы в море, бассейнах и даже по телефону. Но если собеседника на другом конце провода заменить магнитофонной записью, то дельфин быстро обнаруживает подделку и перестает разговаривать.

**Микро биология и физика микро частиц**-удивительная наука, ею сейчас увлекаются, на него уповают. И действительно, в конце концов она объяснит нам феномен жизни. Но при всей любви к науке, в частности к нано технологии, надо оставаться «натуралистом», т.е. не только расчленять природу по частям, но и наблюдать в целом. Ведь если рассматривать движения души только с точки зрения химических реакций и физических процессов, можно потерять саму душу человека...

**Совершенство полета** насекомых отработывалось в течение 300 млн лет эволюции-ведь насекомые появились в каменноугольный период палеозойской эры. В аэродинамике известно явление, называемое флаттером и представляющее собой вредные колебания крыла в полете. У скоростных самолетов эти колебания, происходящие с большой амплитудой, могут привести к поломке крыльев. Один из найденных методов устранения флаттера оказался очень простым. У передней кромки на конце каждого крыла делались утяжеление-оно и гасило вредные колебания.

Движение возникающие при отталкивании тел замкнутой системы друг от друга называют **реактивным**. Принцип реактивного движения встречается и в природе, например при передвижении некоторых насекомых и животных. Современная ракета-это сложное сооружение. **Реактивные двигатели**, установленные на ракетах, принято называть ракетными двигателями.

Человек давно мечтал о небе, о небесных телах. Мечтали люди и о том, чтобы побывать на небесных телах. Это желание дало толчок для развития научно-фантастических идей о межпланетных путешествиях.

**Что же нас ждет в будущем?** К раскрытым тайнам природы добавятся новые, не менее захватывающие проблемы, загадки и парадоксы, решить которые придется уже следующему поколению исследователей.

*Қолыма алғаным кәрі домбыра,  
Бетімді қаратқан тұсым құбыла.  
Зулаған уақыт көшіне ілесумен,  
Заман өтіп барады мың құбыла.*

*Қарамайтын болдық қымыранға,  
Қолымыз жеткен соң зымыранға.  
Ел-жер байлығы тұнып тұрғанда,  
Ұқсаймыз самғап ұшқан қыранға.*

*Қалқан-садақ дәуірі келмеске кетті,  
Зеңбірек-танкі кезеңі де болып өтті.  
Жиырма бірінші ғасырға кірген соң,  
Сандық технологияға ой-сана жетті.*

*Құла тұлпар шығып үйірден,  
Кісінеп шауып, жөнөді далаға.  
Темір тұлпар келіп бүйірден,  
Техника кілтін ұсынды балаға.*

*Алдаспан ұстаған еді бабалар,  
Зеңбіректі сүйреген еді аталар.  
Автоматтан оқ боратқан әкелер,  
Қаруды ұстамасын жас балалар.*

*Әскер қатарында тұру міндет,  
Аспандияр, сен атандың кадет.  
Ұлан міндетін жетік меңгеріп,  
Ротаңа байқаттың көркем әдет.*

*Аға буыннан алған, өзіңе сай білімің бар.  
Аспандияр сынды қазаққа тән есімің бар.  
Әскери ғылымды сан-сатылай меңгеріп,  
Генералдықты межселеген бір кесімің бар.*

*Білекті бірді жығады,  
Білімді мыңды жығады.  
Білімі, күші өзіне сай,  
Ақылмен бәрін жығады.*

*Аспандияр, қазақтың қырағы көзі бол,  
Ақылы ерен, бабаның даналық сөзі бол!  
Отан-ананы жан-тәнімен құлай сүйген,  
Бейбітшілік қорғаны, батырдың өзі бол!*

**Бакшиев Аспандияр** родился 21 апреля 1992 году в селе Алгабас Бухар жырауского района Карагандинской области. В 2008 году с отличием закончил Алгабаскую основную школу и в этом же году поступил в Кадетский корпус Министерства обороны Республики Казахстан им. Ш.Валиханова. Учится отлично, показывает пример всем кадетам данного учебного заведения, а также, с честью и достоинством продолжает заветы старшего поколения - ветеранов Великой Отечественной войны.

**Добрые слова-половина счастья**

## Благодарственное письмо

Уважаемые Нияз Сабиевич и Гульмира Кайроллаевна!

Пишет Вам командование 4-ой учебной роты Кадетского корпуса Министерства обороны Республики Казахстан им. Ш.Валиханова, в которой учится Ваш сын с 2008 года кадет Бакшиев Аспандияр Ниязович.

Этим письмом хотим сообщить Вам о том, как обстоят дела Аспандияра.

По прибытию в Кадетский корпус кадет Бакшиев А.Н. зарекомендовал себя исключительно с положительной стороны, программу обучения усваивает только на отлично и хорошо, имеет высокие показатели, постоянно принимает активное участие в жизни роты. Является примером для личного состава роты в учебе и воинской дисциплине.

Аспандияр добросовестно исполняет все возложенные на него обязанности и поставленные ему задачи. Учитесь с большим желанием и проявляет стремление в освоении военного дела. При выполнении поставленных задач проявляет разумную инициативу, постоянно стремится воспитать в себе наилучшие командирские качества. Имеет хорошие показатели в боевой подготовке.

Мы выражаем Вам благодарность за хорошее воспитание сына.

Пользуясь случаем, хотим поздравить Вас с праздниками:

**«С ДНЕМ НЕЗАВИСИМОСТИ!»**

и

**«С ДНЕМ ПОБЕДЫ!»**

Выражаем уверенность, что Ваш сын Аспандияр, станет настоящим батыром своей Родины.

Желаем Вашей семье всех благ, счастья и здоровья.

С уважением к Вам!

Заместитель командира роты по ВиСПР:

*Старший лейтенант Жуманов А.С.*

Командир 4-ой учебной роты:

*Капитан Кун С.В.*

## Қортынды

Төл тарихынан мақұрым, зияткерлік ой-санасы саяз, болашағынан дәмсіз адам өз құлқынынан аспайды, халқының мұң-мұқтажын шешуге дәрменсіз, ондай адам айтулы тұлғалық дәрежеге еш уақытта көтеріле алмайды.

Қазақ халқының негізін құраған, ел-жұртымыздың тұғыры саналатын тарих тасына қашалып жазылған тайпалар: керейлер, жалайырлар, қоңыраттар, наймандар, арғындар, дулаттар, қыпшақтар, қаңлылар, сонымен қатар кіші жүзге жататын рулар және де т.б. Тарлан тарих сәттерін айқындап жазып, ұрпақтар зердесіне сіңірмесек, болашақ заман алдында қарыздар болып қаламыз.

Дана бабалар, Ұлы хандар, қаһарман батырлар, билер мен шешендер, жыраулар мен ақындар, жазушылар мен сазгерлер, спорт жұлдыздары, қоғам қайраткерлері, барша ел ардақтылары қазақты қазақ қылып, жалпы қазақ халқын бүтін Әлемге танытады, Отан даңқын асқақтата береді.

Осынау асқақтықты, парасаттылықты, еліміздің бұрынын, бүгінін, ертеңін дүние жүзіне барлық түстегі бояуында, түрлі-түрлі информация кеңістігінде көрсете беруіміз керек. Мұның келешектегі ең тиімді түрі интернет жүйесіндегі ғылыми, тарихи, көркем және де өзге жанрларда жүйеленген сайттар мен кинофильмдер.

Жаһандану жолында қыйыр жонда қалып қоймау үшін, ата-баба мәдени-этникалық мұрасының інжу-маржанды тағылымдық сыйын түп нұсқасында

көздің қарашығындай сақтап, әлемдік білім-ғылымның дамуымен тізгінімізді тең тартып, қазақы ділімізді, исламдық дінімізді, ұлттық ұлық болмысымызды өркендете дамыта беруіміз, жантайып жатып, арамдықпен ішіп-жеуді ұнатпайтын, қажыр-қайратты керек ететін қажеттілік. Мәдениет министірлігіне көп сериялы ғылыми-деректі, шынайы да тартымды, келешек өз ізбасарларымыз ұлттық нақыштағы тәлім-тәрбие ала алатындай дәрежедегі, дәуір-дәуірге жіктелген, кезең-кезеңге топтастырылған, заман-заманмен жүйеленген, қазақтың төл актерлері тұлғалар ролдерін қазақы болмыста дәлме-дәл және шынайы сомдайтын (бірде-бір шетелдік актер болмау керек!), түрлі қоғамдық құрлылымдағы айтулы тарихи уақиғалар мен ерекше табиғи құбылыстарды кеңінен қамтитын түрлі жанрды қамтитын көркем кинофилмдерді, анимациялық және мультфилмдерді неге түсірмеске? Қашанғы ақша жоқ, кризис болып жатыр деп немесе басқадай сылтау тауып, аузымызды қу шөппен сүртіп, қолымызды жайып, қам-қарекет жасамай отыра бермекпіз?

Бұл түрлі әдебиеттерді, тарихи кітаптарды, архив мұрағаттарын, тозған хаттарды, көне көз қарттардың айтқан әңгімелерін өзара салыстырып, ғылыми негізде зерттеп, ой-сана сүзбемнен өткізіп, шығарған қортындым. Мүлт кеткен тұстарым болса, алдын ала, пәк жүрегіммен кешірім сұраймын. Көзі қырағы, құлағы түрік, көкірегі ояу ата-баба тарихын зерттеуші азаматтарға мұндай аса ыждаһатты жұмыста сәттілік тілеймін!

***Қоғам діннен, имандылықтан алысқатаса, рухани азғындық басталады. Рухани азғындау қоғамның, ұлттың іштей ыдырауына, артынан жойылуына алып баратын негізгі фактордың бірі.***

Қорта айтқанда, Баянтау, Қарқаратау, Қызылтау және тағы да басқа өңірлерінің көнеден бастап осы уақытқа дейінгі тарихын, елі мен жерін, мәдениеті мен білімін сөз етіп баяндадым. Кітап мазмұнына дәйекті болу үшін осынау өңірлерге байланысты тарихи ізденістерімді нақтылы тарихи деректердің негізінде, бергі уақытқа дейін зерделенген тарихи фактілерді дәлелге келтірдім.

Қазақ ұлты өзінің сан ғасырларға жалғасқан тарихи жолында қуанышты күндерін де, қайғылы сәттерін де басынан өткерді. Сондықтан да біздің халық «мың өліп, мың тірілген» халық. Қазақтың соңғы жүз елу жылғы тарихы аса қасіретті болды. Патшалық Ресейдің құйтырқы саясаты қазақты ұлт ретінде тарих сахнасынан жоюды мақсат тұтты. Бұл мәселенің мән-жайы патшалық Ресей өкіметінің жүзеге асырған бірнеше реформалары мен қабылдаған заңдарын саралаудан анық байқалады. Қазақ халқының өзінің тілі мен дінінен, жері мен салтынан, дәстүрлі мәдениетінен айырылуына мүдделі болды. Мүдделі ғана болып отырған жоқ, қазақты шоқындыру мақсатындағы амалдарын жүзеге асырмақшы болған. Тек қазақ билерінің ақылдасуынан туындаған дана шешімдері өз кезінде қазақтың дін тұтастығын сақтап қалуға мүмкіндік берді. Салыстырмалы түрде біз тарихтан отарлау саясатының екі түрлі өзара ерекше үлгілерін сөз етуіміз керек. Ол, біріншіден, патшалы Ресей тұсындағы отаршылдық саясат және, екіншіден, большевиктік, кеңестік коммунистік Ресейдің отаршылдық саясаты...

Діни секталардың жетегінде кеткен жастар еліміздің заңын құметтемейді, әскерге бармайды, қолына қару алып отанын қорғамайды, салтымыз мен мәдениетімізге атүсті қарайтын болады. Сол себепті жастарымызды имандылыққа, ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы ұстанып келген асыл дініміз исламға баулысақ, түрлі жат ағымдардың жетегіне кетпейтін болады. Сонымен қатар иманды жас отанын, елін, жерін сүйетін, салт-дәстүрін, тілін, мәдениетін берік ұстайтын болады. Өйткені, Мұхаммед пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Отанды сүю иманнан», - деген. Мәселен, Еуропа елдерінде мектеп қабырғасынан,

яғни 4-5 сыныптан бастап өз елінің ресми дінін арнай пән ретінде оқытады. Өз дінін жастайынан санасына сіңірген баланы қандай секта болмасын арбай алмасы анық. Сол себепті ол елге сектанттар барғанымен бос қайтатындықтан, Еуропа бұл мәселеде өзге елдерге бізге дін бостандығы бар деп жар салады. Біздер де осылай айта алуымыз үшін 12 жылдық мектептер мен жоғары оқу орындарында «Ислам діні» сабақтарын үзбей жүргізуіміз керек.

Көк байрағы биіктеп желбіреген, әнұраны аспандап шарықтаған, ұлтымыздың тілі өз тұғырына көтерілген қазақ елі болдық. Достық, мейірбандық, парасаттылықтың, адамгершіліктің діні-Ислам дінінің мәртебесі еркіндік алған қазақ елінің-тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің әлеуметтік жағдайы толық, рухани еркін азаматтарымыз, иншалла мәңгілік болғай. Ең бастысы, алдымен, кең даламызға үлкен өркениет әкелген Исламның тарихымен, құран сөздерімен, имандылық шарттарымен кітаптың беташар тарауы өз беттерін айқара ашады. «Міне, IX ғасырдан бастап, күні бүгінге дейін ең басты бағдарымыз - ҚҰРАН КӨРІМ. Одан кейінгі арқа тұтарымыз Мұхаммед пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадис-шарифтері. Содан кейінгі бағдаршамымыз Әбу Ханифа бабамыз көрсеткен «мәһаб» және халқымыздың шариғатқа қайшы келмейтін өнегелі әдет-ғұрыптарымыз»-дейді Бас мүфти Әбсаттар қажы Дербісәлі («Ислам және заман» кітабы, 121-б.). Жас мемлекетіміздің егемендігінің баянды болуы үшін маңызды шарттарының бірі-діні. Дін-халықты ұйытатын, біріктіретін бірден-бір сенімді қағидат екендігі «Бақыт құсы» кітабының өнбойында кеңінен баяндалады.

«Құс жолы» атты бірінші кітабымда жеті саны және басқа да жайыттар жөнінде бір сыдырғы айтып өткен болатынмын. Қолыңыздағы кітап сол бірінші кітаптың заңды жалғасы. Бұл кітапта да «жеті ата» мәселесіне байланысты ойларға айтарлықтай орын берілген. Тектілік дегеннің өзі де адамның генетикалық ерекшелігі арқылы көзге көрінеді, іс-әрекет барысында байқалады, адамдардың арасындағы өзіндік, ізгілікті болмыстарымен айғақталады. Бұрындары шалғай өңірде ақсақал адамдармен кезігіп қалсаң, оларға қос қолыңды ұсына иіліп, сәлем бересің. Ақсақалдар сәлемінді алысымен-ақ, ең алдымен, сенің ата-тегіңді сұрайды. Мылалы, Арғынмын десең болды, ол сенің үрім-бұтағыңды таратып, асыл тегіңді тармақ-тармағымен, тізбектей тарата жөнелсін. Қай жерден екеніңді ешбір қиналмай-ақ тәтпіштей айтып, әсерлі әңгімесін ширатсын. Бүгіндері осы тәрізді сауал қойып, өзі жаубын айтатын ақсақалдарды төңіректен іздеп табудың өзі қиындаған сыңайда. Ал жеті атасы жөнінде жастардан сұрай қалсаң, мардымды жауапы естуің не ғайбыл. Бұл жақсы ма, әліде жаман ба? Қалай ойлайсыз? Әрине, өте жаман! Шын мәнісінде өзінің ата-тегін текті адам ғана біле алатын шығар деп ойлайтындаймын. Тексіз адам тесік, не айтсаң да оны ұға алмайды. Айтқаның оң құлағынан кіріп, сол жақ құлағынан ағып кетеді. Есінде ештеме де қалмайды. Бұл ұлттық болмыстың тоқырауының бір ғана белгісі. Қайдан шыққаныңды, қайдан келгеніңді, қайда бара жатқаныңды түсіндіру, қазақ халқында «шежіре» деп айтылады. «Шежіре» тарих ғылымының бір үлкен тармағы. Ата тегіңді бір кісідей білу, өзінді-өзін танудың басты белгісі, қазақ тарихын ұғынудағы алғы шарт іспетті. Төл тарихына тақыл-тақыл үңіліп, оған мән беріп, аса құрметпен қарап, адамдармен тең дәрежеде сөйлесе білетіндей жағыдайда болғанға не жетсін, шіркін. «Руыңды, тегіңді білме» деу қазақ халқына жасалған қиянатпен тең, көне тарихыңнан қараңды алыстат, ұлық бәйтеректің түп тамырыңды үз деген сөзге ұқсайды. Ата тегіңді білу-есепті де, жағрапияны да, адам баласының даму сатыларын бағдарлау, сонымен қатар, жалпы тарихта да айтарлықтай орын алады. «Тек» ұғымына зер салып, оның көне негізін ұғынып, зерделеу-адамның есте сақтау қабілетін дамытумен пара-пар, кісілік келбетті көрнекі суреттеумен тепе-тең.

Тектілігінді тұғырландыра түс, қазақ халқының тектілігі мызғымас қалыпта тұрсын, қадірменді ағайын.

Қазақ тарихы үнемі сыртқы жаудан қорғау тарихы болып табылады. В. Николаев деген бір автор өзінің «Судьба Казахстана в размышлениях обыкновенного казахстанца» деген мақаласында: «Все начинается с истории. История народа, по моему пониманию-это вечный бой с завоевателями... Монгольское нашествие (XIII в.) обрушило на Казахстан (хотя он так тогда не назывался) первый и самый страшный удар... На казахов нападали все соседи, кроме русских. Ни один народ в мире не выдерживал столь длительной, многовековой и столь разрушительной атаки соседних племен и государств. И только огромные просторы родной земли да кочевое скотоводство спасли народ от полного покорения и истребления. В этих жестоких природно-исторических условиях складывался весь культурно-хозяйственный уклад народа» **Николаев В. Судьба Казахстана в размышлениях обыкновенного казахстанца. Казахстанская правда, 1995, №48.**

Мына физикалық шамаларға қысқаша тоқталып өтейін: кеңістік, қозғалыс, уақыт. Кеңістік икс, игрік және зета әріптерімен анықталатын, үш өлшемді шексіз шама. Бір дененің екінші денеге байланысты орнын ауыстыруын қозғалысқа балаймыз. Ал уақытқа келсек, ол қайра қайтып, бастапқы мәніне оралмайтын, ерекше физикалық шама. Уақыт іс-әрекеттің дұрыс-бұрыстығын анықтайтын «әділ биге» ұқсайды. Жүзеге асырған қылықтарымыздың ақ-қарасын «уақыт би» анықтайды, әділ шешімін айтады. Жансыз денені алсақта, жанды денені алсақта барлығы да кеңістік, қозғалыс және уақыт тәрізді үш өлшемде, біздің сана-сезімімізге байланыссыз, шын мәнінде бар дүние. Жоқан бар жасалмайды. Бардан бар жасалады. Жарық дүниедегі көптеген құрылымдардың ішінде адам баласының ойып тұрып алатын айшықты орны, оның сана-сезімімен ерекшеленеді, айырықша сипатқа иелігімен тірі жанның көзіне көрінеді, сезім мүшесіне сезіледі. Сондықтан да адам адамдың асыл қасиеттерін дамытқан үстіне дамытып, оған берілген өмірдің жай, бостан босқа өтпеуін қадағалауы керек. Осы біздің заманымызға дейінгі уақытта көптеген мыңжылдықтар, талай ғасырлар өтті. Бағзы заман кісілері мен қазіргі заман кісілерінің қамтыған кеңістік де, қоғалыс жылдамдығын да, уақыт тиімділігін де еш салыстыруға келмейді. Менің зерделеуімше, бұл физикалық шамалардың кеңдігі де, жылдамдығы да, ұтқырлығы да, орта есеппен алғанда, мыңдаған есе артты.

Заңғар тауды, айдын көлді, құлпырған даланы түсімде көретіндеймін. Желдің сазды гуілі, судың сұлу сыңғыры, тастың құпия сыбыры құлағыма кезекпе кезек еститіндеймін. Жарық жұлдыздың сәулесін, туған жердің жылуын, нәзік жүректің лүпілін сезетіндеймін. Желдің екпіні, оттың қуаты, таудың биіктігі, барлығы да, таңқаларлық, таңғажайып табиғат құбылыстары. Бұл әсерлі құбылыстарды оқырмандар көре де, ести де, сезе де алса деген армандамын.

Қазақ тілінің белсенді жанашыр-күрескері ретінде, екі кітабымда да мына ойды тасқа таңба басқандай қылып жаздым, қазақ тіліне қарсылармен арпалыстым, жан-тәнімді салып айттым. Бүгінгі қоғамдық сана мен азаматтық парыздың сарапқа түсіп, сыналатын сәттерінің бірі ұлт тілдерінің тағыдырына байланысты болып отыр. Өйткені, өзінің ана тілін өмір-тіршілігінің қайнар көзі, барша болмысы мен болашағының кепілі деп санайтын әрбір халық оның әлденеден қағажу көріп, кінәратқа ұшырауына, қоғамдық тынысы тарылып, болашағы бұлдырай бастауына немқұрайлы қарай алмайды. Сол сияқты «көйлектің көктігімен, қарынның тоқтығымен» өлшенбейтін тілдің қадір-қасиетін әлімсақтан бері ту етіп көтеріп, тіл тағдырын ел тағыдырына балаған, оны пір тұтып келген қазақ халқының ана тілінің ел аман, жұрт тынышта мүшкіл халге душар болуы қабырғаға қатты бататыны белгілі. Ешбір халық, ұлыс этникалық

топ көзінің тірісінде, тіпті ақырғы адамы қалғанша ана тілінен бас тартып, жойылып кетуіне жол берген емес. Сан миллиондаған адам сөйлейтін тілмен қатар жер бетінде екі-ақ адам сөйлейтін тілдің өмір сүруі оның өміршендігінен болар. Ал он миллионнан астам халық сөйлейтін қазақ тілінің ел-жұртқа аян болып отырған бүгінгі жағыдайы-оның көкейкестілігі.

Кітапта отбасы мәселесі кеңінен қамтылған. Жас баланың қалыптасуы отбасынан өз бастауын алады. Баланың ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілер отбасында қалыптасады. Отбасы-адам баласының құтты мекені, туған ұясы. Сондықтан да ол адамның алтын шаңырағы. Ата-ана үшін бала, оның тағдыры өте қымбат. Бала әр үйдің ғана қуанышы мен үміті ғана емес, сонымен қатар, еліміздің жарқын болашағы. Отбасында ата-ананың атқаратын ролі зор. Яғни, өз ұрпағын ата-ана қалай тәрбиелесе, ертеңгі күні балалары өз жемісін дәл солай қылып қайтарады. Балаға сөз ұқаннан бастап-ақ үлкенді сыйлауды, өзінен кейінгі кішіге көмек көрсетуді, туған жерін, елін сүюді, Отанын қорғауды құлағына құйып, түсіндіре беру қажет. Отбасындағы мейірім мен жылу бала үшін кеңістіктегі ауадай қажет. Сонда ғана ол үшін отбасы ыстық та қымбат, құтты орынға айналмақ.

Келер ұрпақтың салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында тәрбиенің мына негізгі қағидаттарын ескерген жөн. Келкер ұрпақты дені сау, икемді әрі ширақ етіп, дәлдік пен мергендікке, ақылдылыққа, еңбек сүйгіштікке, имандылыққа, көркем мінезге тәрбиелеу үшін ұшы-қиырсыз кең даланың тәжірибесін жинақтай отырып, «Тіршіліктің тұтқасы-табиғат»-деп ұққан қазақ халқы. Әсем табиғат салауатты өмір салтына керек. Бұл мәселелер кітаптың спортқа арналған тарауында кеңінен қамтылған.

Өмір адам баласына бір-ақ рет берілетін табиғат ананың сыбағалы сыйы. Жарық дүниеге келудің өзі зор бақыт. Жарық дүние есігін ашу, бірінші бақыт. Уайым-қайғысы жоқ, әке-шеше, ата-әже бауырындағы шақ, екінші бақыт. Жар сүйіп, шаңырақ көтеру, үшінші бақыт. Ордалы үй болып, бала мен немере көру, төртінші бақыт. Азамат болып, қалыптасып-туыстарына, ел-жұртына пайда тигізу, бесінші бақыт. Тұлғалық дәрежеге көтеріліп, өзіңнен асып түсер шәкірттерді тәрбиелеу, алтыншы бақыт. Отан үшін сіңірген адал еңбегіңнің жемісін көру, жетінші бақыт. Осынау жеті бақытты тұла бойыңа, өр ойыңа, сана әлеміңе сыйғыза алсаң, өмірде табыстарға жете берсең, басқаша айтқанда, «бақыт құсының» сенің алақаныңа ұшып келіп қонғаны. Бұл бақыттардың бақыты, сан салалы өнер (ән, күй, жыр, айтыс, спорт т.б.) сыйыстарында жеңістерге жеткен үстіне жетіп, Мемлекетіңнің әнұранын шырқатып, көк байрағын өзгелерден биіктеу көтере желбірету. Баянды бақыт құсы әр адамның басына Сәкен Сейфулинше айтқанда «тар жол, тайғақ кешумен» кліп қонады. Басыңа қонған «бақыт құсын» ұстап қалу қиынның қиыны. Болмысымыздан қазақтың иісі мұңкіп, Отанымыздың даңқы асқақтап, ұлы көшіміз ілгері жылжи берсін, құрметті оқырман қауым. Қазақ елінде, қазақ жерінде «бақыт құсы» мәңгілікке тұрақтасын!

Тәкаппар дүние қазақты таныды, Қазақстанды мойындады десек, әлбетте, мұның ең бірінші жарқын көрінісі еліміздің Еуропа төрінің төбе биі ретінде бір жыл бойы билік айтуы болғаны анық. Сол мәртебелі төрағалықтың алтын тәжіндей Астана Саммиті ел беделін одан әрі шарықтатты, көңілімізді ту биікке қалықтатты, мемлекеттік тұғырымыздың беріктігі мен тұрақтылығына дүниежүзілік қоғамдастықтың көзін кәміл жеткізе түсті, салиқалы һәм сарабал саяси ұстанымымыздың дәйектілігі мен мәйектілігіне халықаралық саясат серкелерінің сенімін шегелей түсті. Жамалымыз жайнаған сол Саммиттен кейін тура екі ай өткенде, міне, Қазақстан жұлдызы әлем көгінен, шырқау биіктен тағы да жарқырап көрінді. «Той тойға ұлассын» деп қазақ атамыз айтқандай, Астана

Саммитінің қонақжай қазақ жерінде тұңғыш рет жалау желбіреткен Азидаға жалғасуы және сабақты ине сәтімен келіп, таиаша өткізілуі бір жағынан жақсы ырымға баланса, екіншіден, мұның өзі еліміздің қазіргі шақта қандай да болмасын жаһандық ауқымдағы алқалы жиынды алқынбай, жоғары деңгейде атқарып шығуға қабілет-қарымы да, қуат-күдіреті де, зиялылық өресі де молынан жететінін дүйім дүниеге дәлелдеп, айқын көрсетіп берді.

Құдайға шүкір, бүгінгі таңда қазақ жұрты ояну жағыдайында. Мынау еңбек ұлттың тарихи санасы мен мемлекеттік санасының өсе түсуіне ықпал етеді деп сенемін.

Қазіргі қазақтың тәуелсіз, азат ел болатыны туралы, ЮНЕСКО тарапынан 100 жылдық мерейтойы аталып өткен, қазақтың әйгілі ғалымы, академик Әлкей Марғұлан сенімді болып кеткен екен. Демек, қылышынан қан тамған уақыттағы Кеңес өкіметінің бет-бейнесін көрген Әлкей Марғұлан да басынан өткерген ауыртпашылықтарына қарамастан болашаққа нық сеніммен қарай білген. Өйткені ол тамыры тереңге кеткен қазақ халқының тағылымды тарихы мен рауанды рухани болмысын білген.

Түрлі-түсті тарихи мәндерге ие суреттер арқылы сан қилы табиғи құбылыстар, әр заманда өмір сүрген кісілердің портреттері, жеке, бір тарауда берілген. Түрлі-түсті фотолардан туған жердің сұлулығын, көне тарихтың тағылымын, өнегелі тұлғалардың болмысын, ой-електеріңізден сұрыптай да, саралай да өткізіп, өткен-кеткенге шолу жасап, қызықты да тартымды тарихи деректер мен мәлеметтерді осы кітаптан табуға болады деп, сеніммен айтамын. Фотолар ұрпақтар сабақтастығын көркемдік негізде бейнелеп, барша адамзат дамуы эволюциясы мен революциясы жөнінде көрнекі мағлұматтарды береді.

### III

#### Қазақ-елім-ай, қайран жерім-ай!

Адамда жақсы қасиет болмаса оған бақ та, бақыт та қонбайды

Жүсіп Баласағұн

Бұл әлемде ең бастысы – біздің қай жерде тұрғанымыз емес, қандай бағытпен жылжимыз – міне сонда!

Холмз

*Жақсы болса ағайын,  
Күнде базар маңайың.  
Жаман болса ағайын,  
Күнде келер ажалың.*

*Жазиралы жерімізде еркін жатайық,  
Ел-жұртымызды мақтан тұтайық.  
Ынтымақ пен бірлігіміз хәм жарасып,  
Әлемдік үлкен жарыстарда ұтайық.*

**Топонимика:** географиялық атауларды зерттейтін ономастиканың бір бөлімі. Топонимика гректің *topos* - орын + *onyma* – есім деген сөздерінен алынған:

- 1.ол өзен, су, құдық, көл, теңіз аттарын (гидронимдерді);
- 2.тау, сай-сала, қырат, жота, асу, орман-тоғай, жайлау аттарын (оронимдерді);
- 3.елді мекендердің аттарын (ойконимдерді) - жан-жақты зерттейді.



Географиялық атаулардың (топонимдердің) шығу тәркіні, олардың аталу себебі адамдарды ықылым заманнан-ақ қызықтырып келеді. Ертеде адамдар табиғатты, жер-суларды, тау-тастарды, жан-жануарларды, өсімдіктерді, ағаштарды бақылап, оларды зерттеген. Қазақ даласын мекен еткен ежелгі ру мен тайпалардың сонау ықылым заманнан басталған ұзақ тарихы болғанмен, сол халықтар жөнінде, олар қоныстанған жер-су, ауыл-аймақ туралы жазба-сызба деректер жоқтың қасы.

Ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда, Дарий және Кир әскерлері Амударияның орта тұсынан өтіп, сақтармен Арал теңізінің маңында соғысқан. Тарихшы Геродот көне *қазақ жері туралы* біраз мағлұмат келтіреді. Ол Каспий теңізінің арғы жағында тасты және ойлы-қырлы жерлердің алып жатқанын, онда биік таулардың бар екенін баяндайды.

Қазақтың жер-су аттарының көпшілігі екі сөзден құралған: Қаратау, Ақтөбе, Майбұлақ, Аюлытөр, Келмешат, Күмісбастау т.б. Мұндай топонимдердің екінші бөлімі жалпы атаулар (географиялық терминдер) болып келеді: көл, сай, құдық, бұлақ, төбе, шоқы, тас, оба, қорған, төрткүл, орпа, қия, кезең, еспе, асу, ой, шат, жер, қак, бет, шалқар, сеңгір, төр, тау, нұра т.б.

Қазақтың ұлан байтақ жеріндегі толып жатқан жер-су аттарының әрқайсысының өзіндік мән-мағынасы, шығу тарихы, көпшілікке беймәлім сыр-құпиясы бар екеніне күмән тудырмайтын нәрсе.

*Орталық Қазақстан өңірінде* ежелгі палеолит заманында адамдар өмір сүргендігін, Сарыарқаның ұзақ та қызық тарихы бар екенін айтқан жөн. Сарыарқа өңірінің мәдениеттік дамуының хронологиялық кездерін үңіле зерттеген академик Ә.Х. Марғұлан Сарыарқа төрінде гүлденген Беғазы-Дәндібай мәдениетімен ұштасып жатқанын дәлелдеген. Қазақстанның тарихи географиясынан құнды деректер тапқан білгір зерттеушілер Б.Х. Қармышева мен Д.Х. Қармышева осы «Арқа жұрт» деген сөздің сырын ашып, өзбек руларының Сарыарқа жерімен, елімен тарихи байланысы барлығын дәлелдейді.

*Сарыарқа даласы* ежелден мал шаруашылығымен айналысуға қолайлы, құтты жер болған. «Сарыарқа, жұттың емес, құттың жері» деп бекер айтылмаған. Суы мол, шөбі шүйгін Сарыарқа әсіресе жылқы, қала берді қой мен ірі қара мал түлектерін өсіруге қолайлы. Шексіз жонның екі жағына-солтүстікке ағып жатқан ірі өзендері-Шар, Шағын, Ашысу, Түндік, Көктал, Жарлы, Талды, Өлеңті, Сілеті, Есіл, Нұра, Құланөтпес, Терісаққан; оңтүстікке-Аякөз, Бақанас, Тоқырауын, Былқылдақ, Қаратал, Қаршығалы, Жіңішке, Жәмші, Мойынты, Сарысу, Сарыкеңгір т.б. атамағанның өзінде, Қарағанды облысының жерінде 5580-ге жуық өзен, 5000-нан астам көл бар екен.

«Сарыарқа» сөзінің этимологиясы жөнінде ғалым-топонимист Е. Қойшыбаев та арнайы мақала жазған. Бұл географиялық атаудың «сары» бөлігін арнайы қарап Е. Қойшыбаев «сары аяз», «сары қар», «сарыгілдір», «сарытоқым» т. б. тұлғаларда, алуан мәнде қолданылатынын көрсетті. Сонымен, «Сары» сөзі мынандай мәндерге ие екенін байқаймыз: «кең», «жалпақ», «шексіз» (үшеуі-байтақ), «түс» (рең).

Сарыарқа өңірін батысында Ұлытау, солтүстігінде Көкшетау, солтүстік шығысында Баянауыл таулары көмкеріп тұрса, орталығында Далба, Қызылтау, Сарытау, Семізбұғы, Қарқаралы т.б. таулар көсіліп жатыр. «Атаулар сыры» Керімбаев Есенкелді Алматы, «Қазақстан» 1984 бет 36-41. Ерте заманда өзінің желмаясын желітіп, Қазақтың Сарыарқасын Асанқайғы атамыз аралап жүргенінде, Нұра өзенінің ұзын бойының құнарлы топырақтары ие бермес өнім беретін егін-жай болатынын болжапты. Таулар тұсына таяғанында алдынан көлденендеп барып, бір семіз бұғы кіші таудан үлкен тауға беттеп, жорта жөнеліпті. Құбылысқа қайран қалған қарт: «Үлкен тау-үлкен Семізбұғы, ал кіші

тау-кіші Семізбұғы, бұл екі таудың өне бойы қисапсыз байлық көзі.», - деп әрі қарай жолын жалғастырған екен дейді ел. Семізбұғы кенге бай жер екендігі жөнінде Қаныш Сәтбаев та айтқан. Ол осы қасиетті де берері мол өңірге келуге бірнеше мәрте ниет білдірген, бірақ өзінің денсаулығына және уақыттың тапшылығына байланысты бұл ойлары іске аспай қалған.

**Керней әкімшілігіне қарасты жер** телімі осынау сымбаттылық әлемінің титімдей ғана бір пұшпағында орналасқан.

**«Керней»:** «Кернейское» урочище было выбрано под населенный пункт в 1903 году землемерами, бравшими на учет все пахотные земли и лесные массивы. «Кернейским» это местность по имени казахского рода «Керней», которому принадлежали данная земля. Урочище было богато мелкими дикими зверями и птицей. (Зайцы, сурки, борсуки, утки, гуси, дрофы итд. В местных лесах, в основном, растут осины, березы, сосны, талы. Земельная площадь 80265 га. Площадь сельхозугодий составляют 75067 га, в том числе: пашня 23334 га, сенокосы 7367 га, пастбища 44362 га, сады иягодники 3,9 га. Жилой фонд 9886 кв.м. Керней әкімшілігіндегі халқының жалпы саны 2239. Кернейде 1486 (оның қазағы 821), Ақжарда-369, Алғабаста-384. Әкімдіктегі барлық қазақтың саны 1574. (Бүкіл Қазақстандық санақ 2009)

**Табиғат:** Аспан, жұлдыз, күн, ай, тау-тас, өзен-көл, жан-жануар, адам т.б. табиғатты құрайды. Жел, жуын-шашын (қар, жаңбыр, бұршақ, шық, қырау), боран, қардың еруі, судың тасуы-табиғат құбылыстары. Адам өзіне қажетті заттарды, техниканы жасауды табиғаттан үйренеді. Құстың ұшуы-ұшақ, балықтың жүзуі-сүңгуір қайық жасауға өз септігін тигізді. Табиғатты танып білудің ең тиімдісі-өз көзіңмен көріп, бақылау. Адам өзі үшін табиғатты аялап, қорғауы қажеттілік.

*Мені қоршап тұрған табиғат,  
Тау, шоқы, төбе, қыр, бұйрат.  
Мұхит, теңіз, көл, өзен, бұлақ-  
Толқыған толқын әнін сайрат.  
Табиғат-қара ниетке арлан,  
Табиғат-ақ ниеттіге тарлан.  
Табиғат, шебердің шебері,  
Табиғатты ластауға арлан.  
Адам табиғаттың төл перзенті,  
Жер-ана, табиғаттың кереметі.  
Алла адамға тіл беріп сөйлетті,  
Бірін саяз етті, бірін терең етті.  
Адам табиғатымен ақылдассын,  
Жануарлар өзара жақындассын.  
Тіршілік атаулының араларында,  
Түсіністік қатынас қалыптассын.*

*Аяқтан тұлпар ақсаса,  
Мәстекке құнын бағалар.  
Қолынан бір күн бақ тайса,  
Дұшпан шіркін табылар.*

**Өсімдіктер:** Табиғаттың бір бөлігі өсімдіктер. Өсімдіктер суда да, далада да, орманда да, тауда да өседі. Өсімдіктердің үш тобы: ағаштар, бұталар, шөптер. Мысалы, ағаштың мүшелері мыналар: тамыр, дің, бұтақ, бұршік, жапырақ, гүл, жеміс. Жануарлар өсімдіктерді қорек, баспана ретінде пайдаланады. Өсімдік ауаны тазартады, жемісін береді, оның саясында, рақаттанып дем аласың.

Шөптер: таңқурай, бүлдірген, бидай, жүгері, селеу, желайдар, бақбақ, пияз, картоп, орамжапырақ, қызылша, қияр, қызанақ, сәбіз, түйе дақ, жалбыз, жусан, қымыздық, көде, өлең шөп, меңдуана, жоңышқа, қияқ, күреңсе, сасыр, жуа т.б. Ағаштар: қайың, қарағай, терек, тал (қара, боз), шілік, арша т.б. Өсімдіктер тұқым, түйнек, тамыр сабақ, мұртша арқылы көбейеді.

*Қыр гүлін жинадым көктемде,  
Жасым жетпіс жетіге жетсе де.  
Артық болмайды қанша мәрте,  
Жаратқаным тағзым етсе де.  
Көк майсалы жер құлпырған,  
Қарағайлар биікке ұмтылған.  
Кең жазиралы паң Сарыарқа,  
Өр кілем түсімен қамтылған.  
Даланың хош иісі мұңкіген,  
Дөнен-құнандары мөңкіген.  
Сұлы жеп, көкке аузы тиіп,  
Тұлпар тайраңдап жөңкіген.  
Батырдың тұлпары қыр асқан,  
Қазағым үміттің отын жаққан.  
Төбенің басынан жау көрінсе,  
Қазағым байрағына үкі таққан.*

*Жақсы болса алғаның,  
Гүл-гүл жайнар ажарың.  
Жаман болса алғаның,  
Кеуіп тұрар қазаның.*

**Құстар:** Адамзат құстарға ерекше көңіл бөліп келеді. Құстар жөнінде не білеміз? Олар өзінің сымбаты, әні, әрекеттерімен адамдарды өте қызықтырады. Барлық жерде құстардың не бір түрлерін кездестіреміз, оларға қызыға да таңдана қараймыз, пайдасы мен зиянын зерделейміз. 150 млн. жылда құстардың неше атасы бүкіл жер шарына кеңінен тараған. 700 құс түрлері тоғайларда өмір сүреді. Бір ғана қайың ағашын алып қарасақ, онда, орта есеппен, 600 мың құрт-құмырсқа болады. Осы құрт-құмырсқаларды қорек қылып, құстар қайыңға да, біздерге де пайдасын тигізеді. Тапай тоғайларында мынандай құстар кездеседі: бөдене, дуадақ, шіл, тоқылдақ, қарлығаш, қара қарға, құр, үкі, тырна, қара торғай, шымшық құс, көкек, сауысқан т.б. Қазақстанда 470 құс түрлері кедеседі.

*Жаман болса туысың,  
Жүрекке қайғы жамалар.  
Алтынды жағаң қисайса,  
Дұшпаныңа қосылып,  
Күліңді келіп сабалар.*

**Аңдар:** Жануарла-табиғаттың тағы да бір маңызды бөлігі. Жануарлар екі топқа бөлінеді: жабайы аңдар, үй жануарлары. Жабайы аңдар табиғатта өздігінен тіршілік етеді, ал үй жануарларын адам қолда бағып өсіреді. Керней тоғайларында кездесетін аңдар: елік, арқар, бұлан, киік, бөкен, түлкі, қасқыр, қарсақ, қоян, сілеусін, борсық, суыр, сасық күзен, ақ тиын, кірпі, тышқан т.б.

*Қарауылдың жаманы,  
Алдырған соң өкінер.  
Балуанның жаманы,*

*Шалдырған соң өкірер.*

*Саумал бұлақ, балдай дәмің,  
Салқын самалды сая-жайың.  
Таудан бұлақ құлайды алтын құрсақ,  
Қандай ғажап, бұлаққа қарап тұрсақ!*

Бұқар жырау ауданы Қарағанды облысының солтүстік бөлігінде, негізінде Қарағанды-Теміртау агломерациясын қоршай орналасқан әкімшілік-аумақтық бөлігі. Бұл ауданның атауы 1997 жылдан осы төңіректі ертеде мекен еткен, қазақтың көмекей әулиесі Бұқар жыраудың құрметіне қойылған. Жердің ауданы-14,4 мың шаршы шақырым. Халық саны-60 мың адам. Ауданда 3 кент, 26 селолық және ауылдық округ бар. Аумағында Қушоқы, Жоғары Соқыр тас көмір, Қымызқұдық қоңыр көмір, Нұрқазған мыс және құрылыс материалдарының мол шикізат қоры барланған. Ауыл шаруашылық құрылымдары астық, жем-шөп, көкөніс, картоп, ет, сүт өндіретін, мал, құс өсіретін акционерлік қоғамдар, өндірістік кооперативтер, жеке шаруа қожалықтарынан құрылған.

*Кернейден келдік бұлақ көзін ашуға,  
Тоғай ішін кір-қоқыстан тазалауға.  
Жасыл ел іс-шараларына үлес қосып,  
Орман жауын ұялытып, мазалауға.*

*Өткел өтсең бұрын өт,  
Арты болар бір тайғақ.  
Ұрлық қылсаң жалғыз ет,  
Екеу болса бірі айғақ.  
Сапар шексең көппен шек,  
Дұшпаныңа ол да айбат.*

*Түкірмес болар, қайтып келер астауға,  
Қандай қақың бар табиғатты ластауға?  
Асыққаның абзал бастаманы қостауға,  
Тыйым салып, тоғайға қоқыс тастауға.  
Табиғатым еш жыламасын,  
Көзінің жасын бұламасын.  
Жайқалып тұрған ақ қайың,  
Жастай кеуіп құламасын.  
Бұлақтың көзін ашайық,  
Көп жақсылық жасайық.  
Еңбек көркін қыздырып,  
Ақ қайың әніне басайық.  
Ақ қайың сырыңды жасырма,  
Қиындыққа жасып, басылма.  
Тағдырдың тәлкегіне төзіп,  
Қарағайдың иығына асылма.  
Ақ қайыңның әні естіліп,  
Бойдағы ләззәтті сарқады.  
Жақсылықтың лебі есіліп,  
Ойымдағы күдік тарқады.  
Құстар бұл әнге қосылды,  
Аңдар да қуанып жосыды.  
Қараша қазанға құйылған,  
Бұлақ суы қайнап тасыды.*

*Бұлақ суының мөлдірі-ай,  
Жота селеуінің селдірі-ай.  
Мәрт жүректердің лүпілі,  
Арқаның сары гүлдері-ай!*

«Орталық Қазақстан» газетінің беттерінде Қарқаралы, Павлодар уездерінің рулық шежірелері жарияланған еді. Кейінгі шежіре 1903 жылы Воронеж қаласында басылып шыққан «Материалы по киргизскому землепользованию собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Семипалатинская область. Павлодарский уезд...» атты кітаптан алынған еді. Осы кітаптың соңғы тарауында «Павлодар уезінің қоныстану тарихы» деген бөлім бар. Кітаптың алғы сөзінде осы экспедицияны басқарушы және басылымды шығарушы Ф. Щербин «Павлодар уезін қоныстану тарихы» бөлімін жазған Әлихан Бөкейханов», - деп атап көрсеткен.

Жарияланған шежірені толықтыра түсетін мақала болғандықтан, орысшадан қазақшаға аударып оқырманға ұсынғанды жөн көрдік. Бұл-Бабас руы ауылдары кәзіргі Бұқар жырау ауданының жері. Оған себеп, орайы келгенде айта кету керек, газет бетінде Ульянов ауданы Корнеевка ауылынан М. Ақышевтің сол ауылдың аталуы туралы ойлары жариаланған еді.

Міне, осы № 6 ауылдың кітаптағы мәліметтерін қарап отырсақ: он бірінші болып ауылдың ақсақалдары, яғни ауылдың иесі Масалым-Надырбай, қыстауы Керней және құдық аты деп көрсетілген. Газетке ықшамдап басылғаннан кейін, әр қыстаудың уездік қаладан, отырықшы ауылдардан, сауда орындарынан қашықтығы көрсетілген мәлімет бар. Сонда, Керней қыстауын 32 жылдан бері қыстап отырған, уездік қаладан 300, отырықшы ауылдан 115, сауда орындарынан 115 шақырым (верст) деп көрсетілген. Яғни, Керней қыстауы қарашекпенділер келмей-ақ болған, экспедиция жүргізген кезде 1897 жылдың екінші жартысы, Корнеевка елді мекеннің әлі болмағанын кітаптағы дерек анық айтып тұр.

Ал енді Корнеевка елді мекенін Украина мен Белоруссиядан келгендер 1907 жылы, экспедициядан 10 жылдан кейін келіп орналасқан. Экспедицияның түпкі мақсатының өзі орыс қарашекпенділеріне қоныстануға қолайлы жерлер іздеу еді.

Келімсек қоныстанушылар сол Масалым-Надырбай қыстауының атымен қазақтың Керней деген сөзін орысшаға бұрмалап, Корнеевка деп атап кеткен.

Ал, Керней сөзіне келсек, ол қазақтың төл сөзі, осы аттас музыка аспабы да бар, тіпті алысқа бармай-ақ Қарқаралы уезінде Кәрсен-Керней болысы болғанын айта кеткен жөн. Болыстар не ру атымен, не жер атымен аталған.

Қысқасы, бұл кітаптан осындай тарихи жер-су, тау-тас, қоныс-қыстау т.б. аттарын анықтауға да көптеген деректер алуға болады.

Дерек

### **Қазақстанда сегіз ұлттық саябақ, тоғыз қорық бар**

Қасиетті де киелі қазақ жерінің **Сарыарқа** аймағының солтүстік өңірінің жазиралы жазық даласын алып жатқан Бұқар жырау атындағы ауданымыздың шежіресі Қазақстанымыздың тұтас тарихының ажырамас күретамырын құрайды. Отан тарихын туған жерден, өз ауылыңнан басталатынын санасына тоқыған ұрпақ тектілігін көздің қарашығындай сақтайды. Тектілік туған жерді білуден, ата-бабаларыңды танудан, өз өлкеңді қастерлеуден бастау алады. **Бұқар жырау ауданына** Керней әкімшілігі кіреді.

## **Бұқар жырау ауданы**

**Бұқар жырау ауданы**, Қарағанды облысының солтүстігіндегі әкімшілік аудан. Әкімшілік орталығы-Ботақара кенті. 1997 жылы Ульянов (1961 жылы

құрылған) және Тельман аудандары (1928 жылы құрылған) біріктіріліп, ұйымдастырылды. Атауы осы аудан жерінде туып-өскен атақты Бұқар жыраудың құрметіне қойылған. (1938 жылдан-Ворошилов, 1961 жылдан Ульянов ауданы аталды). Халқының саны-60,7 мың (2005). Жерінің жалпы ауданы-14,4 мың км<sup>2</sup>. Ауданда 3 кенттік, 26 ауылдық әкімшілік округ бар.

Ауданның көпшілік жерін Сарыарқаның ұсақ шоқылы, қырқалы-белесті жазығы алып жатыр (абсолюттік биіктігі 500-700 м). Ең биік жері солтүстік-шығысындағы Семізбұғы тауы (1049 м). Жер қойнауында тас көмір (Жоғарғы Соқыр, Қушоқы кенттері), қоңыр көмір (Күміскұдық, Қымызқұдық) және құрлыс материалдарының мол шикізат қоры барланған.

Климаты күрт континенттік, қысы суық, жазы біршама ыстық әрі құрғақ. Ауаның көпжылдық орташа температурасы қаңтарда- -15-17 С<sup>0</sup>, шілдеде- +19-21С<sup>0</sup>. Жауын-шашынның орташа жылдық мөлшері 300-350 мм. Аудан жері арқылы Нұра (көптеген салаларымен), Шерубай-Нұра, Бала Шідерті, Ащысу өзендері, Ертіс-Қарағанды каналы ағып өтеді. Шыбынды, Ботақара, Батпақкөл, Шалқар, Семізбұғы көлдері бар. Нұра өзенінде Самарқан бөгені салынған.

Қара, қызыл-қоңыр топырағында селеу, қылқан селеу, бетеге, сұлыбас, жусан, өлең, қараған, тобылғы, өзен аңғарларында түрлі-шөпті, астық тұқымдасты қалың шалғын, тал, шілік, итмұрын т.б. бұталар өседі. Аңдардан: қасқыр, түлкі, қарсақ, қоян, борсық, арқар, елік, суыр, сарышұнақ, аламан, құстардан: шыбыжық, тау қыраны, бозторғай, көлдерінде су құстары мекендейді.

Халқының тығыздығы 1 км<sup>2</sup> шаққанда 4,9 адамнан келеді. Ауданда Ботақара (6,4 мың), Мстафин (4,6 мың), Қушоқы (4,4 мың) кенттері және тұрғыны 1 мыңнан асатын 24 ауылы бар.

Кәсіпорындарынан нан, сүйек ұнын тарту, құрама жем зауыттары, жеміс пен көкөніс өңдеу цехы, сүт-май зауыттарының цехтары, 2 тұрмыстық қызмет көрсету комбинаты, 3 құрлыс, 2 автокөлік мекемелері, облыстық ауыл шаруашылық тәжірибе станциясы бар.

Бұрынғы әр түрлі бағытта мамандандырылған ұжымшарлар мен кеңшарлар, агрокешендер негізінде ауданда астық, жем-шөп, көкөніс, картоп егетін, сүтті-етті, етті ірі қара мал бордақылайтын, жылқы, шошқа, құс өсіретін акционерлік қоғамдар, өндірістік кооперативтер, жеке шаруа (фермер) қожалықтары құрылған.

Ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жердің аумағы 1353 мың га, оның ішінде егіндік жері 29,6%, жайылымдылығы 67,3%, шабындығы 3, 1%. Егіс алабында негізінде дәнді және жем-шөп дақылдары егіледі. Ертіс-Қарағанды каналы мен Нұра өзенінің бойындағы суармалы алқаптарда бау-бақша дақылдары, картоп, көкөніс, сондай-ақ жеміс-жидек өсіріледі.

Ауданда жалпы білім беретін мектептер, балабақшалар, арнайы мектептер (музыка, спорт) мен кәсіптік-техникалық училище, мәдени-ағарту және денсаулық сақтау мекемелері бар.

Аудан жерімен Алматы-Қарағанды-Петропавл, Қарағанды-Қарағайлы темір жол магистральдары, Алматы-Қарағанды-Қарқаралы-Аягөз, Қарағанды-Павлодар автомобиль жолдары өтеді.

## Ауыл

**Керней әкімшілігіне қарасты аумақтың табиғаты** әсем, көз тоймастай сұлу! Тау-тас, гүл-дала, орман-тоғай, өзен-көл, тоған-бұлақ, аң-құстар табиғат көркемдігін адамдарға паш етіп тұрғандай болып, жан-дүниеге ерекше әсер береді.

**Кернейдің** шығысындағы тастар, су құламасы, орман алқабы айтуға тұрарлықтай-ақ!

*Тып-тыныш кең даламыз,  
Желі де жоқ мені мазалар.  
Тастар, жасыл жапырақ,  
Мазданып жаным тазарар.*

**Ақжар** ауылының солтүстік-шығысындағы адам баласын тамсандырмай қоймайтын, көсіліп Қызылтау жатыр!

*Қызылтау бұлт асырмай асқарынан,  
Тұр қарап туған дала аспанынан.  
Асылып Қызылтауға ай мен күн,  
Жарқылдар шұғыла шашқан тастарынан!*

**Алғабас** ауылының солтүстігіндегі төбелер баурайндағы бұлақты ағаш көріністері адамның көңілін көтеріп, шабытын шақырады, жүрекке нұрын төгеді!

*Сусындасын бізбен деп,  
Өзен, бұлақ ағады.  
Табиғат осы шебер-ау,  
Тіршілік шамын жағады.*

**1.Керней**-құрақ шөпті, қамыс-қоғалы, ұзын шилі, терек-талды Омар өзенін жағалай орналасқан ауыл.

**2.Ақжар**-жарлары бар өзен бойындағы ауыл. Ауылдың жоғарғы тұсында екі шоқ шілік бар: қырдағысы-қыршілік, ойдағысы-мыйшілік. Ауылдан төменірек саяз және терең апандар. Одан әрі, бұлақ бойында шұңғыл-шұңғыл жарлар. Осы жарлардың түбіне қарай ақ балшық сілемі. Төменірек қызыл ағаш шоғырлары көзге ілінеді. Ағарып жататын жарға орай, ел бабас ауылын Ақжар деп атап кеткен.

**3.Алғабас**-Шилі өзені бойындағы Жартастан бастап, Доңғал (ертеде Доңғалдың биігінде бекет болған) жоталары сілемімен жағалай Сары бай (Сары әулие) жеріне дейінгі төңіректі Ойұл, Манту, Қалдаман, Мүсәлім, Омарлардың ұрпақтары мекен еткен. 1928 жылға дейін Алғабаста алты-ақ жер үй болған. Ауылды Омар Мүсәлімұлы басқарған. Қазіргі Алғабас ауылының трғыны Сәбидің әкесі Бақшидің қыстауы Сұңқарқия, ал бұл кіселерге Ойыл әулеттері ағайындас. Ауылға «Алғабас» деген атауды ел-жұрт өнер мен еңбекте алда болсын деп, ырымдап қойған. Алғабастың өркендей дамуына айтарлықтай үлестерін қосқан, ел есінде сақталып қалған өнерлі азаматтадың кейбірін атап өтейін: Жәркей, Тәмәмдар, Нәжікбай молла, Мәмірайым (ауылдың барлық адамдарын, жаңа ғана туған бөбекке дейін егжей-тегжейлі, толығымен білген, мамонттың бас сүйегін ауыл маңынан тауып алған, осы уақытта бас сүйек Қарағанды облыстық мұражайында), Қажен (ошақ, шәугім, бесік, домбыраларды жасаған, күйші, етікші), Төлепберген, Ақыш (қаржастың тарихын жатқа айтқан шежіреші), Әкіш (әнші, жыршы, картопты керемет өсірген бағыбан), Бақши (қол өнері), Мұқаш (құрлыс шебері), Қаби (күбіші, майшелекші), Бүркітбай (мал емшісі, сынықшы)...

**Қыстақ**

1. **Бодан (жергілікті)** деген жердің аты-ұлы шешеміздің есімімен аталған.
2. **Қанай түскен**-байдың қызы келін болып түскен жер.
3. **Тұйық-қыстау**, төңіректе жел немесе боран түтеп тұрғанда мұна мамыражай.
4. **Желдібай**-жел аққұла соғып тұратын жер.
5. **Айғай төбе** Жүнісбектің дәуқара Иванды соққыға ұрып-жыққан жері.
6. **Мешіт-медресе**-Жыржыс қажының мешіті мен медресесі болған жер.
7. **Дәулетбек**-Дәулетбек бидің жері.
8. **Есентай**-Есентайдың қыстауы.
9. **Жәйпәннің қыстауы**-Қараша бабаның жері.
10. **Қоныс-Қоңыратбай**-Қоңыратбай ақсақалдың қонысы.
11. **Керей-Кешубай**-Асаннан шыққан адамның есімдерімен аталған жер. Солтүстік-батысында Иманбай жартасы. Жартаста үш ай бойына Шарбан деген әнші қызды тығып ұстаған үңгір бар. Айтжан алайын деп отырған қалыңдықты Бабастың Жайпаңының ұлы Дәулетбек би күшпен татып әкетеді. Сол жартас «Шарбан тыққан тас» деп аталады.
12. **Алыс Жосалы**-көктем-күз бойына шөбі жайқалып, жеміс-жидектерінің мұңкіген исі мұрын жарып, гүл-гүл жайнап тұратын жер.
13. **Жақын Жосалы**-ертеде Таңжарық Бәйділдәулы тәрізді аталарымыз жайлауынды жылқы баққан, суы шипалы, шөбі құнарлы, сазы мың салалы жер жанаты.
14. **Тасбақа тасы**-жер аты.
15. **Мұздыбай ағашы.**
16. **Қуқайың.**
17. **Қаратал.**
18. **Қарақойтас.**
19. **Сиректас.**
20. **Ұралы.**
21. **Жайлаутау.**
22. **Сораңкерегетас.**
23. **Өтен-Баян**-жер атауы.
24. **Шаңтимес** (қыстақ).
25. **Тоқайсопы** (қыстақ).
26. **Үйшікағаш** (жер аты).
27. **Сәти** (қыстақ).
28. **Дәулетбек би** (жер аты).
29. **Құстұмсық** (қыстау).
30. **Қоңыратбай** (қыстақ).
31. **Бодан** (қыстау).
32. **Малмақ** (жер аты, Каленово кружок).
33. **Ұралы.**
34. **Садық...**

## Тау

*«Арафа» сөзінің мағынасы «танысу» дегенді білдіреді. Яғни адамзаттың атасы Адам мен Хауа ананың жер бетіне түсіп, Арафат тауында табысқан күні. Зұлхижа айының 9 жұлдызын Арафа күні дейміз. Бұл күні қажылық рәсімдерін атқарып жатқан жандар үшін Меккеден 20 шақырым жерде орналасқан Арафат тауында бір мезет болса да тұру парыз болып есептеледі. Қасиетті тауға аяғы тиген әр пенде Жаратқанға барынша жақындай, жүздескендей күй кешеді. Алла тағала да олардың тілек-дұғаларын қабыл алады, күнәларын кешіреді делінеді.*



Ал Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) бір хадисінде: «Қажылық дегеніміз-Арафат. Кімде-кім Арафатқа үлгерсе, қажылыққа үлгерген болады,-деген. Демек, кімде-кім Арафат тауында бір сәт те тұрмаса, қажылық ғибадатын орындамаған болып саналады екен.

Республика жер бедерінің ең төмен нүктесі еліміздің батысындағы Маңқыстау түбегі ауқымындағы **Қарақия** ойысына (теңіз деңгейінен 132 м төмен), **ал ең биік нүктесі еліміздің оңтүстік шығысындағы орталық Тянь-Шань тауына тиесілі Хантәңірі шыңына (6995 м) сәйкес келеді!**

Қазақстан жер бедерінің басты ерекшеліктері:

- Жер бедеріндегі жазықтар мен аласа таулар Қазақстанның батысында, солтүстігінде және орталығында орналасқан.
- Биік таулы аймақтар, республиканың шығыс және оңтүстік-шығыс бөлігін алып жатқан шағын аумақты қамтиды.
- Еліміздің бүкіл жер беті оңтүстіктен солтүстікке және шығыстан батысқа қарай бірте-бірте еңіс тартады.
- Биік таулар мен аласа таулар тауаралық аңғарлармен және жазықтармен алмасып отырады.

### **Бұқар жырау ауданындағы таулар**

(тарихи-халықтық, қазақы жалпы тілде, биіктіктеріне қарамай-ақ тау дәрежесіне кіріп кткен)

**Қызылтау мен Сарытау (жергілікті)** арасында Кенжалының кара тасы және Арықтың кара тасы жатыр. Кенжалы мен Арық егіз, екеуі де зор денелі болған. Әмір-Омарға нағашы. **Сарытауда** Нәдірбай ауылы. Жусанды деп те аталады. Сарытаудың батыс жағында шат-керей шатқалдары. Мұнда мынандай **бұлақтар бар: Керей, Кешубай, Қарғаш.**

1.Керней тауы-«Керней» руының атымен аталатын төбе.

2.Шешенқара-Қалмақты батырының (қыз) есімімен аталған.

3.Имекжал.

4.Қожмағанбет.

5.Бозайғыр.

6.Тастыадыр.

7.Қоянбай.

8.Қостөбе.

9.Аюлы.

10.Сұңқарқия (кіші, үлкен).

11.Жұланды.

12.Имекжал.

13.Айтқанғау.

14.Қотыртау.

15.Семізбұғы (үлкен Семізбұғы, кіші Семізбұғы).

16.Қостанқол.

17.Қызылтау.

18.Көпір.

19.Далба.

20.Жыланды.

21.Дөңқол.

22.Шаңтимес.

Өткен ғасырдағы сөз өнерінің өрені делінетін ірі тұлғалардың бірі **Сәкен Сейфуллин**. Көркем өнердің басты шыңы-оның шындықты шырқата алуында. Сәкен Сейфуллин жырлаған туған жер, өнер-білім, достық пен махаббат, революция т.б. сандаған тақырыптардың бәрінде де, оның шындықтан алыс

кетпегендігін ұлы М.Әуезовтан бастап, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Е.Ысмайлов, С.Қайырбаев, Т.Кәкішев, т.б. зерттеулерінде айтылады. Ақын ретінде қоғамдағы болып жатқан оқиғалардан бейтарап қала алмайтындығын Сәкен де көрсетті. Өзінің анасына арнаған өлеңдері, туған жерге байланысты туындыларынан бастап адамгершілік, ел мен жерге деген сүйіспеншілікті биікке көтере алған. Бұған дәлел ретінде Сәкеннің «Туған жер», «Жазғы кеш», «Нұра», «Боранда», «Бабаларыма», «Біздің жақта», «Жазғытұры», т.б. өлеңдерін атауға болады. Ал махаббат сезімін, сұлулықты жырлаудағы «Құмарым», «Арқа сұлуына», «Сәулем», «Жаңа жыл», т.б. лирикаларынан мәңгілік тақырыпқа қосқан шайырдың өзіне тән шеберлігін танысың. Сәкендегі сезім сұрапылы, жан сыры оның лирикалық шығармалары арқылы ашылады. Адалдық пен адамдық ақынның өмір турасындағы өзекті тақырыбы екендігі Сәкеннің достық-махаббат, адам және табиғат, т.б. шығармаларынан аңғарылатыны белгілі. Бұл мәселеде Сәкеннің «Сыр сандығы» сандаған ұрпақ санасына сәуле боларлық бір биік шың: Абайдың «Көңілім қайтты дастан да, дұшпаннан да» дегені Сәкен тарапынан барынша ашыла түскен. Айталық:

*Әр адамның ішкі сыры  
Берік қойма сақталған.  
Сол қойманың бір түпкірін,  
Достың досы-ақ ақтарған,-*

дегені шын достық пен жалған мән-мағынаны таразыға тамаша шеберлікпен тартады. Сөйтіп, сатқындықтың кімнен шығатындығы өнер тілімен түсіндіріледі.

Сәкен өмірінің елеулі кезеңдері Сарыадыр-Семізбұғы-Далба өлкелерімен тығыз байланысты. Сондықтан да бұл жақта Сәкен Сейфуллинге қатысты тарихи орындар көп. «Тар жол, тайғақ кешуде» осы елдің азаматтарына зор ықылас білдіріп, «Тыныс берген ауыл» деп ерекше мән бергенін білеміз. Біздің аймақтың жастары үйленген кезде Семізбұғы баурайындағы «Сәкен ағашы», «Сәкен бұлағы» мен «Сәкен көліне» арнайы барып, тағызым етеді. Семізбұғы тауларында Сәкен Сейфуллиннің шиырланған іздері бар. «Біздің жақта» сынды тұңғыш әні шыққан жер, ел-жұртын Жүпшираға таныстырған, сағынышын басқан құтты мекені. Сондай-ақ, «Тау ішінді» әнімен халық жүрегінде махаббат жырын қалдырған қасиетті тау, Балабай ауылына келер жолда Сәкеннің қасиет қонған Далба тауларының елсіз жерлерін, «Қаратоқа» адырын басып өткені ақиқат.

Сарыадыр баурайында Сәкен мен Сәлім-Жүпшира домбыра тартып, ән салып, қой мен жылқы баққан жердегі бертінде бой көтерген, балауса қайындар самал желден сылдыр қағады. Сәкен өмірінде айтулы із қалдырған осы жайлаудың жай-күйіне ақын ерекше мән берген. Сәкен мұнда адал махаббатына кезікті, сазгерлік өнердің шырқау шыңына шықты, ақындығы шыңдалды, адал дос-жаран тапты. Соған сай өзі де бұл елге жанашырлық танытып, көптеген деректердің сырын бүгіп, сынын жат көзден жасырып қалды. Соның бір айғағы-Сәлім.

Семізбұғы тауында Сәкен Сейфуллиннің іздері қалған, «Біздің жақта» атты тұңғыш әні шыққан жер, ел-жұртын Жүпшираға таныстырған, сағынышын басқан құт мекені. Сондай-ақ, «Тау ішінде» әнімен халық жүрегінде махаббат жырын қалдырған қасиетті орын. Балабай ауылына келер жолда Сәкеннің қасиет қонған Далба тауларының елсіз жерлерін, «Қаратоқа» адырын басып өткені белгілі. «Елсіз Далба тауын аралап өттім.» (Тар жол, тайғақ кешу», 349-бет). Неге? Себебі ол жолда, өзен бойында қазақтың абыз қарты, Аблай ханның ақылгөйі Қалқаманұлы Бұқар жырау жерленген киелі орын бар. «... және «Қаратоқа» деген атты түбірлеп, көп сұрап едім. Өйткені: менің қазақша бергі

руым «Қаратоқа» еді.» (Тар жол, тайғақ кешу», 394-бет). Ендеше, Сәкен сәті түсіп тұрғанда Бұқар жырау басына арнайы соғып, дұға бағыштады. «Бабаларына шағым» сайтқан:

*Болса да жолым қиын механатты,  
Сол жолда басшы қылдым жалғыз Хақты.  
Дарига қайық салған өр балаңды,  
Қолда енді, бабаларым, аруақты,-*

деп келетін (С.Сейфуллин, Өлеңдер, 2-том, Алматы, 2004,101-бет.) жыр жолдары да сол Абыз баба басында туған.

**23.Сарытау (сілем).**

**24.Далба тауы** (жаман Далба, жақсы Далба).

**25.Жайлау тау.**

**26.Бүркітті.**

**27.Ақбеттау.**

**28.Айыртау.**

**29.Ботақара.**

Құрмет Бқұпанұлының келіні Майгүл Серікқызы Ибраева:

### **Алғашқы кездесулер**

*Есіңде ме жаным мені ұнатқаның,  
«Ұнаттым» деп сен маған үн қатқаның.  
Ғажайып қой ғажайып, сол бір сәттер,  
Қос аққу сынды, биікке ұшқан сәттер.*

*Қиын тиді сол сәтте бір жай маған,  
Бейнең кетпес көзімнен елес болған.  
Сүйсем дағы мен сені жан-тәніммен,  
Тұс-тұстан туыстарм қыспаққа алған.*

*Кеудем өрт боп, жүрек жалын,  
Сүйіп сені басқаға қимағаным.  
Сөздеріне ел-жұрттың қарамадым,  
Өзіңмен қол ұстасып кете бардым.*

*Ботақара тау шыңында жүріп ек,  
Махаббаттың биігінде тұрып ек.  
Бірін-бірі түсініскен қос жүрек,  
Бір-біріне сағынышын жеткізген.*

08.09.12.

**30.Көктау...**

### **Шоқы**

**1.Жыланды (жергілікті).**

**2.Қарсы.**

**3.Шаңтимес.**

**4.Сарыадыр.**

**5.Алтыншоқы.**

**6.Бесшоқы.**

**7.Шетшоқы.**

**8.Орташоқы.**

9. Байназар.
10. Мақат.
11. Оразай.
12. Көкше.
13. Едіге...

## Төбе

1. **Айғайтөбе (жергілікті)** - Жүнісбек палуанның дәуқара Иванды соққыға ұрып-жыққан жері.
2. **Қостөбе**-екі төбе.
3. **Кернейтөбе**-«Керней» руының атымен аталатын төбе.
4. **Хан қашқан**-Жоңғар шапқыншылығы заманында ханның кеңес өткізген төбесі.
5. **Жетімтөбе**-мыйдай жазық даладағы жаңғыз төбе.
6. **Бәйгі төбе**...

## Адыр

1. **Жылыадыр.**
2. **Қараадыр.**
3. **Сарыадыр...**

## Сай

1. **Аяпберген.**
2. **Қима.**
3. **Қоштай...**

## Қия

1. **Ақбел.**
2. **Сұңқарқия.**
3. **Тасқия...**

## Тас

1. **Иманбай жартас (жергілікті)** - биіктігі жеті метр, жеті шақырымға сөзылып жатқан жартас.
2. **Айткен үңгір**-Сталиндік қуғын-сүргін жылдары Айткеннің жасырынған үңгірі.
3. **Тасбақа тас**-тасбақаға ұқсас тас.
4. **Мүсәлім қос жартасы**-Ақжардан Семізбұғыға қарай, күн шығыс жақта.
5. **Қарақойтас.**
6. **Сиректас.**
7. **Керегетас.**
8. **Сораңкерегетас.**
9. **Әужанкерегетас.**
10. **Әубәкір жартасы.**
11. **Аймағанбет қажының қара тасы.**
12. **Әубәкір жартасы.**

## 13.Әбдіретас...

### Ағаш

Оқиға

#### Жапандағы жалғыз қайыңды қиюға болмайды...

Қырғызстанның Ош ауданындағы Ноқат ауылында орын алған жағымсыз оқиға. Ноқат ауылының бір тұрғыны жөңде өсіп тұрған жалғыз қайыңды бульдозермен құлатып, сырып тастамақ болады. Трактормен ағашты құлатпақ болып итергенде, одан қан кетеді, ағаш құламайды, өйткені өте зор еді. Трактор сөніп қалып, қайрадан от алмай қояды. Равшан тракторшының амалы таусылып, үйіне жаяу қайтады. Үйіне аман-есен жетіп, келесі күні түске жетпей қайтыс болады. «Мұндай жерге жамандық атаулыны жасауға тыйым, жапанда жалғыз өсіп тұрған бұл байырғы қайың ағашын қиюға болмайды», -деп ел арасында ақ сақалды қариялар осы уақытқа дейін ескертіп жүреді екен.

**1. Жалпақ шілік (жергілікті)** -маңында қалың, жалпақ шілік өсетін, Қызылтаудан ағатын бұлақ.

### Жалпақ шілік

**2.Талды бұлақ**-маңайы төбелі-талды.

**3.Байбола ағашы.**

*Маңдайы жіпсіп, манаурап жатқан қыраттың,*

*Сорғалап барып, самайынан мұздай су аққан.*

*Сыңғыр да сылдыр мынау жатқан дүние-ай,*

*Салтанат құрған Арқаның аруы сыяқтанған.*

*Үкідей селеулер үлбіреп,*

*Бұлақ сақ-сақ күлді кеп.*

*Сайратып сырлы әуенін,*

*Қайың-терек тұрды көп.*

**4.Мұздыбай ағашы.**

**5.Қуқайың.**

**6.Қаратал.**

**7.Талдыбұлақ ағашы.**

**8.Үйшікағаш (жер аты)...**

### Сарқырама

**1.Кернейдің сарқырамасы (жергілікті)** -қарағайлы тастан құлай ағатын бұлақ.

**2.Қызылтау сарқырамасы.**

### Құдық

**Су ішіп отырған құдығына түкірме**

Жер шарының 4/3-ін (70%) су алып жатыр. Осы уақытта ғаламшарымыздағы 2 миллиард адам тұщы суға жарымауда. Ғаламдық жылынуға байланысты мұздықтардың көлемі кемуде. Жер қойнауындағы тұщы су қоры

азайп барады. Бұлақ суы 72 дертке шипа. Ас ішер алдында да, оны ішіп болғансоң да бұлақ суын ішкен денсаулыққа өте пайдалы. Ауыз су тазалығы-денсаулықтың кепілі. Қазақстанда 85 мыңнан астам өзен, 48 мыңнан астам көл бар. Елімізде сөткесіне, орта есеппен, бір мың текшеметр ауыз суын пайдаланады. Ағзадағы зат алмасу суға туюлды. Су тіршіліктің бастауы. Сусыз өмір жоқ. Адам денесінің 50-60% су. Адам шөлге бір апта ғана шыдайды. Астың атасы-нан, сусынның атасы-су!

### **1.Мысқұдық (жергілікті) -суы мыс құрамыды бұлақ.**

*Құдығымыз бар «мысқұдық» атаулы,  
Суы мұздайын суық, түсі мыс бояулы.  
Алғабас ауылы маңында төрт құдық,  
Суында тұз дәмі, іргесіне тас қалаулы.  
Құдық бар жерде өмір бар,  
Өмір бар өңірде көмір бар.  
Айтқаным жалған деменіз,  
Мынау төскейде темір бар.  
Төбеден құдық қазса су шығады,  
Сулы жерде таңертең бу тұрады.  
Балықтың сорпасын ішкісі келсе,  
Мол балық аулау үшін ау құрады.*

### **2.Аққұдық-ақ құм-тасты бұлақ.**

### **3.Көкманқа...**

## **Бұлақ**

**1.Ордабай бұлағы (жергілікті).** Ордабай, Олжабай, Жаманбай, Мәлетай-төрт ағайынды.

*Кернейде бар жүз бұлақ,  
Бұлақтар маңы, өскен құрақ.  
Табиғатта талай сыр бар,  
Бұлақты көрсең, туар сұрақ.  
Бұлақ деген не керемет?  
Ғасырлар бойына таусылмай ағады.  
Бұлақтың суы ганибет,  
Қанып ішсең шөлің тамаша қанады.  
Жер астында сүзілген су,  
Адамның азғасына дәру.  
Осыншама мөлдір суға,  
Көп тұтынушылар зәру.  
Бұлақ суы тазалықтың кепілі,  
Асыға ағып, ақ тастан су секірді.  
Денеге сарқылмас қуат берер,  
Су адамның қан тамыры секілді.  
Бұлақ, бұраң-бұраң ағады,  
Су жорға тай тәрізді шабады.  
Ұзақ-ұзақ сапарлар шегіп,  
Өзінің арнасын іздеп табады.*

### **2.Ши бұлақ-бұлақ жағасында ши өсетін бұлақ.**

### **3.Қарағайтас бұлағы-Шопанай Әмірханұлы бұлағы.**

### **4.Аққозы бұлағы-Аққозы есімді бай атындағы бұлақ.**

5.Әділ Бармақ-шипалы суды ашқан адамның атымен аталған бұлақ..

6.Бәйкүшік бұлағы-Семізбұғы-Қарағанды тас жолындағы Бәйкүшік бұлағы.

7.Бодан бұлағы-Қосжартастан басталып, «Ералы» өзеніне құяды.

8.Берді-Берді батырдың атымен аталған бұлақ.

9.Желдібай бұлағы-Сарадырдан бері, Қосжартас өзенінің бастауы.

10. Жалпақ шілік-маңында қалың, жалпақ шілік өсетін, Қызылтаудан ағатын бұлақ.

11.Мұздыбай бұлағы-Мұздыбай ақсақалдың есімімен аталатын жер.

12.Сарытауда Нәдірбай ауылы. Жусанды деп те аталады. Сарытаудың батыс жағында шат-керей шатқалдары. Мұнда мынандай бұлақтар бар: Керей, Кешубай, Қарғаш.

13.Соқыр бұлақ-Қызай деген атақты молланың әкесі соқыр болған, сол жайлаудағы бұлақты осы кісінің құрметіне «соқыр бұлақ» деп атаған.

14.Бұқпан бұлағы-Танаштың Бұқпанының бұлағы.

*Арна агын суының жүрер жолы,  
Су арнасын аршитын адамның қолы.  
Егін-шөпке судың пайдасы мол,  
Болса бұлақтың ағары ылғалға толы.  
Семізбұғы бұлағы сарқыраған,  
Сәкеннің ақ бұлағы арқыраған.  
Дәрі-дәрумендік қасиеттерімен,  
Жосалы бұлақтары жарқыраған.  
Жанбас бұлақ таудың етегінде,  
Шөлдеген кісі тізгін жетегінде.  
Тастыбұлақ жартастың түбінде,  
Талдыбұлақ ағаштың түбірінде.  
Бұлақтың іздеп тапқан арнасы өзен,  
Өзенге көптеген бұлақтар су құяды.  
Бұлақтың көзін аршып тұрған сауап,  
Шаруа малын бұлақ маңында жаяды.*

15.Табылды-Мараш-Алғабстан солтүстікте, айналасы тау-тас, сұлу-сылдыр бұлақ.

16.Талды бұлақ-маңайы төбелі-талды.

17.Ұялыбұлақ-ағаштар арасынан көрінер-көрінбес болып ағып жатқан, әсем бұлақ.

18.Шат бұлақ-Көкеңнің қысауындағы, сыңғыр бұлақ.

19.Шатқал бұлағы-шұңғылдан шығып, батысқа қарай ағатын қума бұлақ.

20.Жақия бұлағы-адам есімімен аталған, мөлдір бұлақ.

21.Сүгірәлі бұлағы-Сүгірәлі батырдың бұлағы.

22.Тас бұлақ-тас астынан шыққан бұлақ.

23.Қоянбай бұлағы-қояны ерекше көп болған жердің бұлағы.

24.Мыс құдық-суы мыс құрамыды бұлақ.

25.Бозайғыр бұлағы-Боз айғыр тұяғымен жерді тарпып ашқан бұлақ.

26.Аққұдық-ақ құм-тасты бұлақ.

27.Құсайын бұлағы-құсбегі Құсайынның бұлағы.

28.Жартас бұлағы-жартасты жағалай ағатын бұлақ.

29.Имекжал бұлағы-Имекжалдағы бұлақ.

30.Бәкен бұлағы-Бәкеннің бұлағы.

31.Ақтанберді бұлағы-Ақтанберді жыршының бұлағы.

32.Талды бұлақ-талдарды жағалап ағатын бұлақ.

- 33. **Жәнке бұлағы-Жәнкедегі бұлақ.**
- 34. **Қостөбе бұлағы-екі төбе арасындағы бұлақ.**
- 35. **Ұялы бұлағы-Ұялы жеріндегі үш бұлақ.**
- 36. **Малмақ бұлақ-Малмақтағы бұлақ.**
- Семізбұғы тауының төрт бұлағы:
- 37. **Семізбұғы бұлағы.**
- 38. **Жанбасбұлақ.**
- 39. **Ұзынбұлақ.**
- 40. **Сәкен бұлағы.**
- 41. **Сарытаудағы құлама бұлақ.**
- 44. **Қызылтаудағы құлама бұлақ.**
- 45. **Жанбас бұлақ (Бапақ).**
- 46. **Қожабергеннің егіндібұлағы.**
- 47. **Айнабұлақ.**
- 48. **Мұздыбұлақ.**

## **Өзен**

1. **Омар (жергілікті)-Омар Мүсәлімұлының есімімен аталған өзен.**

2. **Қосжарғас.**

3. **Шилі-Шилі өзені «Бастау» бұлағынан басталады да Нұра өзеніне жеткенше жолшыбай ол көптеген бұлақтардан нәрленеді. Шилі өзенінің бойында түрлі-түрлі қарасулар молынан кездеседі. Алғабас ауылының маңында төрт ірілі-ұсақты қарасулар және Егеубай жартасы бар. Үлкен қарасуды сары атан түйе батқан қарасу деп атайды. Бұл қарасудың өзінің көзі бар, суы мұздай суық. Шилі өзенінен мынандай балықтарды аулауға болады: шортан, қара балық, алабұға, табан балық, ит балық т.б. Ертеректе өзенді жағалай ши өскен, су тышқаны өте көп болған (андатра).**

4. **Жарлыөзек.**

5. **Тереңөзек.**

6. **Айырық.**

7. **Қараашы.**

8. **Қаратоқа.**

9. **Бауыр.**

10. **Ерубай.**

11. **Қаратуша.**

12. **Ащысу.**

13. **Сарысу.**

14. **Жарғас.**

15. **Ақжар.**

16. **Құлса.**

17. **Нұра.**

18. **Талды.**

19. **Алтуайт.**

20. **Батпақсу.**

21. **Келдібек.**

22. **Кеней-Шаян.**

23. **Қабанбай өзені.**

24. **Бегайдар өзені.**

25. **Құдайменді өзені.**

26. **Қаратал өзені.**

27. **Сұлу өзені.**

28. **Құртты өзені.**



29.Күлсе.  
30.Ащысу...

## Тоған

Қаратоқа (*жергілікті*).  
Жаргас.  
Керней.  
Белағаш.  
Сәкен...

## Су қоймасы

Ынтымақ.  
Самарқант.  
Ащы су.  
Чкалов.  
Шоқай.  
Көкпекті.  
Миньков.  
Шилі.  
Қарағанды ауыл шаруашылығы.  
Үлгі.  
Петровка.  
Лебяжі.  
Корей.  
Дуполов.  
Жаңа-Өзен.  
Спецстрой.  
Покорное.  
Соқыр.  
Октябрь.  
Красная Нива.  
Шахан.  
Қызылжар...

## Жергілікті көлдер

### 1.Ботақара.

2.Қандыкөл. Қандыкөл көлінің «Қандыкөл» атауы қайдан пайда болған, қандай тылсым тарихы бар? Бұл көл не себепті қанды көл атанды? Ертерек заманда Шалқар, Семізбұғы, үлкен Шөптікөл, кіші Шөптікөл, Қандыкөл осынау төңіректі басып жатқан Айдын бір тұтас, үлкен көл болғанға ұқсайды. Себебі, бұл көлдердің ара қашықтықтары бір-бірінен алыс емес және де олар жер асты көлінің жер бетіндегі бөліктері. Бұл көлдердің өзара байланыста екендігін көреген көзді, өте сезімтал адамдар аңғара алады, сонымен қатар, қарапайым тәжірибеге ден қойып та, ғылыми зерттеулеге сүйене отырып та дәлелдеуге болады. Шөптікөлдің суы тартылып, құрғай бастаса жоғарыда аталған көлдердің де суларының деңгейі төмендеп, олардың бастапқы жағалары шегінеді. Кейінгі 10 ғасыр шамасында көлдегі судың деңгейі төмен түсіп, жеке-жеке 5 көл пайда болғанға ұқсайды. Шөптікөл-күзде шөп басып кететін, борпылдақ шымы толқитын, Шалқар-көктем мен жаз айларында жағасында өсімдіктердің неше атасы қаулайтын, көлді құшағына сыйдыратын, көк-шалғыны жайқалатын, Семізбұғы-ұшқанда қанаттары талмайтын құстар, жортқанда тұяқтары

мұқалмайтын аңдар, оның ішінде, кәдүмгі семіз бұғылар шөлін қандыратын, суы мен сазынан барша жан-жануарлар шипа табар, құты мен берекесі жарасқан, тіршілікке өте қолайлы мекен. Ертеде айдын көл жағасын бір бай адам жайлау еткен. Байдың ай мен күндей асқан сұлу қыздары болған. Қос ару аптап ыстық күндері айдын көлге түсіп, рақаттануды әдеттеріне айналдырған. Ойда жоқта қыздың біреуі көл иіріміне тап болып, екі қолын ербендетіп, бірде батып, бірде көтеріледі, соңында су түбіне кетуге айналады. Құтқару ниетімен екінші қыз сыңарына қарай жан ұшыра ұмтылады. Су иіріміндегі қыз көмекке жеткен қызды шап беріп, қол ұстасқан қалпы, егіз мұңылық көлдің түбіне кете барады. Сәске мезеті тымық, жайма-шуақтың. Көл айдынында «аққу арман» тәрізді қос аққу қаннен қаперсіз жүзіп жүрді. Егіз қыз су иірімінде айнала бастаған сәтте екі аққу бұлтсыз аспанға ұмтылып, көк жүзіне көтеріле қиқулап, мұңылы әуендерін әуелетті. Бейкүнә қыздар көл түбіне батты, ал олардың мәңгілік аққу армандары көк биігіне шарықтап кетті. Мүмкін, сол баяғы аққулардың ұрпақтары болар, осы уақытқа дейін, жаз айларында Қандыкөл көліне аққулар жұбы әр көктем сайын оралады. Ұяларына жұмыртқа салып, балапан басады. Қаздардың қанаттарын талмайтындай етіп баптап, оларды өмірдің ұзын да зобалаңы мол сапарына жол тартуға дайындайтын тәрізді ойға мені жетелейді. Күнсұлу мен Айсұлуды жұтқан көл «қанды көл» атанған. Егіз қыз Қандыкөл көлінің шығыс тұсында, жартасты жердің жотасында жерленген.

### **Қандыкөлім!**

*Жұлдыз алысты барлауға жараған,  
Әлемнің төрінен жерге ай қараған.  
Уақыт төренің жарлығын құп деп,  
Таң арайынан күннің нұры тараған.*

*Табиғаттың таңғажайып кереметі,  
Көл айнасынан көрінді ай келбеті,  
Айға мыңдаған жұлдыз қосылып,  
Жайнап кетті көгілдір судың беті.*

*Жұлдыздар, ай, күн көлге үңілген,  
Осыдан кеп, қараңғылық түңілген.  
Жасампаз жарық жеңіске жетіп,  
Нұрсәулеге қарап күнбағыс иілген.*

*Суға самал жетіп, жараса кетті,  
Толқындар өзара жарыса кетті.  
Жұлдыздар су ішінде дірілдеп,  
Тарыдай домалап тараса кетті.*

*Көңіл-күйімізге түспесінші салқын,  
Ақ армандарымыз келсінші жақын.  
Қандыкөлің мектебіне ұстаз боп,  
Ақжардан жетсінші Мәтәй ақын!*

*Аққу армандар көлге қайтып келді,  
Артқа тастап, талай-талай белді.  
Думанды даламызды жырға бөлеп,  
Шад-шадман етті төңіректегі елді...*

*Аспаныңда құстар қалықтаған,  
Қос аққу көл айдынына қонған.*

*Аққулардың пәк махаббатынан,  
Ғашықтықтың шоқ оты жанған.*

*Қандыкөлім, көліңнің суы тұнық,  
Саязыңда қамыс, тереңіңде балық.  
Қыйын-қыстау, бұрынғы заманда,  
Жандарын сақтады барлық халық.*

*Әр жотаңда түйіскен, таудың сайлары,  
Гүлденген халқымның тұрақ-жайлары.  
Талай-талай жол жүріп, елді бағалаған,  
Билерім бар көрері алыс, сөзі жайдары.*

*Қандыкөлім, ойнап-өскен ауылым,  
Сағынышпен мен сені есіме аламын.  
Ойға батқанымда езіледі бауырым,  
Сондай сәт, мен мұңайып қаламын.*

*Қандыкөлім, жерің шүйгін шұрайлы,  
Төңірегінде шөптің әр түрі шұрайды.  
Халқың бар, үлкенін кішісі сыйлаған,  
Алты алаш, жеті руды бірге құрайды.*

*Қандыкөлде нағашылар тұрып еді,  
Қыр үстіне жел диірмен құрып еді.  
Егістікке ақ бидайдың дәнін сеуіп,  
Өгіздермен өлкені өңдеп жүріп еді.*

*Алтын дән үйіліп қалған еді,  
Өріске төрт түлік толған еді.  
Ауылдас еңбегінің арқасында,  
Қолда молшылық болған еді.*

*Жеріңнің құнары қандай еді?  
Егіндері тау-тау өнімін береді.  
Таңқалдырып барша жұртты,  
Танытты-ау Отанға еңбек ерді.*

**3.Семізбұғы.**

**4.Шалқар.**

**5.Алшынбай.**

**6.Кіші Шөптікөл.**

**7.Үлкен Шөптікөл.**

**8.Сарыкөл.**

**9.Қорғанкөл.**

**10.Арықтыкөл.**

**11.Тұздықөл.**

**12.Мөңкелік...**

Экология-тірі ағзалардың айналадағы қоршаған ортамен адамның қарым-қатынасы туралы ілім. Экология ғылымы ортаның өсімдіктер мен жануарлар ағзаларына, сондай-ақ олардың ортаға тигізетін өзара әсерін зерттейді.

Экологиялық жағдай-айналадағы ландшафт ортасының жаратылыс жағдайына ықпал жасайтын фактор.

**Экологиялық фактор**-айналадағы ортаның тірі ағзалардың тіршілік ету жағдайын айқындайтын сыртқы күш.

### **Дүниежүзілік экологиялық ұйымдар**

1. **ВВФ**-ғаламшар тоғайларын қорғаудың халықаралық интернационалды жастар қоры; Даниядағы жастардың «жасылдар қозғалысы»-Некстстоп.
2. **Гринпис («Жасыл әлем»)**-Бүкіл дүниежүзілік табиғат қорғау ұйымы. 1970 жылы құрылған. 17 мемлекетте топтары бар, 2,5 млн адам мүше.
3. **«Робин Вуд»**-германиялық жастардың «қышқыл жаңбырларғы» қарсы күрес жүргізетін экологиялық қоғам.
4. **ФАО**-Біріккен Ұйымның ауыл шаруашылық және азық-түлік мәселелерімен айналысатын құрылым. Өзінің тікелей міндетінен басқа жануарлар дүниесі мен ормандарды қорғау ісімен және қоғамдық табиғатты қорғау ұйымдары мен ұлттық парктердің қызметкерлерінің білімі мәселесімен шұғылданады.
5. **ВОЗ**-Бүкіл дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы. Ғаламшардағы адамдардың денсаулық сақтау, қоршаған ортаны қорғау мәселелерімен және медицина қызметкерлерінің білімін жетілдірумен айналысады.
6. **МСОП**-Халықаралық табиғатты қорғау және табиғат байлықтары ұйымы.
7. **ВФОП**-Бүкіл дүниежүзілік табиғатты қорғау қоры. Дүниежүзілік фауна мен экожүйені сақтау мәселесімен айналысады; халықаралық жастар курсы, лагерьлер мен табиғат қорғау клубтарын т.б. шараларды ұйымдастырады.

### **Біріккен Ұлттар Ұйымының атаулы күн тізбесі**

- 02 ақпан-Дүниежүзілік сулы-батпақты алқаптар күні;
- 01 наурыз-Дүниежүзілік азаматтық қорғану күні;
- 22 наурыз-Дүниежүзілік су күні;
- 23 наурыз-Дүниежүзілік метеорологтар күні;
- 01 сәуір-Халықаралық құстар күні;
- 07 сәуір-Дүниежүзілік денсаулық сақтау күні;
- 22 сәуір-Жер күні;
- 03 мамыр-Күн күні;
- 05 маусым-Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні;
- 17 маусым-Дүниежүзілік шөлейттену және құрғақшылықпен күрес күні;
- 26 маусым-Халықаралық нашақорлықпен күресу күні;
- 06 тамыз-Дүниежүзілік ядролық қаруға қарсы күн;
- 15 қыркүйек-Халықаралық бейбітшілік күні;
- 16 қыркүйек-Дүниежүзілік жануарларды қорғау күні.

Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданының Ащысу жеріндегі Шешенқара археологиялық кешенінен 4000 жыл бұрын жасалған қола ыдыс табылды. Қазақ құмырасы бұған дейін Еуразияның даласынан табылған, ең көне саналып келген Шан династиясының қола бұйымдарынан 500 жыл ерте пайда болған. (2009 жыл.)

### **Туған жер**

Туған жерді айтқанда қазақ халқының ата-бабадан ұрпаққа енші, мұра болып қалған жерге деген дұрыс көзқараста болуын талап етеді, біздерге, қазіргі ұрпаққа, ерекше жауапкершілік жүктейді.

Ең бастысы ел мен жерді қорғаудан, сондай-ақ алдымен сол ел мен жердің тарихын білуден басталатынына сенемін. Ұлт тарихынан білімді бола білудің басты мақсаты-қазіргі өсіп келе жатқан жас ұрпақтың өткеннен тағлым алуы.

*Алақанын тұр жайып,  
Жас ағашта жапырақ.  
Балғын өмір гажайып,  
Нұр дауыста жамырап.*

Сондықтан да бүгінгі таңда аға буынның еңбек етіп туған елін, жерін, тарихын кітап тақырыбына айналдыруы-заңды құбылыс деп санаймын.

Туған жерге деген ыстық махаббат Мәшһүр Жүсіптің:

*Баянаула қойсайшы жердің атын,  
Шыбынды, Батпақ қойсайшы көлдің атын.  
Таудың аты Қызылтау, Далба қойып,  
Құлболды, Қаржас қойсайшы елдің атын,-*

дейтін өлең жолдарынан-ақ сезіледі. Туған жер мен елді қадірлеудің үлгісі деп осыны айту керек! Баянауыл өңірін ежелден қоныстанғандар негізінен Арғынның немересі Сүйіндіктің ұрпақтары. Оның ішінде ірі рулар-Айдабол, Қаржас, Күлік, Орманшы, Ақбура, Тұлпар. Мына ата-текті қысқаша қарастырайын: Арғын, Мейрам, Сүйіндік, Құлболды, Айдабол, Аққозы. Аққозы Айдаболдың екінші әйелінен туған. Аққозының ата қоныстары Баянаула төңірегіндегі Далбадағы Найзақара, Мұрынтал айналасындағы Ақшоқы биігі. Жаз-күз айларында қазіргі Бұқар жырау ауданындағы, Кернейдің солтүстік-батысындағы Аққозы жайлауын малдарына мекен еткен. Аққозы бұлағы мен тоғайы осы тұста, қазіргі уақытқа дейін ел жадында сақталған. Аққозының екі баласы болған: Сағындық, Жекен. «Өмірдің бел-белестері», Бахытжан Айдарханов. Алматы 2008, бет 8-11

### № 6-шы әкімшілік ауылы

Р ет №	Шаруа шылық- қыстаулар Аксақа лдар атымен	Жер аттары	С оңғы а та аты	Өзен, құдық, бұлақ аттары
1	Ордаб ай-Қабан	Обалы	О	Шолақ қарасу өзені
2	Салық бай-Жанғара	Қантас	С	Қантас құдығы
3	Шолам бай-Боқұс	Шаңти мес	Б	Боқұс бұлағы
4	Алпыс бай-Қарасен	Теректі	Қ	Қарасен құдығы
5	Төлеуб ек-Мәсек	Толай	М	Мәсек бұлағы, құдық
6	Жанса кбай-Қанай	Сарыш оқы	Қ	Қанай бұлағы
7	Нысан -Ынтықай	Қойтас	Н	Нысан құдығы
8	Есенкү л-Құдас	Үрпек	Қ	Құдас бұлағы
9	Жолам ан-Сүгірәлі	Қарабұ лақ	С	Сүгірәлі бұлағы, құдық
0	Нөгерб ек-Бәйкүшік	Тұйық	Б	Бәйкүшік құдығы
1	Мысал ым-Надырбай	Керней	Н	Надырба й құдығы
1	Тастен -Бектас	Қойтас	Т	Тастен құдығы
1	Еспенб ай-Бектас	Қызыла ғаш	Б	Бектас құдығы
1	Әпейіс -Арық	Шымы лдыжал	А	Арық бұлағы, құдық
1	Балтаб ай-Тұрлыбек	Қарабұ дыр	Т	Тұрлыбек құдығы
1	Әділм олда-Сарғалды	Қарақұ дық	Ә	Әділмолд аның үш құдығы

7	1	Боқыш -Байғабыл	Қызыла яқ	Қ	Қызыла яқ құдығы
8	1	Жүрен -Мама	Қанды дыр	Ж	Жүрен құдығы
9	1	Дәлетб ек-Шақа	Қанды дыр	Ш	Шақаның екі құдығы
0	2	Көпба й-Тұрғымбай	Айдар шат	К	Шідергі өзені
1	2	Аймағ анбет- Кенжалы	Қожа- Керегетас	А	Аймағанб етқажы бұлағы, құдығы
2	2	Көрпе бай-Ақкүшік	Үшсола	А	Ақкүшік құдығы
3	2	Добай- Жұмабай	Қаража р	Д	Добай бұлағы, құдығы
4	2	Оспан- Бөбеш	Қанайт үскен	О	Ошағанд ыбойы өзені
5	2	Тоқбо лат-Жасқара	Сарыад ыр	Ж	Жасқара құдығы
6	2	Ағыба й-Иткүшік	Көктас ты	А	Ағыбай құдығы
7	2	Ақпан- Иткүшік	Сарыад ыр	А	Ақпан құдығы
8	2	Жаспа н-Қыстаубай	Егіндіб ұлақ	Ж	Шөптікө л көлі
9	2	Мүсәлі м-Надырбай	Жусанд ы	М	Ащысу өзені, үш құдық
0	3	Зәлем- Құдаәлі	Құдашө лген	З	Зәлем бұлағы, құдығы
1	3	Жаппа р-Аязбай	Ақбиік	К	Кіндік бұлағы
2	3	Жамба й-Бегәлі	Тоқтыс алға	Б	Қарағанд ы өзені, үш құдық
3	3	Бектем ір-Арық	Маяже н	Б	Ащысу өзені, бұлақ
4	3	Далаба й-Жажан	Шат	Ж	Шат өзені, он құдық
5	3	Жүсіп- Байқошқар	Жартас	Ж	Ащысу өзені, құдық
6	3	Смағұ л-Наурызбай	Сұлтан келді	С	Смағұл құдығы
7	3	Төлші м-Наурызбай	Құсмұр ын	Т	Төлшім құдығы
8	3	Айтей- Шақа	Қаратас	Ш	Ащыбай ын өзені
9	3	Көрпе бай-Шамахан	Қаракы стау	Ш	Дуана, Шерпелі бұлақтары
0	4	Құсай ын-Шикібай	Қарабұ лақ	Ш	Қарабұла қ бұлағы
1	4	Арымб ай-Бейбіт	Үшқара	А	Тасбұлақ бұлағы
2	4	Шауты бай-Әшекей	Сарыж ал	Ә	Әшекей құдығы
3	4	Жақын -Ақкүшік	Қарато қа	Ж	Қаратоқа өзені

#### Қарағандының мұражайынан

**Ескерту.** Қанша жылдан бұл қыстауларды мекендейтіні, ауылдың уезді қала, отырықшы ауылдардан, сауда орындарынан қашықтықтарын көрсететін екі бағана қысқартылып тасталынды.

Керней төңірегінде мың ағаш шоғыры болса, мың бұлақ бар. Қазақта әрбір төбе-шұңқырдың, қырат-алаңның т.б. атаулары ықылым замандардан бері тарихи қалыптасқан. Сондықтан, бұл мәселе үлкен, ғылыми зерттеуді қажет етеді. Ел-жердің әділ сөзін ұстану, болашақ ұрпаққа аманат.

### Бұқар жырау ауданы бойынша Қарағанды облысының жергілікті маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіштерінің мемлекеттік тізімі (үзінді)

№ р/с	Ескерткіш атауы	Ескерткіш түрі	Ескерткіш тұрған жер
----------	-----------------	----------------	----------------------

1	Ботақара қорғаны, қола дәуірі	Археология	Петровка ауылынан Б-қа 4,7 шм жерде
2	Тас жәшіктері, қола дәуірі	Археология	Ростов ауылы, Нұра өзенінің оң жақ жағасында, Қызылжар ауылының жанында
3	Хорошевское қорымы, қола дәуірі	Археология	Белағаш ауылынан ОБ-қа 17 шм жерде
4	Ащысу 1 қорымы, қола дәуірі	Археология	Аюлы ауылынан ОШ-қа 5 шм жерде, Ащысу өзеніндегі көпірден СШ-қа 2 шм жерде
5	Алтынсу 1 қорымы, ортағасыр	Археология	Ащысу өзенінің оң жақ жағасында, бөлімшеден ОШ-қа 7 шм жерде, Шешенқара ауылы
6	Алтынсу 2 қорымы, ЕТД	Археология	Үшінші бөлімшеден ОШ-қа 4 шм жерде, Шешенқара ауылы
7	Алтын-төбе кенші, қола дәуірі	Археология	Шешенқара ауылынан О-ке 20 шм жерде
8	Ташық қорымы, қола дәуірі	Археология	Аюлы ауылынан ОШ-қа 3,5 шм жерде
9	Алтын-төбе қорымы, қола дәуірі	Археология	Шешенқара ауылынан ОБ-қа 20 шм жерде
10	Алтын-төбе 2 қорымы, ЕТД	Археология	Шешенқара ауылынан ОБ-қа 20 шм жерде
11	Ақбалықты қорымы, ЕТД	Археология	Үшінші бөлімшеден СБ-қа 0,2 шм жерде, Шешенқара ауылы
12	«Хорошевское» қорғаны, ЕТД	Археология	Белағаш ауылынан О-ке 3 шм жерде
13	Қойтас қорғаны, қола дәуірі	Археология	Көпірден ОШ-қа 100 м жерде, Нұра өзенінің сол жақ жағасында, Самарканд ауылынан ОБ-қа 3 шм жерде
14	Шешенқара 1 қорымы, қола дәуірі	Археология	Шешенқара тауынан СШ-қа 4 шм жерде, Шешенқара ауылы
15	Құлса қорымы, қола дәуірі Құлса 1 қорымы, ЕТД	археология археология	Ботақара кентінен Б-қа 4 шм жерде Ботақара кентінен 6 шм жерде, Құлса өзенінің оң жақ жағасында
16	Кішкентай қорымы, ЕТД	Археология	Шешенқара ауылы, Ащысу ауылынан С-ке 4 шм жерде
17	Қуандық-қозы қорымы, ЕТД	Археология	Мазардан ОШ 600м жерде, Ащысу теміржол бекетінен СШ-қа 4 шм жерде, Шешенқара ауылы
18	Құлса 2 қорымы, ЕТД	Археология	Ботақара кентінен Б-қа 9 шм жерде
19	Жыланды тау қорымы, қола дәуірі	Археология	Тоғызқұдық ауылы, Нұра өзенінің сол жақ жағасында, Ащысу ауылынан СШ-қа 3 шм жерде
20	Нұра қорымы, ЕТД	Археология	Шешенқара ауылынан СШ-қа 2 шм жерде
21	Съездтөбе қорымы, қола дәуірі	Археология	Шешенқара ауылынан 350 м жерде, Нұра өзенінің сол жақ жағасында, Ащысу теміржол бекетінен СШ-қа 3 шм жерде
22	Дермен 1 қорымы, ЕТД	Археология	Шешенқара ауылы, Дермен қыстағынан С-ке 2,5 шм жерде
23	Дермен 2 қорымы, ЕТД	Археология	Шешенқара қорымынан СБ-қа 9 шм жерде
24	Нұра 1 қорымы, ЕТД	Археология	Ботақара кенті, Қарағанды-Қарқаралы жолынан 70 шм жерде
25	Дермен тұрағы, тас дәуірі	Археология	№3 теміржол бекетінен С-ке 3 шм жерде, Нұра өзенінің оң жақ жағасында, Шешенқара ауылы
26	Шешенқара қорымы, ЕТД	Археология	№3 теміржол бекетіне БСБ-ке 3,5 шм жерде, Шешенқара ауылы
27	Демен қорымы, ЕТД	Археология	№3 теміржол бекетінен БСБ-ке 3,5 шм жерде, Шешенқара ауылы
28	Алғабас қорымы, ЕТД	Археология	Алғабас ауылынан ОБ-қа 6,5 шм жерде
29	Бұқар жырау кесенесі, 1993 ж	архитектура, қалақұрлысы	«Садық» қыстауына таяу, Шалқар ауылынан С-ке 25 шм жерде
30	Православиялық шіркеу ғимараты, XIX ғ	архитектура, қалақұрлысы	Ботақара кенті
31	Аяпберген қорымы, қола дәуірі	Археология	Бұқар жырау ауылынан С-ке 20 шм жерде, Аяпберген сайында, Садық қыстауынан СБ-қа 3 шм жерде
32	Сарыорман	Археология	Ботақара кентінен (құс фабрикасы)

	қорымы, ЕТД		СБ-ке 6 шм жерде
33	Жамал қорымы, ЕТД	Археология	Ақжар (Жартас») су қоймасының С жағында, Жартас және Ақжар екі өзенінің қуылыс тұсы
34	Ақтөбе 3 қорымы, ЕТД	Археология	Ақтөбе ауылынан ОБ-қа 4 шм жерде, Нұра өзенінің оң жақ жағасында
35	Довгуев алаңындағы қорған, ЕТД	Археология	Керней ауылынан С-ке 6 шм жерде, Сарқырама шатқалында
36	Қойтас 2 қорғаны, ортағасыр	Археология	Самарқанд ауылынан ОБ-қа 3 шм жерде
37	Қойтас 3 қорғаны, ортағасыр	Археология	Самарқанд ауылынан ОБ-қа 3 шм жерде
38	Қойтас 4 қорғаны, ЕТД	Археология	Самарқанд ауылынан ОБ-қа 2,5 шм жерде
39	Белағаш қорымы, ортағасыр	Археология	Белағаш ауылынан ОШ-қа 12 шм жерде
40	Ащысу қорымы, қола дәуірі	Археология	Аюлы ауылынан О-ке 5 шм жерде, Ащысу өзенінің сол жақ жағасында, Ащысу өзеніндегі көпірден Ш-қа 110 м жерде, Қарағанды-Қарқаралы жолы
41	Ащысу 2 қорымы, ортағасыр	Археология	Аюлы ауылынан ОШ-қа 2 шм жерде, Ащысу суқоймасының бөгетінен ОБ-қа және 1,5 шм су ағымы бойынша төмен
42	Ташық 2 қорымы, қола дәуірі, ЕТД	Археология	Ащысу суқоймасынан ОБ-қа 1,5 шм жерде, Аюлы ауылынан ООШ-қа 1 шм жерде
43	Жиендік қорымы, ортағасыр	Археология	Ташық ауылынан О-ке 1,5 шм жерде, Ащысу су қоймасынан ШОШ-қа 2,5 шм жерде
44	Нұра қорымы, ЕТД	Археология	Шешенқара ауылынан С-ке 2 шм жерде, Нұра өзенінің оң жақ жағасында
45	Қаратал қорымы, ЕТД, кейінгі ортағасыр	Археология	Ақжар (Жартас) суқоймасының бөгетінен С-ке 800 м жерде, бір атаулы өзеннің оң жақ жағасында
46	Құйылыс қорымы, ЕТД	Археология	Ақжар (Жартас) су қоймасының ОШ-қа 700 м жерде
47	Ордабай қорымы, қола дәуірі	Археология	Керней ауылынан С-ке 5 шм жерде, таулы-орман алқабының Сарқырама шатқалында
48	Довгуев алаңындағы қорым, ЕТД	Археология	Керней ауылынан С-ке 6 шм жерде, Сарқырама шатқалында
49	Ащысу 1 тұрағы, тас дәуірі	Археология	Аюлы ауылынан ОБ-қа 5 шм жерде, Қарқаралы-Қарағанды жолынан СШ-қа 2 шм жердегі автотұрақта
50	Қызылжар қорғаны, ЕТД	Археология	Тегісжол ауылынан 5 шм жерде, Нұра өзенінің оң жақ жағасында
51	Қима қорғаны, ЕТД	Археология	Қима сайында, Теміртау қаласынан О-ке 10 шм жерде
52	Тегісжол қорымы, ортағасыр	Археология	Теміртау қаласынан Б-қа 10 шм жерде, Нұра өзенінің сол жақ жағасында, Самарқанд пен Тегісжол ауылдарының арасында
53	Тегісжол қонысы, қола дәуірі	Археология	Теміртау қаласынан Б-қа 10 шм жерде, Нұра өзенінің сол жақ жағасында
54	Қарағанбас қорымы, ЕТД	Археология	Тегісжол ауылынан Ш-қа 1,5 шм жерде, Нұра өзенінің сол жақ жағасында
55	Темірқаш қорымы, қола дәуірі, ЕТД	Археология	Теміртау қаласынан ОБ-қа 7 шм жерде
56	Тасауыл қорғаны, ЕТД	Археология	Тасауыл ауылынан ШОШ-қа 400 шм жерде
57	Темірқаш қонысы, қола дәуірі	Археология	Самарқанд ауылынан ОБ-қа 2 шм жерде, Нұра өзенінің сол жақ жағасында
58	Қойтас қорғаны, қола дәуірі	Археология	Нұра өзенінің сол жақ жағасында, Нұра өзеніндегі көпірден ОШ-қа 500 м жерде, Самарқанд ауылынан ОБ-қа 3 шм жерде
59	Ростовка 1 қонысы,	Археология	Ростовка ауылынан Ш-қа 1,2 шм



	кола дәуірі		жерде, Нұра өзенінің оң жақ жағасында
60	Ростовка 2 қонысы, кола дәуірі	Археология	Ростовка ауылынан Ш-қа 1,4 шм жерде, Ростовка 1 қонысынан 200 м жерде, Нұра өзенінің оң жақ жағасында
61	Алшынбай кесенесі, XIX ғ	қала құрлысы, архитектура	Үміткер ауылынан СБ-қа 8 шм жерде
62	Аймағанбет қажы кесенесі, XIX ғ	қала құрлысы, архитектура	Ақжар ауылы

«Орталық Қазақстан», 10.06.10.

## Қоқыс-қалдықтардың адам мен табиғатқа тигізер зияны

**Қуаттектердің (батареялар)** адамзат денсаулығына және қоршаған ортаға зияны ұшан-теңіз. Қуаттектер сынап, кадмий, қорғасын, марганец, литий, темір, никель, кобальт және басқа да химиялық заттардан құрастырылады. Осы қуаттектердің қоқысқа тасталуы, тікелей немесе жанама түрде қабылдаушы ортаға берілуі қоршаған орта үшін үлкен қауіп туғызады. Қуаттектердің құрамындағы заттар кейде адамды өлтіре алатын күшке ие болады. Бұл денелер алдымен топыраққа сіңіп, жануарлар жеген шөп пен астық немесе су арқылы адам ағзасына да жетеді. Қуаттектердегі негізгі заттың бірі-қорғасын. Қуаттектердегі қорғасын балалардың жүйке жүйесін тоздырып, ақыл-ойының дамуына кері әсерін тигізеді. Бүйрекке зиян келтіріп, қан азаюына әкеп соғады. Қуаттектердің құрамындағы тағы бір зиянды зат сынап бүйрекпен қоса, жыныстық бездерге зиянын әкеледі. Бұл зиянды заттар ананың сүті арқылы балаға беріледі. Кішкентай ғана қуаттектердің зияны тек осымен ғана шектелмейді. Қуаттектердегі кадмий және хром сүйек ауруына, көкбауыр және қуық түбі бездері рагына және тері ауруына себепші.

**Ескерейік:** бір қуаттегінің қоршаған ортаға зияны бір тонна қоқыстікінен көп.

**Тамақ қалдықтары** табиғатқа онша көп зиян келтірмейді. Қайта түрлі ағзалардың қоректенуі үшін пайдаланылады. Бірақ адамға зияны екі есе көп. Себебі, шіріп жатқан тамақтың қалдықтары-микробтардың мекені. Бұл ауа арқылы да, басқа жолдармен де адам ағзасына түседі. Одан кейігі денсаулық жағдайы белгілі. Ал жалпы, бұл қалдықтардың бұзылу жолдары түрлі микроорганизмдермен қоса тамаққа пайдаланылуымен сипатталады. Бұзылудың соңғы азығы дене, көмір қышқыл газы және су болып табылады. Бұзылу уақыты 1-2 апта. Ал зиянсыз етудің барынша қауіпсіз тәсілі: компостирлеу.

**Ескерейік:** тамақ қалдықтарын отқа лақтыруға үзілді-кесілді тыйым салынады, өйткені, жану барысында газын бөлуі ықтимал.

**Маулатура-**майшам сіңген бояулармен жабылған қағаздар. Бұл заттардың негізінен табиғатқа айтарлықтай зияны жоқ. Алайда, қағазға жағылған бояу улы заттар бөлуі мүмкін. Ал егер адамдарға зиянын айтсақ, шіріген кезде бояу улы заттар бөледі. Бұзылу жолдары түрлі микроорганизмдермен қоса тамаққа пайдаланылу арқылы жүреді. Мұндай қағаздардың шіру уақыты 2-3 жыл. Қағаз әр түрлі микроорганизмдердің қорегіне айналу арқылы ыдырайды. Ыдыраудан кейін пайда болған өнімі әр түрлі микроорганизмдер, көмір қышқыл газы, су, күл. Ал бұл қалдықты қайта өңдегенде түрлі орама қағаздар жасалады.

**Ескерейік:** маулатураны зиянсыз етудің бірден бір жолы компостирлеу.

**Маталар** туралы сөз синтетикалық және табиғи өнімдерге қатысты. Бұл да кейбір микроорганизмдердің қорегіне айналу арқылы ыдырайды. Ыдырау уақыты: 2-3 жыл. Зиянсыз етудің барынша қауіпті тәсілі, толық жануды қамтамасыз ететін шарттарда өртеу арқылы жүзеге асырылады. Зиянсыз ету кезінде пайда болатын өнімдер көмір қышқыл газы, су, күл.

**Ескерейік:** жалпы, матаның табиғатқа да, адамға да зияны жоқ. Дегенмен, далада, ағаш бұтақтарында алыстан мен мұндалап, төңірекке «әр» беріп, «әшекейлеп» тұатыны болмаса.

**Ағаш бұйымдар**-ағаштан жасалған түрлі-түсті ыдыс-аяқтар, эшекей заттар. Өзі табиғаттан алынып, тікелей пайдалануға берілгендіктен, басқа өнімдерге қарағанда табиғатқа еш зиян кетірмейді. Ал адам сақтанбаса, жарақат алып қалуы мүмкін. Бұзылу уақыты басқаларға қарағанда ұзағырақ. Яғни, ондаған жылдар қажет. Ағаштың дінгегіне құт түсіп немесе басқа да жәндіктердің қорегіне айналуы арқылы ыдырайды. Ағаш бұйымдарды зиянсыз ету үшін өрттеу керек. Зиянсыз ету кезінде пайда болатын өнімдер-көмірқышқыл газы және су.

**Ескерейік:** ыдыраған соң ағаш бұйымдарды қағазға, т.б. қажеттілікке пайдалану үшін қайрадан өңдейді.

**Қалбыр банкәлар**-мырышталған немесе қалайымен қапталған темір ыдыстар. Бұл ыдыстардың табиғатқа деген залалы басым. Көптеген ағзалар үшін мырыш, қалайы және темірдің қоспасы улы болса, банкәлардың өткір ұштары жануарларды жарақаттауы ықтимал. Адамдарға келсек, жалаң аяқ жүргенде жаралануы ғажап емес және су жиналады да, онда қансорғыш жәндіктердің жұмыртқалары көбейеді.

Оттегінің әсерінен темір баяу тотығады, яғни, баяу бұзылады. Бұзылғаннан кейігі өнім: таттың ұсақ бөлшектері, темірдің еріген тұздары. Қалбыр жерде жатса, бірнеше ондаған жылда, тұщы суда 10 жылға жуық, тұзды суда 1-2 жыл ішінде бұзылады. Бұл заттарды екінші қайтара пайдаланғанда, металлмен бірге қайрадан балқытуға болады. Ал зиянсыз етем десеніз, алдын ала өртегеннен кейін жерге көміп тастаңыз.

**Ескерейік:** Залалсызданғаннан кейін қалбырлардан оксид немесе темірдің еріген тұздары, мырыш, қалайы сияқты өнімдерді алуға болады.

**Металлолом:** темір немесе шойын. Темір адамзат үшін аса пайдалы болса да, ол-химиялық элемент. Яғни, көптеген ағзалар үшін темірдің қоспасы улы. Адамдардың өздері де түрлі жарақат алуы мүмкін. Темір суда ерігенде немесе ауадағы оттегінің әсерінен темір тотығына дейін баяу өзгереді. Бұл оның бұзылу жолдары. Ал ыдыраған соң, тот ұнтағы немесе ерітілген темір тұзы пайда болады. Жалпы, мұндай металлдар жерде 1 мм. тереңдікте 10-20 жылда, тұщы суда-1 мм. тереңдікте 3-5 жылда, тұзды суда-1 мм. тереңдікте 1-2 жылда бұзылады. Қайта өңдеу үшін оны балқыту керек.

**Ескерейік:** Өзіңізді темір жарақаттамасын десеніз, айналаңыздан алысқа, үйіндіге шығарып тастаңыз.

**Алюминий банкілердің** табиғатқа зияны сол, бұл да жануарларды жарақаттауы мүмкін. Себебі, көп жағдайда алюминий құтылардың жиектері үшкір болады. Бұзылу уақыты: жерде бірнеше ондаған жыл, тұщы суда бірнеше жыл, тұзды суда 1-2 жыл. Зиянсыз ету үшін оны көміп тастаған жөн.

**Ескерейік:** Зиянсыз ету кезінде пайда болатын өнім алюминий оксиді.

*Міне, аса қымбатты достар, біз біле бермейтін нәрселер баршылық. Жайшылықта байқамағанмен, тұрмыстық зат қалдықтарының белгілі бір дәрежеде табиғатқа да, адамға да тигізер залалы мол. Ал оның алдын алу немесе мүлдем болдырмау өзіміздің қолымызда.*

**ҰРПАҚҚА ҰЛЫҚТЫ ҰЛАҒАТ, ТЕРЕҢНЕН ТӘЛІМ – ТӘРБИЕ**  
(фотошежіре)



Шаризат (Шариат) Қанатұлы Қазтаев қажылықта. 2008 жыл



«Жыржыс қажы» мешітінен Ғабдулсағат Мұхаммедәлімұлына алғыс!



Тирмизи мен Шәйменнің сүйікті шөбересі Аль-Медин. Шіркін, балалық бал-дәуреп-ай! 29.12.10.



Ермек Хасенұлы Рахимов



ҚарМУ-дің ректоры академик Арыстан Мәуленұлының қолынан Құрмет Бұқпанұлының «Ұрпаққа ғибадат- өгелі тұлға» атты кітабын қабылдап алу сәті



Сғдат ата және Мақсат



Мақсаттың атасы Құрмет



Мақсат-жас ұлан



Жеті құлаш ағаш сасындағы, Анастасиякелін



Жалпақшілік



Шарбан тас



Тасбақа тас



Семізбұғы тауы



Иманбай жартасы



Тау шыңы гүлі



Керней су сарқырамасы



Аймағанбет тас



Укаша ата құдығы



Ордабай бұлағы



Бәйкүшік бұлағы

## Қолданылған әдебиеттер

- «История села Керней», Күлпаш Қықымова. Керней, 2002  
«История Сибирского ханства», «О книге А. Дж. Тойнби «Цивилизация перед судом истории» применительно к Казахстану», «Некоторые вопросы новой истории Казахстана»-Калибек Даниялов, Алматы-2003.  
«История Алаш»-Калибек Даниялов, Алматы-2006.  
«Өмірдің бел-белестері», Бахытжан Айдарханов. Алматы 2008, бет 8-11  
Ауыз әдебиеті, Бисенбеков Ақтай, Бокаев Сейдіғалым, Танашев Құрмет (Ауыл ақсақалдары). Түркістаннан келген қобызшы қыз Акерке Тәжібаева.  
«Материалы по Киргизскому землепользованию», ДГЗИ, Воронеж, 1908, стр 14  
«Атаулар сыры» Керімбаев Есенкелді. Алматы, «Қазақстан» 1984,бет 36-41  
«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы «Философия және психология» секциясы Қазақ халқының философиялық мұрасы. 19 – том. Астана: Аударма, 2006. – 536 бет.  
«Казахская национальная одежда», К.Матжан. «Аруна», бет 2-10  
«Аудан ардақтылары», Астана: Фолиант, 2008.-197 бет  
«Айгөлек» журналы №8, 2009 жыл.  
«Сарыарқа саңлақтары», Қарағанды 2007.-316б.  
«Орталық Қазақстан» газеті, «Ұлытау-ұлттың ұясы», Мағзұмбек Машайықұлы.  
«Читаем, учимся, играем», № 11, Москва-2009.  
«Абылайхан», Болатбек Нәсіров. Алматы-Новосибирск, 2005.  
«Кочевники», Ильяс Есенберлин, Алматы, 2005.  
«О новой истории Казахстана», Калибек Данияров.Алматы-2004.  
«История Великой Отечественной войны Советского Союза 1941-1945», том 4. Военное издательство Министерства Обороны Союза ССР. Москва 1964.  
«Тарихи тұлғалар», Алматы кітап баспасы 2008.  
«Қазақтың мақал-мәтелдері», «Көшпенділер» баспасы, 2006.  
«Тактика войны», Москва. 1989. Ефимов.  
«Қазақ портреттерінің тарихы», Алматы кітап баспасы 2008.  
«Жалпы биология», Алматы «Атамұра» 2009.  
Мұражайлар мұрағаттары, 2000-2009.  
Бұқар жырау аудандық «Сарыарқа» газеті.  
Қазақстанның физикалық географиясы, Алматы «Атамұра» 2008.  
«Жұлдыздар отбасы» журналы, №3 тамыз 2010 жыл. «Аңыз адам»-Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар.  
Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 2011 ж.  
«Егемен Қазақстан» газеті, №39-40 (26442), 08.02.2011. «Заман өзгергенде біз де өгеруіміз керек» (Н.Назарбаев)  
Материалы киргизскому землепользованию. 4 Павлодарский уездъ. Томъ IV-й. Воронежъ. Типо-литография В.И. Изаева, Большая Дворянская улица, д.д-ра Стольъ. 1903.  
Ботакаринский узел. Караганда 2010. Попов Ю.Г.  
Көне Көктал, байырғы Баянаула байтағының тарихы. М.Алпысбес, Т.Аршабек, Е.Хасен, Е.Кейкі. Астана 2005.  
Қазақ тарихының әліппесі. Мұхтар Мағауин. 09.04.11.

*АҚЫШ МАҚСҰТХАН ТИРМИЗИҰЛЫ*

*«Аққу-қаздар қайтқанда»*

*Қазақстан, Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Керней ауылы*

*Телефон: үй - 51-6-47; мобильді - 87759900137*

*Таралымы 200 дана*

## Мазмұны

Кіріспе .....	3
<b>I – ТАРАУ ИСЛАМ</b>	
Исламның бес парызы .....	4
Жігіттің төресі – Ермек Хасенұлы .....	6
<b>II – ТАРАУ ТЕР ТӨККЕН, ОТ КЕШКЕН ҚАН МАЙДАН</b>	
Жерім-ай, елім-ай, ұрандатқан көк байрақты ерім-ай .....	12
Мен қазақпын! .....	12
Қазақ халқының Жоңғар басқыншыларына қарсы Отан соғысы .....	15
Тарбағатай тауындағы Балқыбай баба .....	16
Жүнісбек батыр .....	17
Бәрі де есімізде .....	21
Қостанқол шайқасы .....	24
Атам қазақ .....	34
Атаңның ұлы болып тума, еліңнің ері болып ту .....	37
Отан үшін от кешкен .....	42
Освенциум концентрациялық лагерінен аман шыққан адам .....	42
Сағыныш .....	43
Дүние жалған, ойран салған .....	45
Ел үмітін ер ақтар .....	45
Сыр – сұқпат .....	45
Бауыржан Момышұлының қанатты сөздері .....	51
Мәуліт айы – Мұхаммед пайғамбарымыз туған ай! .....	58
Ұмыта алмаймыз, ұмытпаймын .....	65
Ата жауын қан құстырған атты жасақ .....	69
Жеңіс күні жасасын! .....	71
Мақсатымыз – дарабоз боп даралану .....	75
«Ұрпаққа ғибадат - өнегелі тұлға» .....	76
Рауанды рух – тәуелсіздік туы! .....	78
След тулпара не стирается .....	79
Нам не нужна война .....	80
Жить – Родине служить .....	83
Душа ветерана .....	84
Я против кровопролития и фашизма на Земле! .....	85
Дедам – достойное поколение! .....	86
Қортынды .....	89
<b>III – ТАРАУ ҚАЗАҚ ЕЛІМ-АЙ, ҚАЙРАН ЖЕРІМ-АЙ</b>	
Қазақ елім-ай, қайран жерім-ай .....	94
Бұқар жырау ауданы .....	100
Ауыл .....	100
Қыстау. Тау .....	102
Бұқар жырау ауданындағы таулар .....	103
Алғашқы кездесулер. Шоқы .....	105
Төбе. Адыр. Сай. Қия. Тас .....	106
Ағаш. Жалпақ шілік. Сарқырама. Құдық .....	107
Бұлақ .....	108
Өзен .....	110
Тоған. Су коймасы .....	111
Жергілікті көлдер .....	111
Қандыкөлім .....	112
Дүниежүзілік экологиялық ұйымдар. Туған жер .....	114
Қоқыс-қалдықтардың адам мен табиғатқа тигізер зияны .....	119
Ұрпаққа ұлықты ұлағат, тереңнен тәлім-тәрбие (фотошежіре) .....	121
Қолданылған әдебиеттер .....	123
Мазмұны .....	124